

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

А. Қ. Сарбасова, Ж. Т. Бейсенбаев

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2010

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
механика-математика факультетінің Ғылыми кеңесі
және Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған*

Пікір жазғандар:

физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор *Т.К. Аманкулов*;
техника ғылымдарының кандидаты, доцент *Л.М. Алимжанова*;
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент *Д.Т. Тоқтасынұлы*;
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент *Е.К. Қалдыбаев*

Сарбасова А.Қ., Бейсенбаев Ж.Т.

С 37 Экономика және өндірісті ұйымдастыру: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 184 б.

ISBN 9965-30-983-3

Оқу құралында қазіргі экономиканың және оның жеке субъектісінің (кәсіпорының) шешімдерін және қабылдау үрдісінің, экономикалық қорлар мен қаржылық нәтижелерді талдау істерін пайдаланудың, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру тәсілдері мен формаларының, ғылыми-технологиялық прогрестің даму мәселелері мен оның тиімділігін бағалаудың механизмдері келтірілген.

Бұл оқу құралы механика-математика факультетінің «Ақпараттық жүйелер» мамандығына арналған, бірақ оны экономикалық мамандықтарда оқытын студенттер де пайдалана алады.

С $\frac{0601010000 - 71}{460(05) - 10}$ 109 - 09

ББК 65. 01я 73

ISBN 9965-30-983-3

© Сарбасова А.Қ., Бейсенбаев Ж.Т., 2010
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2010

АЛҒЫ СӨЗ

Пән туралы мәліметтер:

Пән атауы: «Экономика және өндірісті ұйымдастыру»

Пререквизиттер:

- Экономикалық теория
- Кәсіпорын экономикасы

Постреквизиттер:

- Кәсіпорынды ұйымдастыру

«Экономика және өндірісті ұйымдастыру» пәнінің мақсаты мен міндеттері:

Пәннің оқытудың мақсаты

Рыноктық жағдайда экономиканы және өндірісті ұйымдастыруды одан әрі дамытуды жетілдіру және осы кезеңге тән жана рыноктық қағидаларды басшылыққа ала отырып экономиканы жандандыру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл жүргізілетін пәннің мақсаты ретінде өндіріс үдерісімен экономиканы, өндірісті ұйымдастыру әдістерін кәсіпкерлік негізде жана талаптармен қарастыру және мамандардың басқару білімін тереңдету қойылады.

Ұсынып отырған пәнді оқытудың негізінде студенттердің алған білімін толықтырады, өз бетімен істі шешуді және оны ұйымдастыруды тәжірибеде пайдаланады, сондай-ақ жинаған білімін іс жүзінде қолданып, кейбір қиын жағдайда оны ойдағыдай шешуге мүмкіндік алады.

Тапсырмалардың тізбе түрі және оларды орындау мерзімі:

Тізбе және тапсырма түрі (курстық жобалар, жұмыс тақырыбы, есеп-графикалық тапсырма, типтік есептер, т.б. тізбелері)

Жұмысты орындауға арналған ұсынылатын әдебиеттер саны, орындау мерзімі, бақылау формасы (тестілер, жедел сұрау, есеп беру, реферат, баяндама және т.б.)

1. ӨНДІРІСТІК ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПӘН РЕТІНДЕ. КҰРСТЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

✓ Қажетті сөздер: экономика, кәсіпорын, кәсіпшілік ортасы (предпринимательская среда), экономикалық жағдай, саяси жағдай, құқықтық орта, географиялық орта, экологиялық жағдай, институттық орта.

ЖОСПАР

- Курс пәні. ӨНДІРІСТІК ЭКОНОМИКА
- Кәсіпорын экономикасы және басқа экономикалық ғылымдар
- Курстың мазмұны
- Зерттеу әдістері

Экономика – бұл адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және экономикалық ғылымдардың барлығына ортақ объект болып табылатын адамдардың іс-әрекет аумағы.

Курс пәні

Көптеген экономикалық ғылымдардан теориялық және қолданбалы экономиканы бөліп алуға болады. Жалпылай оларды былай деп атауға болады: Ресей мен Қазақстанда – «Экономика», Батыста – «Экономикс».

Теориялық және қолданбалы экономиканың негізін құрайды:

- экономикалық дамуды зерттеу;
- жалпы халық шаруашылығының жұмыс істеуін және жеке кәсіпорынды зерттеу;
- экономикалық саясаттың принциптерін ойластыру.

Экономикалық өмірдің соңғы бас мақсаты сұраныс болғанымен, оның ең негізгі аймағы өндіріс болып табылады. Өндірістің дамуынсыз нарық болуы мүмкін емес, себебі тауардың санын өндіріс құрайды.

«Өндірістік экономика» курсының ең негізгі зерттелінетін ортасы — өндіріс, кәсіпорынның бүкіл шаруашылық өмірін түсіндіру және бейнелеу болып табылады. Өндіріс процесінің заңдарын білу негізінде практикалық өндіріс мақсаттарын жүзеге асырудың шаруашылық әдістерін ойластыруға мүмкіндігі бар.

Кәсіпорынның және басқа экономикалық ғылымдардың экономикасы

Кез келген кәсіпорын өз бетімен өмір сүре алмайды. Ол міндетті түрде түгелдей экономикамен, бір жағынан өндіріс нарығы арқылы, екінші жағынан сату нарығымен байланыста болады. Сондықтан кәсіпорын экономикасы да жеке кәсіпорындардың басқа шаруашылық бірліктерімен, нарығымен болатын қарым-қатынастарын зерттеуі керек. Осының өзінде шаруашылық процестерін жалпы және жекеше түрде қарастыру қажет.

Кәсіпорын экономикасы макро- және микроэкономикамен тығыз байланысты, бірақ олармен тең емес. Мысалы, микроэкономикалық талдау жеке кәсіпорыннан емес, нарықтың жеке кәсіпорындарына әсер ететін ықпалынан шығады және, шын мәнінде, өндірісті ұйымдастыру мен өндіріс экономикасының кәсіпорын деңгейіндегі зерттеуі бір-біріне сәйкес емес. Микроэкономикалық талдау нарықтың екі жағын да қарастырып отырады: сұраныс және ұсыныс. Ал кәсіпорын экономикасы жағынан қарасақ, сұраныс берілген өлшем ретінде қарастырылады.

Басқа жағынан, макроэкономиканың мәселелері ретінде қарастырылған, мысалы, бағаның өндірістік факторларға әсер етуі, халықтық табыстың өндірілуі және үлестірілуі және т.с.с., кәсіпорын экономикасы үшін есепке алынуға берілген шама болып саналады. Тұтынұшылар құрылымының өзгеруі, демографиялық ауытқулар, халықтық табыстың өзгеруі, техникалық прогресс және басқа да кез келген халық шаруашылығының өзгерістері кәсіпорындағы жағдайдың өзгеруіне әкеліп соғады.

Және де керісінше, кәсіпорын экономикасының зерттелінетін объектілері, мысалы, өндіріс шығындары, макроэкономика үшін зерттелуге және есептеуге керек мәліметтер болады.

Сонымен, кәсіпорын экономикасы кәсіпорын іс-әрекетін, ойластыру процесін және шаруашылық шешімдерін қабылдауын зерттейтін *экономиканың жеке пәні* болып есептеледі.

Кәсіпорын белгілі бір кәсіпкерлік ортада жұмыс істейді, бұл орта оның бүкіл іс-әрекетіне әсер етеді.

Кәсіпкерлік орта күрделі экономикалық және саяси жағдаймен, құқықтық, технологиялық, әлеуметтік-мәдени, географиялық, экологиялық жағдайлармен, сонымен қатар, институциялық және ақпараттық жүйелердің жағдайларымен сипатталады.

Экономикалық орта — халықтың табысын және сату қабілеттігінің деңгейін, кәсіпкердің экономикалық тәуелсіздігінің дәрежесін, қаржыландыру мүмкіндігін, жұмыссыздық деңгейін, қаржылық ресурстардың қаншалықты ашық болуын және басқа да экономикалық факторларды сипаттайды.

Саяси жағдайды басқару үкіметтің мақсаттарына тәуелді. Түрлі экономикалық саясаттарды жүргізе отырып, мемлекет түрлі салаларда және аймақтарда кәсіпорынның дамуының қарқындылығына (дамуын баяулатып, не керісінше, тоқтатып) беделді ықпал етеді.

Құқықтық орта кәсіпорындардың саудагерлік, өндірістік, қаржылық, салықтық, ақпараттық және инвестициялық орталардың жұмысын реттейтін

заңдар мен басқа да нормативті актілер жүйесімен сипатталады. Кәсіпорынның тұрақтылығы кәсіпкерліктің құқықтық базаларының даму деңгейіне тәуелді.

Кәсіпшіліктің іске асырылатын географиялық ортасын табиғи жағдайлар арқылы анықтайды, мысалы, шикізаттың қаншалықты жақын болуы, энергетикалық ресурстар, ауа-райлық және маусымдық жағдайлары, автомагистральдардың, теміржолдардың, теңіз және әуе жолдарының бар болуы. Өнеркәсіпті орналастыру жерін анықтағанда, шикізатты әкелу схемаларын жасағанда, дайын өнімдерді үлестіргенде және т.б. географиялық факторлар ескеріледі.

Экологиялық орта қоршаған ортаның қалпын, экологиялық қаупінің дәрежесін, қоршаған ортаны ластайтын кәсіпорындарға қарсы қолданылатын шаралар мен бақылау жүйелерінің даму дәрежесінің қалпын бейнелейді. Осындай және басқа да экологиялық факторларды ескеріп, өнеркәсіп белгілі бір технологияны, шикізатты және өнімді таңдайды.

Институттық орта түрлі институттардың (ұйымдардың) бар болуымен сипатталады. Олардың көмегімен әр түрлі іскерлік операциялар, кәсіби қарым-қатынастар орнатылады.

Осындай институттарға банкілер, биржалар, кепілдік компаниялар, фирмалар, әр түрлі жоғарғы деңгейдегі қызмет көрсететін орындар (заңгерлік, бухгалтерлік, аудиторлық және т.б.), жарнама агенттіктері, жұмысқа орналасу бюролары және т.б. жатады. Кәсіпорын өз құзыретінде тек қана шаруашылық мәселелерімен айналысып қана қоймай, сонымен қатар техникалық, құқықтық, әлеуметтік, психологиялық және әдет-ғұрыптық сұрақтарды да қарастырады. Бұл әр түрлі әлеуметтік ғылымдар мен арнайы экономикалық пәндерді зерттеу аймағы болып табылады. Кәсіпорынды ұйымдастырғанда осы шешімдер мен қорытындыларды ескерген жөн.

Курстың мазмұны

Кәсіпорын экономикасының зерттелінетін негізгі объектілері – бұл:

- кәсіпорынның өндіру құрылымы, өнеркәсіптің өндіру типтері, өндіру циклін ұйымдастыру;
- кәсіпорынды басқару процесін ұйымдастыру;
- шаруашылық стратегиясын таңдау, өнімді өндіру және сату жоспарын ойластыру;
- капиталды жинау, жұмсау және кәсіпорынның табыстарын жинақтау;
- өндірісті материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету, яғни шикізаттарды, материалдарды әкелу және оларды дұрыс, рационалды жұмсау;
- өндірісті техникалық жағынан даярлау және қажет өндіріс инфрақұрылымын құру;
- өндіріс шығындарын құру, өнімнің бастанқы бағасын есептеу, кәсіпорынның бағалық саясаты;
- қаржылық ресурстар, кәсіпорын, шаруашылық іс-әрекеттерінің тиімділік, кәсіпкерлік қаупін бағалау;

- кәсіпорындардың инновациялық іс-әрекеті, өнім сапасы, кәсіпорынның инвестициялық саясаты, экологиялық мәселелер;
- кадрларды дайындау, жұмысқа алу, еңбекті ұйымдастыру, жалақы төлеу жүйесі және еңбек өнімін жоғарылатуына әсер ету;
- кәсіпорынның сыртқы экономикалық іс-әрекеттері.

Зерттеу әдістері

Кез келген басқа ғылымдар сияқты кәсіпорын экономикасының да зерттеу және мазмұндаудың ерекше тәсілдері бар.

Қолданбалы пән бола отыра, кәсіпорын экономикасы қолданбалы экономикалық ғылымдарға тән зерттеу әдістерін кеңінен қолданылады. Олардың тек кейбіреулеріне қысқаша сипаттама беріп өтсек:

Экономикалық зерттеулерде *статистикалық бақылау әдістері* мен *салыстырмалы талдаудың* үлкен мәні бар. Олар жекеше және жалпылық экономикалық көрсеткіштерді салыстыруға және жинастыруға, кәсіпорынның өсу динамикасын талдауға, ең жақсы нәтижелерін анықтау үшін кәсіпорынның жетістіктерін басқа бәсекелес субъектілермен салыстыруға мүмкіндік береді.

Шаруашылық өндірістің стратегиясын құру негізінде әр түрлі ықтималдық және жорамалдық әдісті қолдану қажет, олар өндірістік есептерді шешкен кезде қолданылады.

Кәсіпорын экономикасын теориялық және қолданбалы талдау кезінде математикалық модельдер, әр түрлі экономикалық көрсеткіштер арасындағы байланыстарды жақсы байқау үшін және экономикалық жағдайлардың ықпалынан болатын олардың «іс-әрекетін» бағалау үшін *графикалық бейнелеу* әдістері кеңінен қолданылады.

Кәсіпорын экономикасында *экономика-математикалық модельдерді* қолдану 2 мүмкіндіктен шығады: олар, біріншіден, кәсіпорын арқашан пайданы максимизациялауға ұмтылады, екіншіден, кәсіпкер жұмыс істейтін нарықтық орта барлық нарықтық субъектілерге тікелей әсер ететін қарқынды орта болып табылады.

Бүгінгі таңда кәсіпорын жұмысының жақсы жүзеге асуын ең болмағанда 3 негізгі жағдайдың қисынды бірігуі шартында қамтамасыз етеді:

- жалпыэкономикалық теорияны білу;
- нақты экономикалық білім мен дағдының бар болуы;
- кәсіпорындық және аналитикалық есептеулер мен жорамалдаулар және т.б. үшін түрлі жиынтық әдістерді қолдана білу.

«Өндірістік экономика» курсы «Кәсіпкерлік экономикасы», «Маркетинг», «Бухгалтерлік есеп және шаруашылық іс-әрекетті талдау», «Өндірістік қаржы», «Өндірістік статистика» және т.б. пәндермен тығыз байланысты.

Сонымен, қорытындылай келе, келесідей тұжырымдамалар жасауға болады:

1. Кәсіпорын экономикасы басқа да экономикалық ғылымдармен тығыз байланысты, олар: макро және микроэкономика, менеджмент және маркетинг теориясы, статистика, бухгалтерлік есеп және т.б.

2. Осы ғылымды зерттеу пәні – кәсіпорынның іс-әрекеті, жүзеге асыру және шаруашылық шешімдерді қабылдау процесі.

3. Кәсіпорынның өндіріс әрекеттері, оның экономикалық ресурстарын және өндірістің негізгі факторларын ұйымдастыру мен қолдану механизмі зерттеудің негізгі объектісі болып табылады.

4. Кәсіпорын белгілі бір кәсіпшілік ортада жұмыс істейді және оның бүкіл әрекет жақтарына әсер етеді. Кәсіпорынның даму стратегиясын жүзеге асыру кезінде оның қалпын, даму мүмкіндігін, динамикасын, түрлі әсер ету бағыттарын ескеру қажет.

5. Салыстырмалы талдау әдісі, статистикалық, графикалық, ықтималдық әдістер, жорамалдау және басқа да экономикалық ғылым әдістері кәсіпорын экономикасында кеңінен қолданылады. Нақты экономикалық білімсіз, оларды практика жүзінде қолдана алмай, экономикалық заңдарды білмей дұрыс шаруалық шешімдерді қабылдау мүмкін емес.

Бақылау сұрақтары

1. Өндірістік экономика нені зерттейді?
2. Кәсіпорын экономикасының басқа экономикалық және әлеуметтік ғылымдармен қандай байланысы бар?
3. Кәсіпкерлік ортаның кәсіпорын іс-әрекетінде атқаратын рөлін бейнелеңіз.
4. Экономикалық ғылымдарға қатысты зерттеу әдістерінің қайсысы кәсіпорын экономикасы үшін маңызды болып саналады?

Тест тапсырмалары

1. Экономика - бұл ... аймағы.
А) технологиялық іс-әрекет
Б) техникалық іс-әрекет
В) адамдардың іс-әрекеті
Г) технологиялық және адамдардың іс-әрекеті
Д) техникалық және адамдардың іс-әрекеті
2. Теориялық және қолданбалы экономиканың негізін мыналар құра алмайды:
А) экономикалық дамуды зерттеу
Б) экономика саясатының принциптерін тексеруді ұйымдастыру
В) жалпы халық шаруашылығының және жеке кәсіпорындардың (фирмалардың) жұмысын зерттеу
Г) сыртқы экономикалық дамуды зерттеу және экономикалық саясаттың принциптерін анықтау
Д) экономикалық дамуды зерттеу және экономикалық саясаттың принциптерін анықтау
3. Экономикалық өмірдің соңғы мақсаты не болып табылады?
А) тұтыну
Б) сұраныс
В) ұсыныс

- Г) табыс
- Д) өндіріс процесі

4. Микроэкономикалық талдау мыналарды қарастырады:

- А) тұтыну
- Б) сұраныс
- В) ұсыныс
- Г) сұраныс және ұсыныс
- Д) кәсіпорын

5. Институциялық орта мыналардың бар болуымен сипатталады:

- А) мектептер, колледждер, академиялар, университеттер, институттар
- Б) жарнама агенттіктер, жұмысқа орналастыратын бюролар
- В) банкілер, сақтандыру компаниялары, биржалар
- Г) заңгерлік, бухгалтерлік, аудиторлық және т.б. қызмет көрсету фирмалар
- Д) жарнама агенттіктері, жұмысқа орналастыратын бюролар, заңгерлік, бухгалтерлік, аудиторлық және т.б. қызмет көрсету фирмалары, банкілер, сақтандыру компаниялары, биржалар

6. Кәсіпорын экономикасында *экономика-математикалық модельдерді* қолдану 2 мүмкіндіктен шығады:

- А) кәсіпорын әрқашан пайданы максимизациялауға ұмтылады және де кәсіпкер жұмыс істейтін нарықтық орта қарқынды орта болып табылмайды
- Б) кәсіпорын әрқашан пайданы максимизациялауға ұмтылады және де кәсіпкер жұмыс істейтін нарықтық орта қарқынды орта болып табылады
- В) кәсіпорын әрқашан пайданы минимизациялауға ұмтылады және де кәсіпкер жұмыс істейтін нарықтық орта қарқынды орта болып табылады
- Г) кәсіпорын пайданы максимизациялауға кей жағдайларда ғана ұмтылады
- Д) кәсіпкер жұмыс істейтін нарықтық орта қарқынды орта болып табылады

7. Зерттеудің негізгі объектілері мыналар болып табылады:

- А) кәсіпорынның өндіріс әрекеттері
- Б) кәсіпорынның экономикалық ресурстарын және өндірістің негізгі факторларын ұйымдастыру механизмі
- В) кәсіпорынның өндіріс әрекеттері, оның экономикалық ресурстарын және өндірістің негізгі факторларын ұйымдастыру және қолдану механизмі
- Г) кәсіпорынның өндіріс әрекеттері, оның экономикалық ресурстарын және өндірістің негізгі факторларын қолдану механизмі
- Д) кәсіпорынның өндіріс әрекеттері, оның экономикалық ресурстарын және өндірістің негізгі факторларын ұйымдастыру механизмі

2. МЕКЕМЕНІҢ АЙНАЛЫМ ҚАРАЖАТЫ

✓ **Қажетті сөздер:** айналым қаражаты, айналым капиталы, айналым активтері, айналым өндіріс фонды, айналым қаражатын нормалау, транспорттық, ағымдық, резервті және сақтандыру қорлары, айналыс коэффициенті, қамтамасыздық көрсеткіші, айналым уақытының көрсеткіші.

ЖОСПАР

- Айналым қаражат ұғымы, құрамы мен құрылымы
- Айналым қаражатын нормалау
- Мекеменің айналым қаражатын қолданудың артықшылығы

Айналым қаражат ұғымы, құрамы мен құрылымы

Нарықтық экономикадағы қайта жаңғырту бағаның қозғалысы мен қолданбалы бағанын бірлігін көрсетеді. Өндіріс кезеңінен өнімді шығару кезеңіне дейін екі процесс сәйкестенеді: қолданбалы баға мен баға бірге қозғалады, қолданбалы бағаны қалыптастыру бағаны қалыптастырумен пара-пар.

Осы процестердің сәйкестенуі шегі өнімнің (тауардың) іске асуы болып табылады. Осы сәттен бастап өнімнің материалды түрде қозғалысы мен оның бағасының қозғалысы бөлек жүретін болады. Қолданбалы баға ретінде өнім өндірістен қолданысқа, я қорға түседі. Іске асқан баға екі бөлімнен тұрады: өндірістің аванс ретінде алған қаражатын қайтарады, ал басқасы түсімді қалыптастырады.

Үлкен бөлігін айналым қаражаты құрайтын баға қозғалысының тез және жай жылжуы тікелей мекеме іс-әрекетінің қаражат нәтижесіне әсер етеді.

Айналым қаражаты (айналым капиталы, айналым активі) дегеніміз – әрбір айналымнан соң алғашқы қалпына келетін және үзіліссіз ақшалай қаражаттың айналасын қамтамасыз ететін айналым өндіріс фонды мен айналыс фондына тіреу болатын ақшалай қаражаттардың жиыны.

Айналым өндіріс фонды дегеніміз – әрбір өндіріс циклінде толығымен қолданылатын және де өз бағасын толығымен дайын өнімге ауыстырып әрбір циклдан соң анық түрінде, сондай-ақ баға ретінде қайта жаңаратын өндіріс қаражатының бөлігі.

Айналым өндіріс фондының бағасына жұмыс заттарының бағасымен қатар (негізгі материалдар, шикізат, жылу, қосымша материалдар), кейбір жұмыс жабдықтарының (қызмет ету мерзімі бір жылдан аспайтын, құны аз және тез тозатын заттар) бағасы да кіреді.

Сондай-ақ, айналым фондына аяқталмаған өндіріс, өзі дайындайтын жартылайфабрикаттар және алдағы уақыттың шығындары жатады.

Аяқталмаған өндіріс пен өзіндік жартылайфабрикаттар дегеніміз – өндіріс процесіне түсіп, өңделіп немесе жиналып жатқан жұмыс заттары: материалдар, бөлшектер, түйіндер мен бұйымдар, сондай-ақ бір цехта толығымен аяқталмай сол өнеркәсіптің басқа цехында әрі қарай өңделетін өзіндік жартылайфабрикаттар.

Алдағы уақыттың шығындары дегеніміз – осы сәтте өндіріліп жатқан, бірақ алдағы уақыттың өніміне жататын жаңа өнімдерді дайындауға және иемденуге кеткен шығындар кіретін айналым фондының элементі.

Айналым фонды дегеніміз – айналыс ортасында жұмыс атқаратын және түсірілген, бірақ төленбеген дайын өнім қорына салынған мекеме қаржысы, сондай-ақ кассадағы және мекеменің шотындағы ақшалай қаражаттар кіреді. Айналым қаражатының құрамы мен классификациясы 2.1-суретте келтірілген.

Айналым фонды өнім өндірісіне шығындалады және өз бағасын соған ауыстырады. Айналым қаражаты өндіріске салынбайды, тек ақшалай түрде авансқа беріледі және өнім іске асқан соң айналысты қайталау үшін өз қалпына келеді.

Айналым қаражаты мен айналым фондының айырмашылығы айналымның әрбір тежелуінде көрініс табады. Айналым қаражаты қозғалысының жылдамдығы мекеменің жабдықталуына, өндіріске және де әр түрлі банк жүргізетін есептеулерге байланысты болады.

Егер *фондтың қозғалысы тежелсе*, яғни мекемеге сапаға сай емес шикізат түссе; өндірісте кеміс өнім саны артса; кейбір жабдықтардың істен шығуына байланысты өндіріс көлемі азайса; дайын өнім базарда өз қолданысын таппаса, онда *айналым қаражаты да өз қозғалысын тежейді*. Мекемеде айналым фонды қажет мөлшерден артық болуы мүмкін, ал айналым қаражаты үнемі жетіспеушілікте, бұл жағдай өз кезегінде өндірісте қосымша қиыншылықтарды тудырады.

Айналым қаражаты сол мекеменің сатып алатын материалды құндылықтары мен істелінетін жұмысқа және қызмет көрсетуге кеткен төлемдерінен дайын өнімді сатып алушылардан мекемеге түскен төлемдерге дейін қозғалады. Осы процестердің көлемі мен жылдамдығын айналым қаражатының қозғалысы анықтайды. Сондай-ақ, айналым жылдамдығына шикізат пен материалды жеткізу графигінің орындалуы, мекемедегі технологиялық процестердің ұйымдастырылуы, өндірілген өнімнің және басқа тауарлар мен қызмет көрсетудің төлемдері әсер етеді.

Айналым қаражатының функциясы мекемеге түскен материалды құндылықтар мен көрсетілген қызмет үшін аванс ретінде бөлінген ақшалай қаражаттан алынған төлемнен, сондай-ақ мекемедегі баға айналысының есеп-ақы қызмет көрсетуінен тұрады.

Мекеменің өндіріс-шаруашылық әрекеті есеп жасау режиміне әсер етеді. Өндіріс қорларын көбейту төлемнің өсуіне әкеледі, аяқталмаған өндірістің өсуі – іске асыруды тежейді, яғни ақша түсімін азайтады. Өндіріс процесін тездету, қорды азайту, іске асыруды өсіру – ақша түсімін арттырады. Әрбір уақыт мезетіндегі төлемдерде және ақшалай қаражаттың түсімдерінде мекеменің

айналым қаражатының қозғалысы көрініс табады. Егер әрбір уақыт мезетінде айналым фондының қозғалысы қайта жаңғыртудың материалды факторларының айналымын көрсетсе, онда айналым қаражатының қозғалысы ақшалай қаражаттың айналымын көрсетеді.

Нарықтық экономикаға өту бір мезгілде жоғарғы инфляциямен байланысты болса, онда ол мекеменің айналым қаражаттарының жоғалуына әкеледі. Мекеме шикізаттар мен материалдарды сатып алғанда олардың құнын өнімнің өз бағасында ескереді. Өнімді өндіріп іске асырған соң мекеме жаңа шикізаттар мен материалдар сатып алады, алайда олар енді жаңа инфляцияны ескере отырып қойылған бағамен алынады. Осылайша, айналым қаражатының шығынын түскен табыс ессінен немесе өнім бағасын арттыру арқылы жабуға болады, алайда бұл басқа өндірушілерге деген қарсыластықты төмендетеді.

2.1-кестедегі деректерден мекемелердегі айналым қаражат құрылымының өзгерісі қор бөлігі мен бос ақша қаражатының азаюына байланысты болатындығы көрінеді. Мекеменің әр өндіріс саласындағы айналым қаражатының құрылымы әр түрлі болады. Талдаудың қорытындысы бойынша, ең үлкен бөлігін, мысалы дебиторлік қарыздың үлкен бөлігі электроэнергетика, машинақұрылыс мекемелеріне, ал ең аз бөлігі жеңіл және тамақ өнеркәсібіне сай келеді.

Мекеменің жақсы өсіп-өнуін қамтамасыз етуде айналым қаражаттың жоспарлау үлкен рөл атқарады.

Айналым қаражаттың жоспарлау – қажеттіліктің алғашқы және соңғы көрсеткіштерін, сондай-ақ жоспарлау периодында сол қажеттіліктің әрбір маңызды өзгеріс (өсу, түсу) көрсеткіштерін ескеру қажет. Егер біз белгілі бір уақыт аралығындағы айналым қаражатына деген қажеттілікті өседі деп жорамалдасақ, онда күтілетін қаржылық мүмкіншіліктерді де жоспарлау қажет. Тіпті айналым қаражатына деген қажеттіліктің уақытша қысқаруын мекеменің жоспарында көрсету қажет, себебі сол уақытта босайтын қаражатты, мысалы, мекемеге белгілі бір табыс әкелетін қысқа мерзімді құнды қағаздарды сатып алу үшін жұмсауға болады.

2.1-кесте

Өнеркәсіптегі айналым активтерінің құрылымы

	1993	1995	1998	2000
Айналым қаражаты, барлығы	100.0	100.0	100.0	100.0
Соның ішінде:				
Қорлар мен шығындар	39.7	42.4	26.5	31.7
Олардан:				
өндіріс қорының қалдық бағасы	17.8	16.6	12.6	16.7
аяқталмаған өндірістегі шығындар	7.2	10.6	5.7	6.2
алдағы уақыттың шығындары	0.5	0.5	0.7	0.8
дайын өнім және қайта сатылатын тауарлар	11.8	10.7	5.4	6.6
қайта түсірілген тауарлар	-	-	2.0	1.3
Қысқа мерзімді қаржылық салымдар	1.1	1.7	6.7	10.0
Ақша қаражаты	8.4	2.5	2.6	3.8

Басқа сөзбен айтқанда, айналым қаражатын жоспарлау – күнтізбенің бір нұсқасы, оның әрбір уақытына мекеменің айналым қаражатына деген қажеттіліктің алғашқы мөлшері мен алда болатын өзгеріс көрсетіледі.

Айналым қаражатын нормалау

Айналым қаражатын нормалау екі негізгі мәселені шешеді. Біріншісі – мекеменің айналым қаражатының көлемі мен материалды құндылықтарының минималді қажет қорын қамтамасыз ететін қаржыға деген қажеттілік арасындағы сәйкестікті үнемі ұстану. Екінші мәселе әлдеқайда қиынырақ: нормалау көмегімен қор көлемін басқару қажет.

Нормалаудың бірінші этапы нормаланатын айналым қаражатының әрбір элементі бойынша қор нормасын құру.

Айналым қаражатының нормалары мекеменің жұмыс шарттарымен анықталатын болады, дәлірек айтсақ: өндіріс циклінің ұзақтылығымен; өндіріске материалды дайындау уақытымен; қалдықтарды қолдану ретімен; жабдықтаушыларды территориялды орналастырумен; жабдықтаудың бірқалыптылығымен және жиілігімен; жеткізілетін материалдар мен өнімдердің мөлшерімен; т.б.

Айналым қаражатының нормативі келесі көрсеткіштерінен анықталады: өнімнің өндіріс және іске асырылу көлемінен; өндіріс шығындарынан; тауар-материал түрі бойынша айналым қаражатының нормасынан.

Осы факторлар мекеменің айналым қаражатына деген қажеттіліктің бір жағын – мекеменің *ішкі қажеттілігін* анықтайды. Сондай-ақ, транспорт пен жабдықтаушылардың жұмысына тәуелді *сыртқы жағы* да бар.

Айналым қаражатын нормалау үш негізгі позициямен іске асады:

- Шикізатқа, материалға, сатып алынатын бұйымдарға айналым қаражатын нормалау;

- Аяқталмаған өндіріске айналым қаражатын нормалау;

- Дайын өнімге айналым қаражатын нормалау.

Шикізатқа, материалға, сатып алынатын бұйымдарға айналым қаражатын нормалау келесілерден тұрады:

- Мекеменен төленген материалды құндылықтардың жолда болу уақытынан (транспорттық қор);

- Материалдарды мекемеге жеткізу, түсіру, қабылдау, қорға өткізу уақытынан;

- Өндіріске материалды дайындау уақытынан;

- Материалдардың қазіргі және сақтандыру қордың құрамында келу уақытынан.

Шикізатқа, негізгі материалдар мен сатып алынатын заттарға деген айналым қаражаты нормаларының бірінші элементі – **транспорттық қор** – материалдардың жабдықтаушыға қажет төлемдерді жасаған уақыттан жүктің қолданушы қоймасына келіп түскенге дейінгі жолда болуын қамтиды.

Белгілі бір уақыт аралығында материалды құндылықтар өндіріс сферасынан алынады, жабдықтаушы оларды қолданушыға жібереді де пайдалана алмайды,

ал сатып алушы ол тауарды әлі алмағандықтан оны қолдана алмайды. Дәл осы материалды құндылықтардың өндіріс сферасынан ауытқу уақытына жабдықтаушы үшін де, сатып алушы үшін де айналым қаражаты қажет болады.

Жабдықтаушы өнімді жүктегенде әртүрлі транспортпен материалды құндылықтардың қозғалысы (материал-айналым) және төлем құжаттарының қозғалысы (құжат-айналым) бір уақытта басталады. Алайда материалды құндылықтардың қозғалысы төлем құжаттарының қозғалысынан уақыт жағынан сәйкес келмеуі мүмкін.

Мүмкін болатын келесі жағдайларды атап кетейік:

- мекеме төлем құжаттарын алып, шикізат, материал, жартылайфабрикаттардың құнын төлейді, бірақ материалды құндылықтар әлі түскен жоқ. Осы жағдайда мекемеге қандай да бір уақыт жолда болатын материалды құндылықтарға төленетін белгілі бір көлемде айналым қаражаты қажет;

- төлем құжаттары мен материалды құндылықтар бір уақытта түседі;

- материалды құндылықтар төлем құжаттарына қарағанда ертерек келеді;

Екінші және үшінші жағдайларда мекемеге жолдағы материал төлемдері үшін айналым қаражаты қажет емес.

Жолдағы материалдың бағасынан және есеп-деректері бойынша алынған материалдардың шығынынан транспорттық қордың көлемі есептелінеді.

Шикізат, негізгі материалдар мен сатып алынатын бұйымдар үшін **айналым қаражат нормасының екінші элементі** материалдарды қабылдауға, түсіруге, сорттауға және қоймаға қосуға қажет уақыт.

Ереже бойынша, бұл уақыт хронометраж жолымен немесе осы операцияларды техникалық нормалау жолымен анықталады. Айтылған норма бірнеше факторларға байланысты: материалды-техникалық қамтамасыздандырудың ерекшеліктері, түсіру-жүктеу жұмыстарының ұйымдастырылуы, т.с.с. Сондай-ақ, материалдың түрі мен безендірілу ерекшелігі де үлкен әсер етеді.

Ағымдағы қор айналым қаражат нормасының негізгі бөлігі болып табылады. *Ағымдағы (қоймадағы) қор* - өнімге жіберуге толығымен дайын тұрған материалдар қоры, оның қызметі – мекеменің өндіріс әрекеттерінің үзіліссіздігін қамтамасыз ету, ал оның көлемі шикізаттар мен материалдардың түсу жиілігіне байланысты.

Айналым қаражат нормасының тағы бір элементі резервті және сақтандыру қоры болып табылады. Ол айналым қаражатына әсер ететін кездейсоқ факторларға төтеп беруі қажет.

Экономикалық және методикалық әдебиеттерде сақтандыру қорының нормасы қазіргі уақыттағы қор нормасының 50% көлемін алу керек делінген.

Аяқталмаған өндіріске әр түрлі өңдеу стадиясындағы өнімдер жатады. Ол шикізатқа, негізгі және қосымша материалдарға, жылуға, электроэнергияға және басқа да заттарға жұмсалатын шығындарды жабуға аванс ретінде бөлінген ақша қаражатының көлемімен анықталады. Ал осы **ақша қаражатының көлемі** өндіріс циклінің ұзақтылығына, дайындалған өнімнің өз бағасына және өндіріс процесінде шығынның өсу қарқынына байланысты. Аяқталмаған өндірісте жұмсалатын айналым қаражатының көлемін есептеу қиын болғанымен,

айналым қаражатының толық көлемін есептеуде қажет болады. Айналым қаражат нормасы келесі формуламен анықталады:

$$H_{\text{ип}} = Z * T_{\text{цд}} * k,$$

мұндағы: Z – орташа күндік шығын, тг; $T_{\text{цд}}$ – өндіріс циклінің ұзақтылығы; K – шығынның өсу коэффициенті.

Өндіріс периоды немесе өндіріс циклінің ұзақтылығы, мысалы, көлік шығару өндірісінде машинаның бірінші бөлшегін өндіріп шығарған уақыттан дайын көлік шығару уақытына дейін созылады.

Егер өндіріс шығыны бір калыпты өссе, шығынның өсу коэффициенті:

$$k = (M + 0,5P_n) / C,$$

формуласымен есептеледі.

Мұндағы: M – негізгі материалға жұмсалатын жоспарлық шығын; P_n – шығынның басқа да элементтері; C – өнім бірлігінің өз бағасы.

Дайын өнімге деген айналым қаражат нормасы – айналым қаражат нормасының ең соңғы элементі болып табылады. Оған өндіріс циклінен өтіп, техникалық сынақ бөлімімен қабылданған және дайын өнімдер қоймасына өткізілген бұйымдар жатады.

Дайын өнімге деген айналым қаражат нормасы дайын өнімді қоймаға қабылдаған уақыттан тапсырыс берушінің төлеміне дейінгі уақытпен анықталады, сондай-ақ келесі факторларға байланысты болады:

- дайын бұйымдарды цехтан қабылдауға қажет уақытымен түсіру ретіне;
- берілген тапсырысқа немесе құрылған келісімге байланысты бұйымдарды жинақтап, таңдауға қажет уақытқа;
- өнімді жинақтап-түйіп, маркілеуге қажет уақытқа;
- жинақтап-түйілген өнімді мекеменің қоймасынан теміржол станциясын немесе басқа жерге жеткізуге қажет уақытқа;
- Өнімді көлікке жүктеу уақытына, өнімнің қоймада сақталу уақытына.

Қоймадағы дайын өнім қорындағы айналым қаражатының нормативі:

$$O_{\text{гп}} = V_d * H_{\text{гд}},$$

мұндағы V_d – өндірістік бағамен есептегендегі әрбір бұйымның орташа күндік шығарылымы, теңгемен; $H_{\text{гд}}$ – айналым қаражат нормасы (күнмен).

Мекеменің айналым қаражатын қолданудың артықшылығы

Мекеменің айналым қаражатын қолдану тиімділігінің дәрежесі келесі көрсеткіштермен сипатталады: айналым жылдамдығы немесе айналыс коэффициенті, бір айналым ұзақтылығы мен уақыты, айналым қаражатының бір айналысының бекіту коэффициенті.

Айналым қаражатын қолдану тиімділігінің ең маңызды факторы айналым қаражатының айналысын сипаттайтын айналу коэффициенті болып табылады. Ол белгілі бір аралықтағы айналым қаражатының айналу санын көрсетеді:

$$K_{OB} = Q_p / \Phi_{0.0CT.CP},$$

мұндағы Q_p – сол аралықта іске асырылған өнім көлемі, мың теңгемен; $\Phi_{0.0CT.CP}$ қарастырылып отырылған периодтағы айналым қаражатының қалдығы, мың теңгемен.

Айналым қаражатын қолдану тиімділігін талдау барысында айналым уақытының көрсеткіші, яғни күнмен өлшенетін бір айналым ұзақтылығы кеңінен қолданылады:

$$T_{OB} = \Phi_{0.0CT.CP} * F_k / Q_p,$$

мұндағы F_k — қарастырылып отырған аралықтағы күнтізбелік күндер саны.

Айналым қаражатының соммасымен анықталатын, іске асырылған өнімнің 1 теңгесіне келетін айналыстағы айналым қаражатының бекіту коэффициенті былай есептеледі:

$$K_{3OB} = \Phi_{0.0CT.CP} / Q_p.$$

Қандай да бір күнтізбелік аралықта айналым қаражатының көлемі өзгеріп тұрады, сондықтан орташа хронологиялық формуламен анықталатын **айналым қаражатының орташа қалдық көрсеткіші** сәйкесінше есептеулерде қолданылады.

Мекеменің айналым қаражаты әртүрлі қаражат көзінен қалыптасатындықтан (табыс, кредиттер, акционерлік капитал, бюджеттік қаржы т.б.), **өз айналым қаражатымен қамтамасыздығының көрсеткіші** мекеме үшін маңызды болып табылады. Ол өзіндік айналым қаражат соммасының жалпы айналым қаражат соммасына қатынасымен есептеледі.

Айналым қаражатын қолдану тиімділігін талдау арқылы айналысқа түскен айналым қаражатының көлемін анықтауға болады.

Бақылау сұрақтары

1. Айналым қаражатының анықтамасын беріңіз.
2. Мекеменің айналым қаражат құрылымына не кіреді?
3. Мекеменің айналым өндіріс фондының құрылымы жайлы айтып беріңіз.
4. Айналыс фонды дегеніміз не және оның құрылымы қандай?
5. Айналым қаражатының жетіспеушілігі мекеменің жұмысына қалай әсер етеді?
6. Айналым қаражатын нормалаудың мәні неде?
7. Айналым қаражатының нормасы қандай құраушылардан құрылады?
8. Материалды құндылықтар мен сәйкесінше құжаттардың қозғалысы қалай жүреді?
9. Мекеменің айналым қаражатын қолдану тиімділігі қалай бағаланады?
10. Айналу коэффициенті қалай есептеледі және нені білдіреді?

11. Айналым қаражатының орташа қалдығы дегеніміз не?
12. Белгілі бір аралықта мекемеге қажет айналым қаражат көлемін қалай анықтауға болады?

Тест тапсырмалары

1. Айналым қаражаты -
А) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға аванс ретінде берілетін ақшалай қаражаттың жиынтығы
Б) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға ұсынылатын ақшалай қаражаттың жиынтығы
В) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға аванс ретінде берілетін материалды қаражаттың жиынтығы
Г) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға ұсынылатын материалды қаражаттың жиынтығы
Д) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға аванс ретінде берілетін ақшалай және материалды қаражаттың жиынтығы
2. Айналым капиталы - ...
А) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға аванс ретінде берілетін ақшалай қаражаттың жиынтығы
Б) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға ұсынылатын ақшалай қаражаттың жиынтығы
В) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға аванс ретінде берілетін материалды қаражаттың жиынтығы
Г) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға ұсынылатын материалды қаражаттың жиынтығы
Д) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға аванс ретінде берілетін ақшалай және материалды қаражаттың жиынтығы
3. Айналым активі - ...
А) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға аванс ретінде берілетін ақшалай қаражаттың жиынтығы
Б) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға ұсынылатын ақшалай қаражаттың жиынтығы
В) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға аванс ретінде берілетін материалды қаражаттың жиынтығы
Г) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға ұсынылатын материалды қаражаттың жиынтығы
Д) айналым өндіріс фонды мен айналыс фондын құруға аванс ретінде берілетін ақшалай және материалды қаражаттың жиынтығы
4. Айналым өндіріс фонды - ...
А) әрбір өндіріс біртіндеп қолданылатын және де өз бағасын толығымен дайын өнімге ауыстыратын өндіріс қаражатының бөлігі
Б) әрбір өндіріс циклінде біртіндеп қолданылатын және де әрбір циклдан соң анық түрінде, сондай-ақ баға ретінде қайта жаңаратын өндіріс қаражатының бөлігі

В) әрбір өндіріс циклінде біртіндеп қолданылатын және де өз бағасын толығымен дайын өнімге ауыстырып әрбір циклдан соң анық түрінде, сондай-ақ баға ретінде қайта жаңаратын өндіріс қаражатының бөлігі

Г) әрбір өндіріс циклінде толығымен қолданылатын және де өз бағасын толығымен дайын өнімге ауыстырып әрбір циклдан соң анық түрінде, сондай-ақ, баға ретінде қайта жаңаратын өндіріс қаражатының бөлігі

Д) әрбір өндіріс циклінде толығымен қолданылатын және де өз бағасын толығымен дайын өнімге ауыстыратын өндіріс қаражатының бөлігі

5. Аяқталмаған өндіріс пен өзіндік жартылайфабрикаттар – дегеніміз өндіріс процесіне түскен заттары: . . .

А) жинау-өңдеу процесіндегі және сол мекеменің басқа цехында әрі қарай өңделетін материалдар, бөлшектер, түйіндер мен бұйымдар

Б) бір цехта толығымен аяқталмай, сол өнеркәсіптің басқа цехында әрі қарай өңделетін өзіндік жартылайфабрикаттар

В) бір цехта толығымен аяқталып, сол өнеркәсіптің басқа цехында әрі қарай өңделмейтін өзіндік жартылайфабрикаттар

Г) жинау-өңдеу процесіндегі материалдар, бөлшектер, түйіндер мен бұйымдар, сондай-ақ бір цехта толығымен аяқталған сол өнеркәсіптің басқа цехында әрі қарай өңделмейтін өзіндік жартылайфабрикаттар

Д) жинау-өңдеу процессіндегі материалдар, бөлшектер, түйіндер мен бұйымдар, сондай-ақ бір цехта толығымен аяқталмай, сол өнеркәсіптің басқа цехында әрі қарай өңделетін өзіндік жартылайфабрикаттар

6. Алдағы уақыттағы шығындар – дегеніміз ...

А) осы сәтте өндіріліп жатқан, бірақ алдағы уақыттың өніміне жатпайтын жаңа өнімдерді дайындауға және иемденуге кеткен шығындар кіретін айналым фондының элементі

Б) осы сәтте өндіріліп жатқан, бірақ алдағы уақыттың өніміне жатпайтын жаңа өнімдерді дайындауға кеткен шығындар кіретін айналым фондының элементі

В) осы сәтте өндіріліп жатқан, бірақ алдағы уақыттың өніміне жататын жаңа өнімдерді дайындауға және иемденуге кеткен шығындар кіретін айналым фондының элементі

Г) осы сәтте өндірілмей жатқан, бірақ алдағы уақыттың өніміне жататын жаңа өнімдерді дайындауға және иемденуге кеткен шығындар кіретін айналым фондының элементі

Д) осы сәтте өндірілмей жатқан, бірақ алдағы уақыттың өніміне жататын жаңа өнімдерді дайындауға кеткен шығындар кіретін айналым фондының элементі

7. Айналыс фонды – дегеніміз ...

А) айналыс ортасында жұмыс атқаратын және түсірілген әрі төленген дайын өнім қорына салынған мекеме қаржысы, сондай-ақ кассадағы және мекеменің шотындағы ақшалай қаражаттар

Б) айналыс ортасында жұмыс атқаратын және түсірілген бірақ төленбеген дайын өнім қорына салынған мекеме қаржысы, сондай-ақ кассадағы және мекеменің шотындағы ақшалай қаражаттар

В) айналыс ортасында жұмыс атқаратын және төленбеген дайын өнім қорына салынған мекеме қаржысы, сондай-ақ кассадағы және мекеменің шотындағы ақшалай қаражаттар

Г) айналыс ортасында жұмыс атқаратын және төленген дайын өнім қорына салынған мекеме қаржысы, сондай-ақ кассадағы және мекеменің шотындағы ақшалай қаражаттар

Д) айналыс ортасында жұмыс атқаратын және түсірілген, бірақ төленбеген дайын өнім қорына салынған мекеме қаржысы

8. Айналым қаражатын жоспарлау қандай көрсеткіштерді ескеру қажет?

А) Жоспарлау периодындағы қажеттіліктің алғашқы және соңғы көрсеткіштерін

Б) жоспарлау периодындағы сол қажеттіліктің әрбір маңызды өзгеріс (өсу, түсу) көрсеткіштерін

В) қажеттіліктің алғашқы және соңғы көрсеткіштерін, сондай-ақ жоспарлау периодында сол қажеттіліктің әрбір маңызды өзгеріс (өсу, түсу) көрсеткіштерін

Г) қажеттіліктің соңғы көрсеткішін, сондай-ақ жоспарлау периодында сол қажеттіліктің әрбір маңызды өзгеріс (өсу, түсу) көрсеткіштерін

Д) қажеттіліктің алғашқы көрсеткішін, сондай-ақ жоспарлау периодында сол қажеттіліктің әрбір маңызды өзгеріс (өсу, түсу) көрсеткіштерін

9. Айналым қаражаты қалай қозғалады?

А) сол мекеменің сатып алатын материалды құндылықтары мен істелінетін жұмысқа және қызмет көрсетуге кеткен төлемдерінен дайын өнімді сатып алушылардан мекемеге түскен төлемдерге дейін қозғалады

Б) сол мекеменің сатып алатын материалды құндылықтары мен қызмет көрсетуге кеткен төлемдерінен дайын өнімді сатып алушылардан мекемеге түскен төлемдерге дейін қозғалады

В) сол мекеменің істелінетін жұмысқа және қызмет көрсетуге кеткен төлемдерінен дайын өнімді сатып алушылардан мекемеге түскен төлемдерге дейін қозғалады

Г) сол мекеменің сатып істелінетін жұмысқа кеткен төлемдерінен дайын өнімді сатып алушылардан мекемеге түскен төлемдерге дейін қозғалады

Д) сол мекеменің сатып алатын материалды құндылықтары мен істелінетін жұмысқа кеткен төлемдерінен дайын өнімді сатып алушылардан мекемеге түскен төлемдерге дейін қозғалады

10. Төлем айналымына әсер етеді:

А) шикізат пен материалды жеткізу графигінің орындалуы

Б) мекемедегі технологиялық процестердің ұйымдастырылуы, өндірілген өнімнің және басқа тауарлар мен қызмет көрсетудің төлемдері

В) шикізат пен материалды жеткізу графигінің орындалуы, өндірілген өнімнің және басқа тауарлар мен қызмет көрсетудің төлемдері

Г) өндірілген өнімнің және басқа тауарлар мен қызмет көрсетудің төлемдері

Д) шикізат пен материалды жеткізу графигінің орындалуы, мекемедегі технологиялық процестердің ұйымдастырылуы, өндірілген өнімнің және басқа тауарлар мен қызмет көрсетудің төлемдері әсер етеді

11. Айналым қаражатының функциясы келесілерден тұрады:

А) мекемеге көрсетілген қызмет үшін аванс ретінде бөлінген ақшалай қаражаттан алынған төлемнен, сондай-ақ, мекемедегі баға айналысының есеп-ақы қызмет көрсетуінен

Б) мекемеге түскен материалды құндылықтар мен көрсетілген қызмет үшін аванс ретінде бөлінген ақшалай қаражаттан алынған төлемнен

В) мекемеге түскен материалды құндылықтар мен көрсетілген қызмет үшін аванс ретінде бөлінген ақшалай қаражаттан алынған төлемнен, сондай-ақ мекемедегі баға айналысының есеп-ақы қызмет көрсетуінен

Г) мекемеге түскен материалды құндылықтар үшін аванс ретінде бөлінген ақшалай қаражаттан алынған төлемнен, сондай-ақ мекемедегі баға айналысының есеп-ақы қызмет көрсетуінен

Д) мекемедегі баға айналысының есеп-ақы қызмет көрсетуінен

12. Айналым фондтары неге шығындалады?

А) өнім өндіруге

Б) өз бағасын соған ауыстырады

В) өнімнің қайта өндірісіне

Г) өнімнің қайта өндірісіне және соған өз бағасын ауыстырады

Д) өнім өндіруге және соған өз бағасын ауыстырады

13. Айналым қаражаты:

А) өндірісте қолданбайды, айналысты қайталау үшін өнім іске асқан соң алғашқы аванс пунктіне өз қалпында қайтып келеді

Б) өндірісте қолданылмайды, тек аванс-ақша ретінде беріледі, айналысты қайталау үшін өнім іске асқан соң алғашқы аванс пунктіне өз қалпында қайтып келеді

Г) өндірісте қолданылмайды

Г) аванс-ақша ретінде қолданылады

Д) айналысты қайталау үшін өнім іске асқан соң алғашқы аванс пунктіне өз қалпында қайтып келеді

14. Айналым қаражаты:

А) Ақшалай түрдегі бағаны білдіреді

Б) Сол құндылықтардың жалпы эквивалент түрін

В) Ақшалай түрдегі бағаны, яғни сол құндылықтардың жалпы эквивалент түрін

Г) Материалды құндылықтарды

Д) Материалды-ақшалай түрдегі бағаны, яғни сол құндылықтардың жалпы эквивалент түрін

15. Мекеменің айналым қаражаты:

А) Материалды құндылықтардың айналымына арналған ақша қорын құрады

Б) Ақшалай құндылықтардың қорын құруға арналған материал қорын құрады

В) Материалды құндылықтардың қорын құруға және айналдыруға арналған ақша қорын құрады

Г) Материалды құндылықтардың қорын құруға арналған ақша қорын құрады

Д) Материалды құндылықтардың қорын құруға арналмаған ақша қорын құрады

16. Айналым фонды:

А) Материалды құндылықтардың айналымына арналған ақша қорын құрады

Б) Ақшалай құндылықтардың қорын құруға арналған материалдар қорын құрады

В) Материалды құндылықтардың қорын құруға және айналдыруға арналған ақша қорын құрады

- Г) Материалды құндылықтардың бір бөлігін құрады
- Д) Материалды құндылықтардың қорын құруға арналмаған ақша қорын құрады

17. Өзінің айналым қаражатымен қамтамасыздығының көрсеткіші қалай есептеледі?

- А) өзіндік айналым қаражат соммасының айналым қаражат соммасына қатынасымен
- Б) өзіндік айналым қор соммасының айналым қор соммасына қатынасымен
- В) жалпы айналым қаражат соммасының өзіндік айналым қаражат соммасына қатынасымен
- Г) жалпы айналым қор соммасының өзіндік айналым қор соммасына қатынасымен
- Д) өзіндік айналым қаражат соммасының жалпы айналым қаражат соммасына қатынасымен

18. Айналым қаражатының орташа қалдық көрсеткіші қалай анықталады?

- А) Хронологиялық формуламен
- Б) Статистикалық формуламен
- В) Орташа хронологиялық формуламен
- Г) Орташа статистикалық формуламен
- Д) Орташа арифметикалық формуламен

19. Айналымдағы айналым қаражатын бекіту коэффициенті ... анықталады

- А) іске асырылған өнімнің 10% келетін айналым қаражат соммасымен
- Б) іске асырылған өнімнің 1 теңгесіне келетін айналым қаражат соммасымен
- В) іске асырылған өнімнің 1 теңгесіне келетін айналым қорларының соммасымен
- Г) іске асырылған өнімнің 1 теңгесіне келетін өндіріс фондтарының соммасымен
- Д) іске асырылған өнімнің 10% келетін өндіріс фондтарының соммасымен

20. Айналу коэффициенті –

- А) Анықталмаған уақыт аралығындағы айналым қаражатының айналыс саны
- Б) Бір ай ішіндегі айналым қаражатының айналыс саны
- В) Жарты жыл ішіндегі айналым қаражатының айналыс саны
- Г) Белгілі бір уақыт аралығындағы айналым қаражатының айналыс саны
- Д) Бір жыл ішіндегі айналым қаражатының айналыс саны

21. Айналым уақытының көрсеткіші –

- А) Күнмен өлшенетін айналымның ұзақтылығы
- Б) Күнмен өлшенетін бір айналымның ұзақтылығы
- В) Айналым саны
- Г) Аймен өлшенетін бір айналымның ұзақтылығы
- Д) Жылмен өлшенетін бір айналымның ұзақтылығы

3. ӨНДІРІС ҰСТАЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

✓ **Қажетті сөздер:** құн, өндіріс ұсталымдары, айналым ұсталымдары, өнімнің өзіндік құны, өзіндік құнды калькуляциялау, шығын сметасы, шығын түрлері, задалсыздық нүктесі, қауіпсіздік жиегі, калькуляциялау әдістері.

ЖОСПАР

- Өнімнің құны, ұсталымдары және өзіндік құны
- Калькуляциялау
- Шығын түрлері
- Шығындар сметасы және жоспарлау
- Өзіндік құнның төмендеу көздері мен факторлары
- Калькуляция. Шығындарды үлестіруді үлгілеу
- Калькуляциялау әдістері

Өнімнің құны, ұсталымдары және өзіндік құны

Өнімді өндіру және оны өткізу белгілі бір қорлар түрлерінің шығыстарын керек етеді: материалдық, еңбек, ақпараттық. Кәсіпорын қызметінің тиімділігін бағалау үшін осы шығындардың құндық өрнектелуін немесе ұсталымдарын бағалауы қажет. Мұнда ұсталым ұғымында өндірістік – өтім әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының жиынтығы қарастырылады. Сәйкесінше, кәсіпорынның өндіріс үрдісіндегі шығындары өндіріс ұсталымдарын, ал өтім, жабдықтау, сауда-делдалдық шығындары – айналым шығындарын білдіреді.

Кәсіпорынның өнімді шығаруымен және оны өткізуімен байланысты барлық шығыстарын көрсететін экономикалық категория болып табылатын өнімнің өзіндік құнын санау негізін шығындар құрайды. Өндіріс және айналым ұсталымдарына жатқызуға болатын шығындардың құрамы барлық елдерде заңмен қадағаланады.

Өнімнің (еңбектің, көрсетілетін қызметтің) өзіндік құны – өнімнің (еңбектің, көрсетілетін қызметтің) өндіріс үрдісінде қолданылатын қорлар, шикізат, материал, отын, энергия, негізгі қорлар, еңбек ресурстарының бағалауы, сондай-ақ, өнімді өндіру мен оны өткізуге жұмсалатын басқа да шығындар болып табылады.

Өнімнің (еңбектің, көрсетілетін қызметтің) өзіндік құнына төмендегілер қосылады:

1. өнім өндірісімен тікелей байланысты, технология және өндірісті

ұйымдастырумен келісілген, өндіріс үрдісі мен өндірілетін өнім сапалығын бағалау шығындары;

2. табиғи шикізатты қолданумен байланысты жұмсалатын шығындар;

3. өндірісті дайындау мен игеруге жұмсалатын шығындар;

4. күрделі емес, технология және өндірісті ұйымдастыру, сондай-ақ өнім сапасын арттыруға жұмсалатын шығындар;

5. өндіріс үрдісін жақсарту мақсатымен қолданылатын шаралар және өнертапқыштықпен байланысты жұмсалатын шығындар;

6. өндіріс үрдісіне көрсетілетін қызметке арналған шығындар;

7. қолайлы еңбек жағдайлары мен қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуге арналған шығындар;

8. табиғатты қорғауға тағайындалған қорларды пайдалану мен күтумен байланысты ағымдағы шығындар;

9. өндірісті басқарумен байланысты шығындар;

10. кадрларды дайындау мен қайта даярлауға жұмсалатын шығындар;

11. заңмен қарастырылған, жұмыс күшін жинауға байланысты жұмсалатын шығындар;

12. қызметкерлерді тасымалдауға жұмсалатын шығындар;

13. еңбек туралы заң жүзінде қарастырылған, яғни өндіріс орнында өтелмеген (келмеген) уақыт, мысалы кезекті немесе қосымша демалыстардың төлемақысы;

14. мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз етуге, халықтың жұмыспен қамсыздандырылуының мемлекеттік қорларына, міндетті медициналық сақтандыруға бөлінген қаражат;

15. өндіріс қорларының құрамында есептелетін кәсіпорын мүлкінің және белгілі бір өнім түрлерінің өндірісінде істейтін бір топ қызметкерлердің міндетті сақтандыру төлемдері;

16. заңмен белгіленген мөлшер аясындағы банк кредиттерінің төлемдері және жабдықтаушылардың (қызмет, жұмыс көрсетушілер) кредиттері бойынша тауар-материалдық құндылықтарды (жұмыстарды өткізу, басқа ұйымдардың қызмет көрсетулері) алғаны үшін пайыздарды төлеуге жұмсалатын шығындар;

17. тауар-комиссиялық (факторингтік) операциялардың келісімшарттарын жүзеге асырғаны үшін банктердің көрсеткен қызметтерінің төлемақысы;

18. арнайы салалық және салааралық бюджеттік емес ұйымдарға заң жүзінде белгіленген аударылымдар;

19. өнімді өткізумен байланысты жұмсалатын шығындар;

20. еңбек ұжымдарына қызмет көрсетуші қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына ақысыз бөлінетін ғимараттарды күтуге жұмсалатын шығындар;

21. өндіріс қорлары құнының толықтай бұрынғы қалпына келтіруге бөлінген амортизациялық қаржы күйіндегі өнімнің (еңбектің, көрсетілетін қызметтің) өзіндік құнына қосылатын негізгі өндіріс қорларының ұдайы өндірісіне жұмсалатын шығындар;

22. материалдық емес активтердің тозуы;

23. салықтар, жиналымдар және басқа заң жүзінде белгіленген міндетті аударылымдар;

24. өнімнің (еңбектің, көрсетілетін қызметтің) өзіндік құнына заң жүзінде қосылатын шығындардың басқа түрлері.

Нақты өзіндік құнға қосымша мыналар қосылады:

- 1) ақаулардан пайда болған ысырап;
- 2) кепілді қызмет мерзімі бар бұйымдарға көрсетілетін кепілді жөндеу мен кепілді қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар;
- 3) ішкі өндірістік себептерге байланысты бос тұрулардың есебінен ысырап;
- 4) кінәлі тұлғалар болмағанда өндірісте және қоймаларда материалдық құндылықтардың жетіспеуі;
- 5) сот үкімі негізінде төленетін, өндірістік жарақаттарға байланысты еңбекке жарамсыздық үшін жәрдемақылар;
- 6) қызметкерлер мен штаттарды қайта ұйымдастыру, қысқартуға байланысты кәсіпорындар мен ұйымдардан босатылған қызметкерлерге арналған төлемдер.

Кәсіпорынға түсетін пайда және пайдадан алынатын салық мөлшері сияқты кәсіпорын жұмыстарының нәтижелері өнімнің өзіндік құнына қандай шығындар қосылғанына тәуелді болады. Және де қолданылып отырған қаржылық есеп берулерге байланысты әр түрлі нәтижелер алынуы мүмкін.

Өндірістің барлық көлемінің өзіндік құнының есептелуі мен ұсталым құрылымының талдауы үшін барлық шығындар (3.1-сурет) олардың экономикалық мазмұнына сәйкес келесі элементтері бойынша топтастырылады:

- материалдық шығындар (қайтыс қалдықтарды шегергенде);
- еңбекақының шығындары;
- әлеуметтік мұқтаждықтарға аударылымдар;
- негізгі қорларды амортизациялау;
- басқа шығындар.

Энергиятасымалдағыштарға бағалардың өсуіне байланысты оларға деген өзіндік құнындағы шығын үлесі де өседі, сондықтан шығынның бұл элементі кейде бөлек қарастырылады.

Шығындарды элементтері бойынша топтастыру **өндіріс шығындары сметасының** негізінде жатыр. Ал **өндіріс шығындары сметасы** дегеніміз - өз бөлімшелері мен сырттан тапсырушыларға да белгілі бір өнім мөлшерін өндіру мен өнеркәсіптік мазмұндағы қызмет көрсетумен келісілген кәсіпорынның барлық шығысын көрсететін жоспарлау құжаты. Шығындар сметасы нақты өнім бірлігінің өзіндік құнын және шығындардың пайда болу орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Өндірістің өзіндік құны

Материалдық қорлар	Еңбекақыны өтеу	Әлеуметтік мұқтаждықтарға аударылымдар	Негізгі қорларды амортизациялау	Басқа шығындар
Сырттан материалдар мен шикізат алу; Артық бөліктер; Құрал-жабдықтар және басқа құны аз заттардың тозуы; Сатып алынатын жинақтаушы бұйымдар мен жартылай фабрикаттар; Өзге кәсіпорындармен көрсетілетін жұмыс және қызметтер; Табиғи шикізат (минералды шикізат базасын ұдайы өндіруге аударылым, рекультивация жұмыстары мен суға төлемдер); Сатып алынатын энергияның барлық түрлері және оны өндіруге жұмсалатын барлық қаражат; Табиғи кему шегіндегі түскен қорлардың жетпеуінен болған ысыраптар	Еңбекақысының барлық төлемдері; Нағуралды төлем ретінде қызметкерлерге берілетін өнім құны; Сыйлар, үстемелер (ынталандыру мақсатымен төлемдер); Жұмыс тәртібі мен еңбек ету жағдайларына байланысты орын толтыру мақсатымен төлемдер; Ақысыз тамақтану, коммуналдық төлемдер құны; Келмеген уақыттар үшін төлемдер (демағыс, жұмыс бабындағы тапсырмалар, т.б) Еңбекақыны өтеудің аудандық реттеуімен келісілген төлемдер; Кәсіпорын штатына кірмейтін қызметкерлердің еңбегін төлеу; Басқа төлемдер	Бекітілген заң нормаларына сәйкес мемлекеттік сақтандыру органдарына, зейнетақы қорына, жұмыспен қамсыздандырылу мемлекеттік қорларына және өнімнің өзіндік құнына қосылған еңбекті өтеу шығындарынан медициналық сақтандыру	Өндіріс қорларын толық бұрынғы қалпына келтіруге бөлінген амортизациялық қаржылардың қосындысы	Салықтар, жиналымдар, төлемдер; Сақтандыру қорларына аударылымдар; байланыс қызметтерін өтеу; материалдық емес активтер бойынша амортизациялау және жоғарыда көрсетілген шығын элементтеріне жатпайтын басқа шығындар

3.1-сурет. Өндірістің өзіндік құнының құрамы мен құраушылары

Калькуляциялау

Өндіріс ұсталымдары мен өнім бірлігінің өткізілуін анықтау **калькуляциялау** деп аталады.

Калькуляциялау үрдісінде барлық шығындар калькуляция статьялары бойынша топтастырылады. Калькуляция статьялары бойынша топтастыру негізінде шығыстардың тағайындалуы мен олардың пайда болу орындарына байланысты кәсіпорынның өнім бірлігін өндіруінің шығыс статьялары жатыр (3.1-кесте).

Өнеркәсіпте келесі типтік калькуляциялау статьялары қолданылады:

- шикізат және материалдар;
- қайтыс қалдықтар (шегеріледі);

Калькуляция статьялары және экономикалық элементтер бойынша шығындардың топтастырылуы және құрылымы

Шығын элементтері	Элементтердің үлес салмағы, %	Калькуляциялау статьялары бойынша шығындар, %																
		Шикізат және негізгі материалдар	Қайтыс қалдықтар (өнергеріледі)	Сатып алынатын бұйымдар және жартылай фабрикактар	Қосымша материалдар	Технологиялық максаттарға арналған отын	Негізгі өндірістік қызметкерлердің негізгі еңбекақысы	Негізгі өндірістік қызметкерлердің қосымша	Әлеуметтік сақтандыруға аударылымдар	Өндірісті дайындау мен игеру шығыстары	Құрылымы аз және тез тозатын құралды тозуының орнын толтыру	Жабдықтарды пайдалану мен күту шығыстары	Цехтік шығыстар	Жалпызауыттық шығыстар	Ауау жіберулерден пайда болатын ысырап	Басқа өндірістік шығыстар	Өндірістен тыс шығыстар	Гольм өтіндік құны
		53,0		4,2	3,5	1,0	1,5	8,1	1,0	0,5	3,6	1,7	8,0	7,0	4,5	0,3	1,0	100
Шикізат және материалдар	61,6	+	+	+	+							+						
Сатып алынатын бұйымдар және жартылай фабрикактар																		
Еңбекақы, негізгі және қосымша	22,8							+	+		+	+	+	+	+	+	+	+
Әлеуметтік сақтандыруға аударылымдар	1,2									+	+	+	+	+	+	+	+	+
Отын	1,2										+	+	+	+	+	+	+	+
Энергия	2,2					+					+	+	+	+	+	+	+	+
Негізгі қорларды амортизациялау	5,2									+		+	+	+	+	+	+	+
Басқа шығыстар	5,8													+	+			+
Жалпы:	100																	

- технологиялық максаттарға арналған отын және энергия;
- өндірістік қызметкерлердің негізгі еңбекақысы;
- өндірістік қызметкерлердің қосымша еңбекақысы;
- әлеуметтік сақтандыруға аударылымдар;
- өндірісті дайындау мен игеру шығыстары;
- жабдықтарды пайдалану мен күту шығыстары;
- цехтік шығыстар;
- жалпызауыттық шығыстар;

- ақау жіберулерден пайда болатын ысырап;
- басқа өндірістік шығыстар;
- өндірістен тыс шығыстар.

Әр түрлі өнеркәсіп салаларындағы өндірістің мазмұны мен құрамына байланысты калькуляциялау статьяларының тізімі өзгеріп отырады. Мысалы, машина құрылысында «жинақтаушы бұйымдар» статьясы ерекшеленеді, зергерлік өнеркәсіпте – «сатып алынатын бұйымдар», «өз өндірісінің жартылай фабрикаттары», т.б.

Калькуляциялау статьялары бойынша топтастырғанда өзіндік құнның құрамындағы шығындар келесі критерийлер бойынша жіктеледі:

- 1) негізгі және үстеме;
- 2) төте және жанама;
- 3) жай және кешенді;
- 4) тұрақты (шартты тұрақты) және айнымалы (шартты айнымалы).

Шығын түрлері

Шығындарды *негізгі және үстеме* деп бөлу өнім өндірумен байланыстырылады. *Негізгі шығындар* технологиялық үрдіспен тікелей байланысты. Негізгі шығынға шикізат және материалдар, технологиялық максаттарға арналған отын және энергия, өндірістік қызметкерлердің негізгі еңбекақысы жатады. Өз кезегінде *үстеме шығындар* басқаруды ұйымдастыру мен өндіріске қызмет көрсетумен байланысты. Мысалы, оларға цехтік және жалпызауыттық шығыстар, өнімді өткізуге жұмсалатын шығыстар жатады.

Өзіндік құнға бұйымдардың нақты бір түрлерінің жатқызылуына байланысты кәсіпорынның барлық шығындары *төте және жанама* болып бөлінеді. *Төте шығындар* белгілі бір өнім түрін өндірумен байланысты және оның өзіндік құнына тікелей қатысты. *Жанама шығындар* жалпы цех немесе кәсіпорынның жұмысымен байланысты және өнім түрлерінің өзіндік құнына жатқызылмайды. Жанама шығындар алдын ала тағайындалған белгі бойынша (өндірістік қызметкерлердің негізгі еңбекақысына, өндірістік өзіндік құнға, белгілі бір бұйымдарды дайындауға арналған жабдықтардың жұмыс сағаттарына немесе тағы басқаларына пропорционалды) тек жанама түрде байланысты болады.

Калькуляция құрамы: бір элементтен тұратын *жай шығын* және экономикалық жағынан әр түрлі, бірақ бір өндірістік бағыттағы элементтерден тұратын *кешенді шығын* деп бөлінеді. Мысалы, жай статьяларға негізгі шикізат пен материалдарға жұмсалатын шығын, негізгі өндірістік қызметкерлердің еңбекақысы жатады. Әрбір статьяда материалдарға жұмсалатын шығын, еңбекақы, амортизациялық аударылымдар және тағы да басқа шығындар болғандықтан, жабдықтарды пайдалану мен күтуге жұмсалатын шығын, цехтік және жалпызауыттық шығыстар кешенді жұмсалатын шығындарға жатады.

Шығын өндіріс көлемінің өзгерісіне қатысты тұрақты және айнымалы болып бөлінеді. Тұрақты шығындар өндіріс көлемінің өзгерісіне байланысты мүлде өзгермейді немесе секірмелі түрде өзгереді. Ал айнымалы шығындар болса, өндіріс көлемінің өзгерісіне байланысты белгілі бір тәуелділікте өзгеріп отырады. Тұрақты және айнымалы шығындар 3.2-3.7 суреттерде графикалық түрде көрсетілген.

Тұрақты шығындар үш топқа бөлінеді:

Толықтай тұрақты шығындар (әрекетсіздікке жұмсалатын шығындар) ешқандай әрекет болмағанда да болуы мүмкін, мысалы негізгі қорлардың амортизациясы;

Қызметті қамтамасыз етуге жұмсалатын тұрақты шығындар белгілі бір әрекеттердің іске асуында ғана болады, мысалы электроэнергия, жарықтандыру, жалпызауыттық қызметкерлердің еңбекақысына жұмсалатын шығындар жатады.

Шартты тұрақты шығындар өндіріс көлемі белгілі бір деңгейге жеткенше өзгермейді. Өндіріс көлемінің артуына байланысты бұл шығындар секірмелі түрде өзгереді. Бұл жағдай қуатты пайдалану деңгейі – 100%, ал нарық сыйымдылығы өндіріс көлемінің артуын талап еткен жағдайда болады. Кәсіпорын жаңа станоктар, құрал-жабдықтар сатып алады, жаңа корпусстар қалайды, ал бұл өз кезегінде негізгі қорлардың құнының өсуіне әкеледі. Сөйтіп амортизациялық аударылымдарды арттыру есебінен өнім бірлігіне жұмсалатын шығындар көлемін секірмелі түрде өзгертеді (3.5-сурет). 3.5-суретте көрініп тұрғандай, Q_2 -ның мүмкін болатын максималды көлеміне жеткенде, жаңа қуаттар енгізіліп, бұйым бірлігінің өзіндік құны C_1 -ден C_2 -ге артады және т.б.

- 1 – үдемелі-айнымалы шығындар;
- 2 – пропорционалды-айнымалы шығындар;
- 3 – кері тартпа-айнымалы шығындар;

Айнымалы шығындардың жіктелуі:


- 1 – пропорционалды-айнымалы, тікелей қызмет көлемінің өзгеруіне байланысты өзгереді;
- 2 – кері тартпа-айнымалы, өндіріс көлеміне қарағанда баяу өседі;
- 3 – үдемелі-айнымалы, өндіріс көлемінің өсуіне қарағанда тезірек өседі.



3.2-сурет. Тұрақты шығындар деңгейінің өндіріс көлеміне тәуелділігі



3.3-сурет. Өнім бірлігіне тұрақты жұмсалатын шығындардың өндіріс көлеміне тәуелділігі




3.4-сурет. Шартты тұрақты шығындардың өндіріс көлеміне тәуелділігі



3.5-сурет. Өнім бірлігіне жұмсалатын шартты тұрақты шығындардың өндіріс көлеміне тәуелділігі



3.6-сурет. Айнымалы шығындардың көлемінің өндіріс көлеміне тәуелділігі



3.7-сурет. Өнім бірлігіне жұмсалатын айнымалы шығындардың өндіріс көлеміне тәуелділігі

Кәсіпорынның толық шығындары айнымалы және тұрақты шығындардың қосындысынан тұрады. Бұл графикалық түрде 3.8-суретте көрсетілген.



3.8-сурет. Толық шығындар көлемінің өндіріс көлеміне

Шығындар сметасы және жоспарлау

Кәсіпорында шығындарды экономикалық элементтер және калькуляция статьялары бойынша топтастыру шығындар сметасы мен өнім калькуляциясында көрініс табады.

3.2-кестеде өндірістік кәсіпорынның шығындар сметасының үлгісі көрсетілген.

3.2-кесте

Өндірістің шығындар сметасы

№ р/н	Шығын элементтерінің атаулары	Ағымдағы жылдың жоспары бойынша барлығы	Соның ішінде кварталдар бойынша			
			I	II	III	IV
1	Шикізат және материалдар					
2	Қосымша материалдар					
3	Отын					
4	Энергия					
5	Еңбекақыны өтеу шығындары					
6	Әлеуметтік мұқтажлықтарға аударылымдар					
7	Негізгі қорлардың амортизациясы					
8	Басқа шығыстар					
9	Жалпы шығындар					

Өнім өндірудің шығындар сметасы (өндіріс сметасы) жалпы өнім, тауар және өткізілген өнімнің өзіндік құнын есептеу үшін қолданылады.

Өнім өндірудің шығындар сметасы табыс балансы мен кәсіпорын шығыстарын әзірлеу, шұғыл қаржылық жоспарды дайындау (төлем күнтізбесі) және өнімді өткізу мен пайданы жоспарлаудың негізін құрайды.

Өнім бірлігінің өзіндік құнының құрылу реті бойынша өзіндік құн: **технологиялық, цехтік, өндірістік және толық өзіндік құн** болып бөлінеді (3.9-сурет). Жаңа техниканың нұсқаларын экономикалық жағынан бағалау мен олардың ішінен ең тиімдісін таңдау үшін **технологиялық (оперативтік) өзіндік құн** есептеледі. Оның құрамына цехтің белгілі бір операция немесе операциялар кешенінің орындауымен тікелей байланысты шығындар сомасы жатады. **Цехтік өзіндік құны** цехтің өнім бірлігін өндіруге жұмсалатын барлық ағымдағы шығындарынан құралады.

Өндірістік өзіндік құнға цехтердің өндірістер шығындарымен қоса кәсіпорынды жалпы басқару бойынша шығыстары жатады (зауытты басқармасының қызметкерлерінің еңбекақысы, өндіріс барысында қолданылатын ғимараттардың амортизациясы мен ағымдағы жөнделуі, т.б.).

Негізгі және қосалқы материалдар (қайтыс қалдықтарды санамағанда)	Технологиялық өзіндік құн	Цехтік өзіндік құн	Өндірістік өзіндік құн	Толық өзіндік құн
Өндірістік қызметкерлердің негізгі еңбекақысы				
Өндірістік қызметкерлердің қосымша еңбекақысы				
Әлеуметтік мұқтаждықтарға аударылымдар				
Технологиялық мақсаттарға арналған отын және энергия				
Өндірісті дайындау шығыстары				
Өндірісті пайдалану мен күту шығыстары				
Цехтік шығыстар				
Жалпыауыттық шығыстар				
Ақау жіберулерден пайда болатын ысырап				
Ішкі өндірістік шығыстар				

3.9-сурет. Өнімнің өзіндік құнының түрлері

Өзіндік құнның төмендеу көздері мен факторлары

Шығынды үнемдеу есебінен өндіріс ұсталымдарын төмендетуге болады. Мұндай шығындардың элементтері өзіндік құнның төмендеу көздерін береді.

Өзіндік құнның төмендеуінің негізгі көздеріне төмендегілер жатады:

1. шикізат, материал, отын, энергия шығыстарын төмендету;
2. амортизациялық аударылымдарды азайту;
3. еңбекақы шығыстарын азайту;
4. әкімшілік-басқару шығыстарын төмендету.

Кәсіпорындағы өзіндік құнның төмендеуінің факторлары 2 топқа жіктеледі: ішкі өндірістік және өндірістен тыс факторлар.

Ішкі өндірістік факторларға техника-экономикалық факторлар жатады. Кәсіпорын бұл факторларға басқару барысында әсер ете алады. Оларға ең алдымен төмендегілер жатады:

1. Өндірістің техникалық деңгейін арттыру;
2. Өндірісті және еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру;
3. Өндіріс көлемін өзгерту.

Егер кәсіпорын бұл факторларға тікелей әсер ете алмаса (мысалы, шикізат, материал, құрал-жабдықтарға бағалар, салық және аударылымдар мөлшерлері, табиғи факторлар, еңбекақының минималды мөлшері, амортизация нормасы және т.б.), онда бұл шығындар өндірістен тыс факторларға жатады.

Калькуляция. Шығындарды үлестіруді үлгілеу

Өнім өндірудің шығындар сметасы – кәсіпорынның бизнес-жоспарының ең маңызды бөлімдерінің бірі болып табылатын жоспарлы құжат. Ол өнім өндіру көлемінің жоспарлы шығындарын анықтауға бағытталған. Ал калькуляция болса, өнім бірлігінің өзіндік құнын анықтауға мүмкіндік береді.

Шығындарды жоспарлау мен есептеуде отандық тәжірибеде кәсіпорынның өндірістік бағдарламасының негізгі өлшем бірліктері қолданылады (дана, тонна, метр, т.б.).


Кәсіпорындарда жоспарлы және есеп беру калькуляциялары құрылады. Сәйкесінше, жоспарлы калькуляция белгілі бір мерзімге жоспарланған шығындар бойынша, ал есеп беру калькуляциясы өндіріске және өнімді өткізуге жұмсалған нақты шығындар негізінде дайындалады. Отандық және шетелдік тәжірибеде калькуляциялаудың әр түрлі тәсілдері қолданылады.

3.10-суретте өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың негізгі үлгілері мен тәсілдері көрсетілген:

1) шығындарды толық үлестіру үлгісі (*absorption costing*);

2) шығындарды бөлшектеп үлестіру үлгісі (*direct costing*).

Шығындарды толық үлестіру үлгісі өндірістік есепте қолданылса, шығындарды бөлшектеп үлестіру үлгісі негізінен кәсіпорында басқару есебін жүргізу үшін қолданылады.



3.10-сурет. Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың негізгі үлгілері мен тәсілдері

Шығындарды толық үлестіру үлгісі негізінде бұйым, тапсырыс, операция немесе калькуляцияның басқа объектілерінің өзіндік құндары есептеледі. Сәйкесінше, калькуляция объектісінің өзіндік құны калькуляциялау объектісінің дифференциалдық ұсталымдары мен үлестірілген жалпы ұсталымдардың (үстеме, жанама шығыстар) қосындысын құрайды.

Калькуляциялау әдістері

Калькуляциялау әдістері *келесі қасиеттер* бойынша жіктеледі:

- 1) калькуляциялау объектісі;
- 2) есеп айырысу тәсілі.

Калькуляциялау объектісіне байланысты келесі әдістерді бөліп көрсетуге болады:

- a. бұйымдар бойынша;
- b. тапсырыс бойынша;
- c. операциялар бойынша;
- d. бөлісу бойынша;
- e. үрдіс бойынша;
- f. *ЛТ* калькуляциялау.

Есеп айырысу тәсілдері бойынша калькуляциялаудың келесі әдістерін (тәсілдерін) көрсетуге болады:

- a. төте шот (меншікті ұсталым);
- b. нормативтік (эквивалентті);
- c. аналитикалық-есеп айырысу;
- d. параметрлік;
- e. шығындарды алып тастау;
- f. коэффициенттік;
- g. құрамдастырылған.

Өзіндік құнды калькуляциялаудың жалпы сызбасы калькуляциялаудың мақсаттары мен тапсырмаларын анықтап, солардың негізінде сәйкес үлгіні таңдауды ұйғаруы керек. Нарық экономикасы жағдайында кәсіпорында калькуляциялаудың екі үлгісін де қолданған орынды, өйткені олар жергілікті тапсырмалар мен мақсаттарға жауап бере отырып, пайда табу сияқты ауқымды мақсатты шешуге бағытталған.

Төте шот (тәсілі) әдісі өнім бірлігінің өзіндік құнын шығындардың жалпы сомасын өндірілген өнім мөлшеріне бөлу арқылы табылады. Бұл әдіс көбінесе біртекті өнім шығаратын кәсіпорындарда қолданылады. Батыс тәжірибесінде бұл әдіс меншікті ұсталымдарды калькуляциялау деп аталады.

Моноөнімді кәсіпорындар саны аз болғандықтан, бұл әдіс біраз шектеулі түрде қолданылады. Тәжірибеде көбінесе оның модификациясы – калькуляциялаудың *аналитикалық-есеп айырысу (тәсілі) әдісі* қолданылады. Бұл әдіс бойынша өнім бірлігіне жұмсалатын төте шығындар шығыс нормасы негізінде, ал жанама шығындар – салада бекітілген белгісіне пропорционалды түрде анықталады. Мұндай белгілерге төмендегілер жатады:

1) негізгі өндірістік материалдың натурал өрнектелген мөлшері (негізінен көп материал қажет ететін салаларда, мысалы тамақ өнеркәсібінде қолданылады);

2) негізгі өндірістік материалдың құны (қымбат шикізат ресурстарын қажет ететін, мысалы, зергерлік өнеркәсіпте қолданылады);

3) жұмыс уақытының төте шығындары (көп еңбекті қажет ететін салаларда, мысалы полиграфиялық өнеркәсіпте қолданылады);

4) өндірістік қызметкерлердің негізгі еңбекақысы;

5) құрал-жабдықтардың жұмыс істеу уақыттары (автоматтандырылған және механизацияланған еңбек үлесі жоғары, мысалы, машина жасау, т.б. салаларда қолданылады).

Үстеме шығыстарды үлестіретін белгі (база) таңдалғаннан кейін үстеме шығыстардың мөлшерін анықтау жүзеге асырылады. Соңғысы жалпы үстеме шығыстарды базаның толық сомасына бөлгеннен бөлінді ретінде есептеледі, ары қарай өнім бірлігінің үстеме шығыстары үстеме шығыстар мөлшері мен базаның (өнім бірлігіне) көбейтіндісі ретінде анықталады.

Калькуляциялаудың нормативтік әдісі материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарын қолданудың нормалары мен нормативтеріне негізделеді. Нормалар мен нормативтер үдемелі және ғылыми дәлелденген, кәсіпорынның барлық ресурстарын парасатты жұмсауға бағытталған болуы керек. Сәйкесінше олардың шамалары қайталанып қарастырылып отырылуы қажет. Осыған байланысты кәсіпорында өнім бірлігіне жұмсалатын ресурстардың барлық түрлерінің нақты шығындар өзгерісінің есебін ұйымдастыру қажет.

Калькуляциялаудың нормативтік әдісі өнімді жаппай өндіретін және жаңа өнім түрлерінің калькуляциясын жоспарлау нақты орнықтырылған салаларда кең қолданылады.

Параметрлік әдіс бір типті, бірақ көлемі мен сапалары әр түрлі бұйымдарды калькуляциялауда қолданылады. Өнім параметрлеріне байланысты ұсталымдардың өзгеру заңдылықтарын орнатуға негізделеді. Мысалы, ауыр және энергетикалық машина жасауда жабдықтар, машина немесе бұйымды анағұрлым толығырақ сипаттайтын көрсеткіштердің бір килограммының конструктивті салмағының құны негізінде өзіндік құнды есептеу ең қарапайым және кең қолданыс тапқан әдіс болып табылады. Сондай-ақ бұл әдіс өнімнің сапалық параметрлерін жақсартуға жұмсалатын қосымша шығындарды да анықтауға мүмкіндік береді.

Мұнай өңдейтін, кокс-химиялық және басқа да кешенді өндіріс орындарында шикізатқа жұмсалатын шығынды белгілі бір өнімнің түріне жатқызу мүмкін емес. Сәйкесінше, бастапқы шикізатты өңдеуге кететін жалпы шығындар және осы шикізаттан жасалатын өнім түрлеріне осы шығындарды үлестіруді анықтауға мүмкіндік беретін калькуляциялаудың ерекше әдістерін қажет етеді. Мұндай әдістерге шығындарды алып тастау, коэффициенттік және құрамдастырылған әдістер жатады.

Шығындарды алып тастау әдісін қолданған кезде шикізатты кешенді өңдеуден пайда болған өнімнің бір түрі негізгі, ал қалғандары қосымша болып саналады. Шикізатты өңдеу үшін жалпы шығындардың бір бөлігін қосымша өнімге бөледі, ал қалған сомасын өнімнің негізгі түрлерінің өзіндік құнына жатқызады.

Қосымша өнімнің құнын анықтау үшін есептеулер жүргізгенде төмендегілер қолданылады:

- кәсіпорынның қосымша өнімінің ағымдағы сату бағасы;
- шикізатты алмастыратын қосымша өнімнің бағалары;
- қосымша өнімді дайындау ұсталымдары;

Козэффициенттік әдіс дайын өнімдер арасында кешенді шығындарды үлестіру кезінде козэффициенттерді қолдануға негізделген. Өнімнің біреуіне 1 козэффициенті беріледі де, ал қалғандары таңдалған белгілері бойынша олмен салыстырылады (өнім салмағы, өнімді сату бағасы, құрамында органикалық заттардың болуы және т.б.).

Есеп айырысу келесі түрде болады:

1. өнімді шығару шартты бірлікте есептеледі;
2. бір шартты бірлікке шығындар анықталады (шығындардың жалпы сомасын өнімді шартты бірлікте шығару шығынына бөлу арқылы);
3. өнімнің әрбір түрін өндіруге жұмсалатын шығындар есептеледі (шығындарды козэффициентке сәйкес бір шартты бірлікке көбейту арқылы).

Құрамдастырылған әдіс шығындарды алып тастау мен козэффициенттік әдістердің қосындысынан тұрады. Құрамдастырылған әдіс бойынша есептеу бірнеше сатыларда жүзеге асады:

- 1) өнім негізгі және қосымшаға бөлінеді;
- 2) қосымша өнімге жұмсалатын шығындар жалпы шығындардан алынып тасталады;
- 3) алынып тасталғаннан кейін қалған шығындардың қосындысы козэффициенттерге сәйкес өнімнің негізгі түрлері арасында үлестіріледі.

Өнімнің алдын ала анықталған мөлшеріне жасалған өндірістік тапсырыс тапсырыс бойынша калькуляциялау әдісіндегі есептеу және калькуляциялау объектісі болып табылады. Тапсырыста дайындалу керек бұйымдар, олардың мөлшері, тапсырысты дайындау мерзімдері, оны дайындауға қатысатын цехтер көрсетіледі. Тапсырыстың жоспарлы өзіндік құны тапсырысты орындау мерзіміндегі өндірістің барлық шығындарының қосындысымен анықталады. Сәйкесінше бұл әдісте есеп беру калькуляциясы тапсырыс бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін жасалады.

Отандық тәжірибеде бөлшектері, түйіндері және жалпы бұйымдары механикалық түрде жиналатын өндірісте; цехтері арасында тығыз технологиялық байланысы бар өндірісте; дайын өнімді цехтердің қатарындағы тек ең соңғысы шығаратын кәсіпорындарда осы әдіс қолданылады.

Тапсырыс бойынша калькуляциялаудың әдісі көбінесе жеке және шағын сериялы өндірісте қолданылады.

Калькуляциялаудың бөлісу әдісі өңделетін шикізат «қайта бөлісу» деп аталатын бірнеше тәуелсіз өңдеу фазаларынан бірізді өтетін салаларда қолданылады. Соңғысынан басқа әрбір бөлісу шикізатты өңдеудің толық аяқталған фазасы болып табылады. Осының нәтижесінде кәсіпорын өзінің дайындауындағы жартылай фабрикатты алады. Калькуляциялаудың бөлісу әдісі металлургия, текстиль, ағаш өңдеу және өнеркәсіптің тағы да басқа салаларында қолданылады.

Бөлісу әдісін қолдану арқылы өзіндік құнды калькуляциялау келесі түрде жүзеге асады: әрбір бөлісуге төте шығындар бөлек көрсетіледі, бастапқы шикізаттың құны бірінші бөлісудің өзіндік құнына қосылады.

Шет ел тәжірибесінде калькуляциялаудың бөлісу әдісі *үрдіс бойынша калькуляциялау* деп аталады (*process-costing*).

Тапсырыс бойынша және үрдіс бойынша калькуляциялау шет ел тәжірибесіндегі негізгі әдістер болып табылады. Бұлардан басқа «калькуляциялаудың гибридті жүйелері» (*hibrid costing*) деп аталатын әдістерге жататын тапсырыс бойынша калькуляциялау мен үрдіс бойынша калькуляциялау әдістерінің аралық калькуляциялау жүйелері де кең қолданыс табады. Оларда таңдау кәсіпорынның өндірістік құрылымының талаптары, өндірістің технологиялық ерекшеліктері және тағы да басқа факторларға байланысты. Аралас жүйелерге **операциялар бойынша калькуляциялау** (*operation costing*) және **JIT калькуляциялау** (*just in time*) жатады. Олар шикізат, материал және құрамдастарды «дәл уақытында» (*just in time*) тәртібі бойынша жеткізуде қолданылады.

Операциялар бойынша калькуляциялауда материалдарды есептеуде **тапсырыс бойынша калькуляциялау** әдістемесі, ал еңбекақы және жалпызауыттық шығыстарды есептеуде – **үрдіс бойынша калькуляциялау әдісі** қолданылады.

JIT (just in time) калькуляциялау әрбір операция алдындағы операцияның жалғасы болып табылатын, ал әрбір бөлшек қажетінше тасқынды тізбектің келесі сатысында өңделетін үздіксіз-тасқынды өндіріс болып табылатын өндірістік жүйеде қолданылады. **JIT** калькуляциялау тәртібінің ерекшеліктері: негізгі материалдардың қозғалысының бөлшектік есептеуінің болмауы, тапсырыстың, операциялар бойынша еңбек шығынының, дербес «Материалдар» шотының болмауы. Нақты жұмсалған материалдар мен үстеме шығыстар (олардың қатарына төте еңбек шығындары да жатады) туралы мағлұматтар цехтерден әрбір ай сайын жиналып отырады. Сәйкесінше өндірілген бірліктердің саны мен олардың өзіндік құны анықталады. Нормативтік шығындар пайда болған шығындармен салыстырылып, цехтер бойынша ай сайын ауытқулар есептеліп отырады.

Қарастырылған калькуляциялау әдістері **шығындарды толық үлестіру әдісінің** аясында қолданылады. **Шығындарды бөлшектеп үлестіру әдісіндегі** негізгі калькуляциялау әдісі «**директ-костинг**» (*direct costing*) жүйесі болып табылады. «Директ-костинг» жүйесінде өнеркәсіп өнімінің өзіндік құны тек айнымалы шығындарға байланысты есептеліп, жоспарланады. «Директ-костинг» жүйесінде табыс туралы есеп берулердің сызбасы көпсатылы және құрамында пайда маржасы (табыс) немесе өтеу сомасы мен пайда сияқты негізгі қаржылық көрсеткіштер болады (3.3-кесте).

3.3-кесте

«Директ-костинг» жүйесі бойынша табыс туралы есеп берудің сызбасы

№	Көрсеткіш атауы	Шартты белгіленуі
1	Өткізуден түскен ақша	В
2	Айнымалы шығындар	$Z_{пер}$
3	Маржалық пайда	$\Pi_{н} = В - Z_{пер}$
4	Тұрақты шығындар	$Z_{пост}$
5	Пайда	$\Pi = \Pi_{н} - Z_{пост}$

Қазіргі кездегі отандық тәжірибенің көрсетуі бойынша нақты толық шы-

ғындар мен пайданың белгілі бір шамасының сомасына негізделген бағаларды қолдану кәсіпорынды тұйыққа әкеледі. Шығындардың өсуі жағдайында алынатын пайданың көлемі мен нормасын сақтап қалу үшін кәсіпорындар өнімдерінің бағаларын өсіреді, сөйтіп өнімдері бәсекеге қабілетсіз болып қалады. Сондай-ақ, нарықтық экономикасы бар мемлекеттердің теориясы мен тәжірибесі бойынша нарықты жаулап алу мен өз позициясын ұстап қалу пайда нормасын азайту мен көлемді сатулардың есебінен қажетті пайда көлемін алу негізінде арзанырақ өнімдерді шығару негізінде мүмкін болады.

«Директ-костинг» жүйесі өндіріс көлемі мен шығындардың арасындағы байланыс пен пропорцияларды анықтауға, өндірістің көлеміне байланысты оның пайдалылығы мен зияны туралы ақпарат алуға, өндірістің көлемі мен қуатына байланысты өзіндік құнның өзгеруін жорамалдауға мүмкіндік береді. Калькуля-циялаудың бұл жүйесінде тұрақты шығындар сомасын бөліп шығару оның (тұрақты шығындар) пайда сомасына тигізетін әсерін көрсетуге мүмкіндік береді. Ал маржинал табыстың өзгеруі пайдалылық бұйымдарды табуға, сәйкесінше шығарылатын өнім түрлерін өзгертуге мүмкіндік береді. Сөйтіп «директ-костинг» жүйесі айнымалы шығындардың, өткізу бағаларының, шығарылатын өнім құрылымының әсерінен болатын пайданың өзгерістерін анықтауға мүмкіндік беріп, осындай талдау негізінде мұндай жағдайдағы кәсіпорынды басқаруға қажетті кешенді стратегиялық шараларды қолдануға жол береді.

Кәсіпорынның алуы мүмкін әлуетті пайдасын анықтау үшін өндірістің ұсталымдарын, көлемін және пайдасын кешенді талдау жасау керек (*cost-volume-profit analysis / CVP analysis*).

Шығындардың, қызмет көлемінің және пайданың бірлескен талдау әдістемесінің негізгі ережелері 3.4-кестеде көрсетілген.

Ақша түсімінің коэффициенттерін есептеу (пайда алуды көздесек) өнім түрлерінің (ассортимент) ең тиімді құрылымын таңдау үшін қажет. Басқа көрсеткіштер тең болған жағдайда ең көп ақшалай түсім коэффициентін қаматамасыз ететін сату құрылымы таңдалуы керек.

Шығын құрылымын зерттеу *CVP analysis*-тің қажетті элементі болып табылады, яғни кәсіпорынның айнымалы және тұрақты шығындарының қатынасы. Айта кететін жайт, бір саланың аясының өзінде де шығынның ең жақсы құрылымының біртұтас критерийі жоқ. Олардың қатынастарының оптималдылығы кәсіпорынның нақты жұмыс жағдайларына және әсер етуші факторларға (сатулардың ұзақ мерзімді тенденциясын, өткізу деңгейіндегі жылдық ауытқулар, т.б.) тәуелді. Мысалы, сату көлемінің ұзақ мерзімді өсуін қолайлы болжауда тұрақты шығыстардың елеулі үлесі бар фирманың ақшалай түсімінің коэффициенті үлкенірек болғандықтан, пайданы әлдеқайда көбірек алады.

Критикалық нүкте (критикалық көлем нүктесі, залалсыздық нүктесі, сыну нүктесі және т.б.) басқару шешімдерін қабылдауда маңызды көрсеткіш болып табылады. Бұл нүкте фирмаға түсетін пайда да, залал да әкелмейтін қызмет көлемін сипаттайды.

Ұсталымдар, қызмет көлемі және пайданы кешенді талдауда қолданылатын негізгі көрсеткіштердің есептеу тәртібі мен тағайындалуы

Көрсеткіш	Есептеу тәртібі	Тағайындалуы
1	2	3
Маржинал пайда (<i>profit margin</i>) (Π_M)	$\Pi_M = B - Z_{\text{пер}}$	Ұсталымдар, қызмет көлемі және пайдаға бірлескен талдау өткізуде негізгі бағалау көрсеткіші болып табылады
Салыстырмалы маржинал пайда (<i>profit margin per unit</i>) ($\Pi_{\text{уд.м}}$)	$\Pi_{\text{уд.м}} = \frac{\Pi_M}{K} = \text{Ц} - Z_{\text{пер уд}}$ К – өткізілген өнім бірлігінің мөлшері; Ц – бір бірліктің сату бағасы; $Z_{\text{пер уд}}$ – айнымалы салыстырмалы шығындар	Ұсталымдар, қызмет көлемі және пайдаға бірлескен талдау өткізуде таңдалынған нұсқалардың нәтижелілігін бағалау үшін
Маржинал пайданың коэффициенті (<i>contribution margin ratio</i>) (K_B)	$K_B = \Pi_M / B = \frac{\Pi_{\text{уд.м}}}{\text{Ц}}$	Өткізу мөлшерінің өзгеруінің маржинал және төте пайданың мөлшеріне әсерін анықтау үшін
Критикалық нүкте (<i>break-even point</i>) ($T_{\text{кр}}$)	1) Теңдеуді шешу әдісі $B = Z_{\text{пер}} + Z_{\text{пост}} + \Pi_{\text{ч}}$ немесе $K \times \text{Ц} = K \times Z_{\text{пер уд}} + Z_{\text{пост}} + \Pi_{\text{ч}}$; 2) Салыстырмалы маржинал пайда әдісі (теңдеулерді шешу әдісінің вариациясы болып табылады) $T_{\text{кр}}$ (өнім бірлігінде)* = $Z_{\text{пост}} / \Pi_{\text{уд.м}}$; $T_{\text{кр}}$ (ақша лай) = $Z_{\text{пост}} / K_B$	Ұсталымдар, қызмет көлемі және пайдаға бірлескен талдау өткізуде ескерілетін факторлардың әр түрлі өзгерістерінде пайда мен оптималды әрекеттердің бағытын жоспарлау үшін
Қауіпсіздік жиегі (<i>margin of safety</i>) (K_S)	K_S (ақшалай) = $B_{\text{нт}} - B_{\text{кр}}$, мұнда $B_{\text{нт}}$ – өткізуден алынған нәтижелік жоспарлы немесе нақты ақшалай түсім; $B_{\text{кр}}$ – критикалық нүктедегі өткізуден алынған ақшалай түсім; K_S (пайызбен) = $[K_S \text{ (ақшалай)} / B_{\text{нт}}] \times 100$	Фирмаға залал келтірмейтін өткізуден түсетін түсімнің төмендеу шегін анықтау үшін. Фирмаға залал келтірмейтін өткізуден алынатын түсім пайызының мүмкін болатын максимумды төмендеу шегін анықтау үшін; Өткізілетін өнім бірлігінің мөлшерін қауіпсіздік шегіне дейін қысқартуды есептеу үшін


Басқару шешімдерін қабылдау үрдісінде критикалық нүкте концепциясы қолда бар нұсқаларды тандауда кең қолданылады. Егер басқа көрсеткіштер (факторлар) тепе-тең болса, критикалық нүктенің ең кіші шамасы бар нұсқа ең

тиімді нұсқа болып саналады. Фирманың ұсталымдары мен табыстары және олардың өткізу көлемімен өзара байланысы туралы мәлімет критикалық нүктені анықтау графигінде көрнекі түрде көрсетілген (3.11-сурет).

Қызмет белсенділігі деңгейінің пайданың өзгеруіне әсерінің талдауы пайдалылық графигін бейнелейтін 3.12-суретте көрсетілген.



3.11-сурет. Критикалық нүктені анықтау графигі



3.12-сурет. Қызмет белсенділігінің деңгейінің пайданың өзгеруіне әсері

Шет ел фирмаларының зерттеулерінде өндіріс көлемі, шығындар және пайдаға бірлескен талдау өткізуде төмендегі жағдайларға жол берілетінін айта кеткен жөн:

- 1) қызметтің релевантты диапазоны бойына сатудан түсетін түсім мен өндіріс ұсталымдары сызықты болады;
- 2) сатылымдардың тұрақты ассортименті;
- 3) ұсталымдардың тұрақты және айнымалы болып бөліну мүмкіндігі;

4) өндіріс көлемі мен өткізу көлемінің теңдігі, яғни өнім қалдықтарының өзгермеуі;

5) кез келген жылда алынған ақша бағалылығының тепе-теңдігі;

6) өткізілетін өнім мен алынатын шикізат, материал және қосалқы бөлшектерге бағалардың өзгермеуі, энергия, еңбекақы және т.б. тұрақты тарифтері.

Отандық кәсіпорындарда осындай талдау өткізгенде мемлекетте болатын болжанған инфляцияны, сатылатын өнім мен алынатын шикізат, материал және қосалқы бөлшектерге бағалардың өзгеруін, еңбекақының минималды деңгейінің өзгеруін, сондай-ақ, отын, энергия, т.б. тарифтерінің өзгеруін ескерген жөн. Бұл жағдайлардағы өткізілетін талдаудың шындыққа жанасымдылығы талдаудың уақыт интервалының шамасына айтарлықтай тәуелді болады.

Бақылау сұрақтары

1. Өзіндік құн ұғымына анықтама беріңіз.
2. Шығындардың элементтер бойынша жіктелуін түсіндіріп, мән-мағынасын ашып көрсетіңіз.
3. Өзіндік құнның калькуляциясы дегеніміз не?
4. Типтік калькуляциялау статьяларын атаңыз.
5. Төте және жанама шығындарға қандай шығындар жатады? Өнімнің белгілі бір түрлерінің өзіндік құнына жанама шығындар қалай әсер етеді?
6. Тұрақты (шартты тұрақты) және айнымалы (шартты айнымалы) шығындар дегеніміз не?
7. Өзіндік құнның төмендеуінің негізгі көздерін атаңыз.
8. Шығындарды толық және бөлшектеп үлестіру үлгілері не үшін қолданылады?
9. Калькуляциялаудың қандай объектілері қолданылу мүмкін?
10. Өзіндік құнды калькуляциялаудың нормативтік үлгісінің мәні неде?
11. Тапсырыс бойынша калькуляциялау туралы айтып беріңіз.
12. «Директ-костинг» жүйесі дегеніміз не?
13. CVP-талдау деген не?
14. CVP-талдау кезінде қандай көрсеткіштер қалай есептеледі?
15. Критикалық нүкте (залалсыздық нүктесі) деген не?

Тест тапсырмалары

1. Ұсталым ұғымында ... жиынтығы қарастырылады:
А) өндірістік әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
Б) өтім әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
В) жабдықтау әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
Г) сауда-делдалдық әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
Д) өндірістік-өтім әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
2. Өндіріс ұсталымдары ұғымында ... жиынтығы қарастырылады.
А) өндірістік әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
Б) өтім әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
В) жабдықтау әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
Г) сауда-делдалдық әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
Д) өндірістік-өтім әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының

3. Айналым шығындары ұғымында ... жиынтығы қарастырылады.

- А) сауда-делдалдық әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
- Б) өтім әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
- В) жабдықтау әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
- Г) сауда-делдалдық, өтім, жабдықтау әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының
- Д) өндірістік-өтім әрекеттерін іске асыру үшін қажет кәсіпорын шығындарының

4. Өнімнің (еңбектің, көрсетілетін қызметтің) өзіндік құны – өнімнің (еңбектің, көрсетілетін қызметтің) өндіріс үрдісінде қолданылатын ... құндық бағалауы болып табылады.

- А) табиғи ресурстардың
- Б) материал, шикізаттың
- В) отын, энергияның
- Г) негізгі қорлар, еңбек ресурстарының
- Д) жоғарыда аталғандардың барлығы

5. Нақты өзіндік құнға қосымша мыналар қосылады:

- А) ақаулардан пайда болған ысырап және кепілділік жөндеуге жұмсалатын шығындар
- Б) еңбекке жарамсыздық үшін жәрдемақылар және қызметкерлер мен штаттарды қайта ұйымдастыру, қысқартуға байланысты қызметкерлерге арналған төлемдер
- В) ішкі өндірістік себептерге байланысты бос тұрулардың есебінен шығындар
- Г) кінәлі тұлғалар болмағанда өндірісте және қоймаларда материалдық құндылықтардың жетіспеуі
- Д) жоғарыда аталғандардың барлығы

6. Өнімнің өзіндік құнын есептеу негізінде ... жатыр.

- А) көп еңбекті қажет ететіндігі
- Б) еңбекке жарамдылық
- В) шығындар
- Г) өнім бағасы
- Д) шикізат бағасы

7. Өнімнің өзіндік құнын санау негізінде ... байланысты шығындар жатыр.

- А) өнімді шығарумен
- Б) өнімді сатумен
- В) өнімді өткізумен
- Г) өнімді шығару және сатумен
- Д) өнімді шығару және оны өткізумен

8. Өндіріс және айналым ұсталымдарына жатқызуға болатын шығындардың құрамы:

- А) барлық елдерде үкіметпен қадағаланады
- Б) барлық елдерде заңмен қадағаланады
- В) барлық елдерде салық қызметімен қадағаланады
- Г) барлық елдерде әкімшілік кодексімен қадағаланады
- Д) барлық елдерде жергілікті басқару органдарымен қадағаланады

9. Өндірістің барлық көлемінің өзіндік құнының есептелуі мен ұсталым құрылымының талдауы үшін барлық шығындар олардың экономикалық мазмұнына сәйкес топтастырылады:

- А) материалдық шығындар бойынша
- Б) еңбекақыны өтеу шығындары бойынша
- В) әлеуметтік мұқтаждықтарға аударылымдар бойынша
- Г) негізгі қорларды амортизациялау бойынша
- Д) жоғарыда аталғандардың барлығы

10. Өндіріс ұсталымдары мен өнім бірлігінің өткізілуін анықтау ... деп аталады.

- А) айналым ұсталымдары
- Б) шығындар сметасы
- В) өнімнің өзіндік құны
- Г) калькуляциялау
- Д) шығындарды анықтау

11. Калькуляциялау статьялары бойынша топтастырғанда өзіндік құнның құрамындағы шығындар келесі критерийлер бойынша жіктеледі:

- А) негізгі және үстеме
- Б) төте және жанама
- В) жай және кешенді
- Г) тұрақты және айнымалы
- Д) жоғарыда аталғандардың барлығы

12. Шығындарды негізгі және үстеме деп бөлу ... байланыстырылады

- А) өнім өндірумен
- Б) өнімді сатумен
- В) өнімді жеткізумен
- Г) өнімді өткізумен
- Д) өнімді калькуляциялаумен

13. Негізгі шығындар ... байланысты.

- А) өнімді калькуляциялаумен
- Б) өнімді өткізумен
- В) тікелей технологиялық үрдіспен
- Г) өнімді жеткізумен
- Д) өнімді сатумен

14. Негізгі шығындарға ... жатады.

- А) шикізат және материалдар
- Б) отын
- В) энергия
- Г) өндірістік қызметкерлердің негізгі еңбекақысы
- Д) жоғарыда аталғандардың барлығы

15. Үстеме шығыстар төмендегілермен байланысты:

- А) басқаруды ұйымдастырумен
- Б) өндіріске қызмет көрсетумен
- В) басқаруды ұйымдастыру мен өндіріске қызмет көрсетумен
- Г) өндірістік қызметкерлердің еңбекақысымен
- Д) технологиялық мақсаттармен

16. Үстем шығыстарға төмендегілер жатады:

- А) цехтік шығыстар
- Б) жалпызауыттық шығыстар
- В) өнімді өткізу шығыстары
- Г) өндіріске қызмет көрсету шығыстары
- Д) жоғарыда аталғандардың барлығы

17. Кәсіпорынның барлық шығындары төте және жанама болып келесілерге байланысты бөлінеді:

- А) технологиялық үрдіске
- Б) өзіндік құнға бұйымдардың нақты бір түрлерінің жатқызылуына
- В) өнімді өткізу шығыстарына
- Г) өндіріске қызмет көрсетуге
- Д) басқаруды ұйымдастырумен

18. Төте шығындар төмендегілермен тікелей байланысты:

А) белгілі бір өнім түрін өндірумен байланысты және оның өзіндік құнына тікелей қатысты

- Б) белгілі бір өнім түрін өндірумен
- В) өнімнің өзіндік құнымен
- Г) толықтай кәсіпорынның немесе цех жұмысымен
- Д) жоғарыда аталғандардың барлығы

19. Жанама шығындар ... тікелей байланысты.

А) белгілі бір өнім түрін өндірумен байланысты және оның өзіндік құнына тікелей қатысты

- Б) белгілі бір өнім түрін өндірумен
- В) өнімнің өзіндік құнымен
- Г) толықтай кәсіпорынның немесе цех жұмысымен
- Д) жоғарыда аталғандардың барлығы

20. Жай статьяларға төмендегілер жатады:

- А) негізгі шикізат пен материалдарға шығындар
- Б) жабдықтарды пайдалану мен күту шығындары
- В) негізгі шикізат пен материалдарға шығындар, негізгі өндірістік қызметкерлердің еңбекақысы
- Г) цехтік және жалпызауыттық шығыстар
- Д) жабдықтарды пайдалану мен күту шығындары, цехтік және жалпызауыттық шығыстар

21. Кешенді статьяларға ... жатады.

- А) негізгі шикізат пен материалдарға шығындар
- Б) жабдықтарды пайдалану мен күту шығындары
- В) негізгі шикізат пен материалдарға шығындар, негізгі өндірістік қызметкерлердің еңбекақысы
- Г) цехтік және жалпызауыттық шығыстар
- Д) жабдықтарды пайдалану мен күту шығындары, цехтік және жалпызауыттық шығыстар

4. БАҒАНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ КӘСІПОРЫННЫҢ БАҒАҒА БАЙЛАНЫСТЫ САЯСАТЫ

✓ **Қажетті сөздер:** баға, сатушы бағасы, сатып алушы бағасы, нарықтық баға, тең өлшемді баға, бағаның пайда болуы, бағалық бәске, демпинг, өндірістің орташа шығындардың мөлшері, сала бойынша табыстың орта мәні, қаржылық жүйенің күйі, сұраныс пен ұсыныстың қатынасы, бәсекелік ортаның күйі және бар болуы, монополиялық басқару, мемлекеттің бағаны басқару, бағаның жоғарғы шегі, бағаның төменгі шегі.

ЖОСПАР

- Баға және бағаның құрылуы
- Баға құрылуының стратегиясы
- Кәсіпорын өніміне бағаның құрылу әдістері

Баға және бағаның құрылуы

Баға бұл сатушы сатуға келісетін, ал тұтынушы сатып алуға келісетін ақша мөлшерін бейнелейді және экономиканың ең маңызды көрсеткіші болып табылады. Осы анықтамада бағаның екі түрі туралы айтылған. Сатушының бағасы (**тауардың ұсыныс бағасы**) – бұл сатушының тауарды сатудан алғысы келген ақша мөлшері. Сатып алушының бағасы (**тауардың сұраныс бағасы**) – бұл сатып алушының тауарды сатып алуға келіскен және мүмкіндігі бар ақша мөлшері.

Нарықтық баға (тауардың сату бағасы, келісу бағасы) – сатушы мен сатып алушы арасында келісілген, яғни тауардың іс-жүзіндегі сатылатын бағасы болып табылады. Бұл нарықтық механизмнің ең маңызды механизмі болып табылады және сәйкес нарығының қалпын анықтайтын бірнеше факторлардың ықпалынан қалыптасады. Бұл нарықта, әдетте, тек қана бір емес, бірнеше сатушылар мен сатып алушылардың бар болуымен байланысты. Ондай жағдайда баға бір сатушымен емес, ал сатушылардың жиынымен орнатылады.

Сонымен бірге *сұраныс бағасы* бұл сатып алушының белгілі бір тауарды сатып алуға келіскен баға емес, ал *сұраныс жиынының нәтижесі* болып табылады, бір сатып алушының емес, ал салып алушылардың жиынымен орнайды.

Бағаның құрылуында беделді рөлді мемлекет атқарады. Ол белгілі бір бағалық шектеулерді орнатады, мысалы, әлеуметтік маңызы бар тауарлар үшін.

Нарықтық бағалар өнімді өндіруге және сатуға кеткен шығындардан деңгейінен құрылады. Әдетте, өндірістік кәсіпорындар өнімдерін тікелей тұтынушыға емес, делдалдар арқылы сатады, демек тауардың нарықтық бағасына оның да әсері бар. Осының бәрін ескере отырып, тауардың нарықтық бағасының құрылуының келесі сызба-нұсқасын көрсете аламыз (4.1-сурет).




4.1-сурет. Тауардың нарықтық бағасының құрылуының сызбанұсқасы

Осыған қоса, тауардың нарықтық бағаға тікелей әсер ететін факторлардың тізімі жоғарыға қарағанда кенірек және де олардың көбі кешенді болатынын ескерту қажет.

Бұл жүйе бойынша осылардың ішінен келесі негізгі *кешенді факторды* бөліп шығарайық:

- Орташа өндіріс шығындардың мөлшері
- Орта салалық табыс мөлшері
- Ақша жүйесінің қалыпы
- Сұраныс және ұсыныс арасындағы қатынас
- Баскелестік органың бар болуы және оның қалыпы
- Монополді басқару
- Бағаларды мемлекетпен басқару

Бірдей немесе тұтынушы қасиеттері жақын тауарды өндіретін кәсіпорындарда өндірістің ұйымдастыру-техникалық деңгейі, жұмыскерлердің дағдылық деңгейі әртүрлі және өндірісте қолданылатын шикізат пен материалдарды әртүрлі жерінен алады. Осының барлығы әр кәсіпорын үшін өзіндік өндіріс шығындарды қалыптастырады. Осы уақытта кәсіпорын құрылған кезде сала бойынша орташа өндіріс шығындарға және салада қалыптасқан орташа табыс мөлшеріне қарай бағыталады.



4.2-сурет. Баға құрастырушы факторлар жүйесі

Қаржылық жүйесінің қалып-күйі тауардың бағасына тікелей әсер етеді, дәлірек айтқанда:

- халық табысының деңгейі мен тенденция;
- ақша бірлігінің сатып алу мүмкіндігі;
- инфляция деңгейі мен динамикасы;
- негізгі сауда серіктестерінің және басқалардың ақша бірліктеріне қарағанда халық валютасының басымдылығының өзгеруі.

Сұраныс және ұсыныс арақатынасы нарықтық бағаның құрылуына маңызды әсер етеді. **Сұраныс** адамдардың қажеттілігін бейнелейді және өндірістік пен жекелік тұтынуынан құралады. **Ұсыныс** өндіріс іс-әрекетінің сатуға арналған тауарлық масса түріндегі қорытындысы. Сұраныс және ұсыныс заңына сәйкес *равновесная баға* құрылады, ол тауар нарығындағы сұраныс және ұсыныс теңдігінен құрылады.

Нарықтық экономикасында бағаның құруына әсер ететін тағы бір маңызды фактор бағалық бәсекелестік болып табылады, бұл фактор бәсекелестің әсерінен бағалардың түсуіне негізделеді. Кей жағдайда тауардың нарығында сату бағасы өндіріс бағасына қарағанда төмен болатынын байқауға болады, бұл *демпинг* деп аталады және іскерлік практикаға жатады да, бәсекелестің ұқыпсыз әдістері

ретінде анықталады. Шекті іскерлік практика фирмалармен бәсекелестерді жылжыту және нарығынан шығарып тастау үшін, олардың жұмысын тоқтату мақсатымен іс-әрекеттеріне бақылау орнату үшін, нарығында өз фирманың бас болуын қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

Бағалық емес бәсекелес тауардың бағасына келесі факторлар арқылы әсер етеді:

- өндірістің салалық ерекшеліктері (мысалы, капитал немес мол еңбек жұмсалатын);
- тауардың өмірлік циклі (тауар өмірлік циклінің қай деңгейінде);
- өнім типі (мысалы, қайталанатын немесе өзіндік);
- фирма имиджі;
- әкелулер көлемі, сатушы мен сатып алушы арасындағы қарым-қатынас (қарым-қатынас сипаты әсер арқылы анықталады);
- төлем шарты;
- бағаларды франкілеу (әкелулердің ерекше транспорттық шарттарды орнатты).

Бағалар басқарылатын және тәуелсіз болу мүмкін.

Басқарылатын бағалар мемлекет басқаруында болады, ол бұларға әр түрлі әдістермен әсер етеді. Бірінші – бұл бекітілген бағаларды орнату. Әдетте осындай бағалар бірінші керек болатын тауарларға орнатылады. Мемлекет бағаларды басқа әдістермен де реттей алады, мысалы рентабелдіктің шектелген деңгейі, ол табыстың өндіріс бағасына арақатынасына тең. Дамыған елдерде мемлекет басқарылатын бағалар үлесі 20-дан 40%-ға дейін болады.

Тәуелсіз бағалар нарығында сұраныс пен ұсыныс әсерінен құрылады.

Баға құрылуының стратегиялары

Өндіруші кәсіпорындар тауардың өмір циклінің стадияларын ескеріп, баға арқылы белгіленген мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер тәсілдері болатын баға стратегиясын таңдайды.

Келесі стратегиялар практика жүзінде кеңінен таралған: жоғары, орташа, төмен, дифференциалды, льготтық, дискриминацияланған, тұрақты, тұрақты емес, иілгіш, бәсекелес, «психологиялық», жанпай сатып алу бағасы мен көшбасшылық бағасы.

Жоғары бағалар стратегиясы тауарларды алғашқы кезде жоғары бағалармен сатып, кейін бағалардың төмендеуіне негізделген. Ол жаңа тауарларды, престижді тауарларды және сұраныс аз әсер ететін тауарларды сатқан кезде қолданылады. Жоғары бағалар стратегиясы жақсы қорытындыларға әкеледі, егер оған сұранысы тұтынушылардың көпшілігінде бар болса, тауардың сапасы жоғары болса және бәсекелес шектеулі болса.

Төмен бағалар стратегиясы тауарды алғашқы кезде төмен бағалармен сатып, неғұрлым нарық жаулап алған, соғұрлым тауардың бағасын төмендетілуіне негізделген. Ол нарыққа тауарды көп мөлшерде әкелген кезде,

сұраныстың бағаларға тәуелділігі жоғары болған уақытта, өндіріс және айналым шығындарды төмендеуде қолданылады.

Орташа бағалар стратегиясы ең типтік болып табылады және жұмсалған капитал үшін орташа табыс алуына негізделген.

Дифференциалданған бағалар стратегиясы жеке нарықтар және сатып алушылар үшін бағалардың орташа деңгейіне әр түрлі жеңілдіктер мен қосымдалар жүргізу. **Дискриминациялық, көп мөлшерлі сатып алымдардың және льготтық бағалар стратегиясы** оның түрлері болып табылады. **Льготтық бағалар** көбінесе фирманың ерекше маңызы бар сатып алушылар үшін немесе сатылымдарды уақытша үлкейту үшін (мысалы, *тауарлардың мезгілдік жеңілдіктері*) орнатылады. Керек емес сатып алушылар үшін және де егер белгілі бір мемлекет басқа мемлекет үшін дискриминациялық саясатын жүргізетін болса, онда жоғары дискриминациялық бағалар орнатылады.

Тауарды көпмөлшерде сатып алатын болса жеңілдіктер қарастырылады.

Тұрақты бағалар стратегиясы тауарды тұрақты бағалармен көп ақыт сату деген сөз. Ол біртектес тауарларды көп мөлшерде сатқанда және бәсекелестердің саны көп болған кезде қолданылады.

Тұрақты емес бағалар стратегиясы тауар бағасының сұраныстың өзгеруіне, өндіріс шығындарына және сатылымдар көлеміне тығыз байланысын білдіреді.

Иілгіш бағалар стратегиясы сатып алушының саудаласу мүмкіндігіне негізделген және біртекті емес тауарлардың партиялары үшін өзіндік келісімдер жасаған кезде қолданылады (мысалы, инвестициялық маңызы бар тауарлар).

Бағалық бәсеңдеудің стратегиясы осы нарығында бәсеңдеудің белгілі бір тауарға орнатқан бағасына негізделіп, өндірушінің орнатқан бағасы.

Көшбасшылық бағалар стратегиясы көшбасшысының бағалар төмендетуіне қатысты өндірушінің жауапты әрекеті. Ол екі әдіспен жүргізіледі: нарықтың бір бөлігін жоғалту арқылы бұрынғы бағаларды сақтау немесе бәсекелестің артынан бағасын төмендету, бірақ нарықтың бөлігін сақтау.

«Психологиялық» бағалар стратегиясы тұтынушылардың түрлі топтарының психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес болады. Сөйтіп, «психологиялық» бағаларға беделді жоғарғы сапалы тауарлардың бағалары жатады (мысалы, «Роллс-Ройс» көліктік өндірісте, «Ролекс» сағаттық өндірісте және т.б.). «Психологиялық» бағаларға дөңгелектеген соммадан аз ғана кіші болатын бағалар жатады (мысалы, 800 тг емес, 799 тг). Бұл сатып алушыға жасалған жеңілдік ретінде көрінеді.

Таңдалған бағалар стратегиясына байланысты бастапқы бағаны анықтап және келешекте нарықтық факторларға сәйкес түзетулер енгізгісі келетін фирма бағаның құрылуының жалпы саясатын анықтайды.

Кәсіпорын өнімдеріне баға құрылуының әдістері

Тауардың бастапқы бағасын есептеу әдісі, әдетте, келесі сатылардан тұрады:

- баға құрылуының максаттары:

- сұранысты анықтау;
- шығындарды бағалау;
- бәсекелестердің тауарлар мен бағаларын талдау;
- баға құрылуының әдістерін таңдау;
- соңғы бағасын орнату.

Баға құрылуының таңдалған стратегиясының негізінде баға құрылуының мақсаттары қойылады және компанияның ортақ мұраттармен байланысты болады. Мысалға, баға құрылуының аймағында фирманың ортақ саясатын анықтайтын негізгі мәселелерге келесіні жатқызуға болады: өндірістің «өмір сүруін» қамтамасыз ету, табыс максимизациясы, кәсіпорынның орналасқан нарық бөлігінде көрсеткіштер бойынша көшбасшы болу және т.б.

Сұраныс, баға және ұсыныс арасындағы тәуелділікті зерттеу жолында сұраныс анықталады.

Сұраныс, баға және ұсыныс арасындағы тәуелділікті анықтау үшін нарықтық экономикада келесі сұраныс пен ұсыныс өлшемдерінің негізгі әдістері қолданылады:

- тұтынушылардан сұқбат алу;
- тауарды жаңа бағамен сатуға негізделген тура нарықтық тәжіребе жүргізу;
- белгілі бір уақыт ішінде бағалардың өзгеру динамикасының негізінде сұраныс және ұсыныс қисықтарын бағалайтын статистикалық әдістер.

Фирманың өз өнімі үшін сұрайтын *максималды бағаны* сұраныс талдау арқылы анықталады. Өнімді өндіруге және сатуға кеткен шығындарды негізінде минималды баға орнатылады. Осыған сәйкес, бағаның құрылу кезінде өндірістің өнімді өндіруге және сатуға кеткен шығындарын талдап, оларды максималды түрде қысқартуға керек.

Шығын мен табыс, өзара тәуелді өндіріс көлемдерді зерттеу негізінде алынған мәліметтерді талдау, кәсіпорынның бәсекелесе алатындығын және оның жоғарылай алатын аймағында тиімді басқару шешімдер табуға мүмкіндік береді. Шығындарды тұрақты және айнымдыларға бөлу және олардың деңгейі мен тенденциясын зерттеу мүмкін болатын шектер мен нарықта түрлі факторлардың әсерінен бағалардың төмендеу нұсқаларын орнатуға мүмкіндік береді.

Нақты нарықтық шарттарына сәйкес бағалардың орнатылуы бәсекелестердің бағалар мен тауарларды талдау қажеттігімен байланысты. Баға деңгейі туралы шешімне бәсекелес факторлар әсері нарықтың құрылымына, яғни нарықта жұмыс істейтін компаниялар типі мен санына тәуелді.

Баға құрылуы стратегиясына сәйкес кәсіпорын үлкен немесе кіші дәрежеде бәсекелес фирмалардың бағаларын ескереді. Көшбасшылық баға құрылу стратегиясына сәйкес, көшбасшысының бағалар өзгеруіне қатысты басқа кәсіпорындар жауапты әрекеті ретінде өз өнімдерінің бағаларын орнатады және өзгертеді; бәсекелес бағалардың стратегиясында бәсекелестің өз бағаларын көтеру және төмендету кезінде кәсіпорын өз бағаларын төмендетеді немесе өзгеріссіз қалдырады.

Нарықтық экономикада бағақұрылуының кең тараған әдістерінің ішінен келесілерді бөліп алуға болады:

- «прайсингтік» әдістер;
- бағаларды әр элементті есептеу әдісі;
- тұрақталған бағаны ортану негізіндегі әдіс;
- өндіріс шығындарды өтеуге негізделген бағаны анықтайтын әдіс;
- ерекше бағалайтын бағаны анықтайтын әдіс.

«Прайсингтік» әдістер бағаның негізін құрайтын шығын мен табыстарды есептеудің түрлі әдістеріне негізделген. Осылардың ішінен мыналар бөлінеді: толық шығын әдісі, орташаланған шығын әдісі, шектелген шығындар әдісі, өндірістің шығындарының стандартты (нормалды) әдісі, мақсаттық табыс әдісі.

Толық шығындар әдісі бағаны есептеу кезінде өндірістің толық шығындарына және өнімді сатуға және соңғы жылдар қатарында сала бойынша орташа нормалар, несиелік пайыз, капитал айналымының орташа жылдамдығы және салада жинақталу деңгейімен анықталатын табысқа негізделеді.

Орташаланған шығындар әдісі жоғарғы әдістен айырмашылығы бағаны құрайтын шығындарды есептеуде. Осы әдісте өнімді өндіруге кеткен орташа шығындар келесі жолмен есептеледі: шығындардың жиынтығы шығарылан өнімнің санына қатынасы. Осы жағдайда шығындар тұрақты және айнымалы болып бөлінеді.

Шектік шығындар әдісі өндіруді және сатуды кенейткен кезде қолданылады. Осы әдісте бағаны есептегенде, өндіріс көлемі ұлғайған кезде, өнім бірлігіне өзгерген жалпы шығындар соммасы, яғни толықтауыш өнім бірлігін шығару үшін жұмсалған шекті шығындар қолданылады.

Шығындардың стандартты (нормалды) әдісіне сәйкес өнімнің өзіндік бағасының нормативті калькуляция негізінде баға есептеледі.

Мақсаттық табыс әдісі баға есептеген кезде алдын ала анықталған табыс (мақсаттық табыс) мөлшері қолданылады.

Уақыт бойынша төлем әдісі жүргізілген жұмыстың әсерінен кәсіпорынның шын мәнді шығындарына негізделеді. Осы бағақұрылуы әдісті қолдану негізінде үш негізгі шығындар тобының есептеулері жатады: жалақы және басқа да жұмыскерлерге бөлінетін төлемдер; отралық кәсіпорынның (фирманың) аппараты жұмыс әстеу үшін жұмсалатын қосымша шығындар; белгіленген жұмыстарды істеуге арналған тура шығындар.

Жоба жұмысын бағалауды жобаны жүзеге асыру бағасының пайыздық есептеу әдісі құрылыс индустриясына негізделген. Жоба жұмысының бағасы құрылыстың жалпы бағасына және құрылыс объектісінің қиындығына негізделген. Сәйкесінше, көбейтетін коэффициенттер қолданылады. Олардың мөлшері жұмыстың қиындығына қатысты болады.

Тұрақталған бағаны орнату негізіндегі әдіс. Оларға: мықты тұрақталған бағалар әдісі, келесіде қарастыруға мүмкіндігі бар тұрақталған бағалар әдісі, сырғымалы шкала бойынша өзгерген тұрақталған бағалар әдісі.

Мықты тұрақталған бағалар әдісі сатушының іс жүзіндегі шығындарына қарамастан келісім бойынша бағалардың өзгеруі.

Келесіде қарастыруға мүмкіндігі бар тұрақталған бағалар әдісі шектелген уақытта тұрақты бағалардың орнатуы, уақыт біткеннен кейін бағаларды қайт қарастыруға болады.

Сырғымалы шкала бойынша өзгерген тұрақталған бағалар әдісі (сатылы бағалар атысы) уақыт периодына қарай бағаның сәйкес тұрақтануын бейнелейді. Осы әдіске келісімшартта «сырғымалы» бағалардың орнатуы жатады, олар екі бөліктің қосылуынан тұрады: өзгерілетін тұрақталған базалық бөлік және сырғымалы бағаға қосынды.

Өндіріс шығынын өтеуге негізделген бағаны анықтайтын әдіс Барлық шығындарды өтеу шартында келісімшарт міндеттерін орындауды қарастырады.

Бағаны анықтайтын мадақтау әдісі жұмысты атқарғаны үшін мадақтау бағасының ерекше есептелуі. Осылардың ішінде келесі әдістерді атап өткен жөн: бағаның мадақтаумен тұрақталған әдісі, өндірістің мадақтаумен бірге шығын әдісі, мадақтаумен бірге шығындарды өтеу әдісі.

Мадақтаумен бірге бағаның тұрақталған әдісі жоспарлы шығынмен салыстырғанда, өндірістің фактілік шығын деңгейінің төмендеуіне байланысты бағаны мадақтауды қарастырады. Мадақтау, әдетте, шығын деңгейінің 7,5-15% шегінде орнатылады.

Өндірістің шығынын сыйақымен мадақтау әдісінде максималды мадақтау көлемі шектелген (әдетте 7,5% шығын), фактілік шығындардың жоспарлыдан ауытқуы 25% шегінде рұқсат етілген. Одан басқа, бұл әдісте сыйақы көлемі жұмысты жасалу мерзімі мен сапасына қарай төленеді.

Сыйақы мадақтаумен шығындарды өтеу әдісі ең бастысы жобалау мен шығындар деңгейін минималдау мен жұмыстың сапасына қарай сыйақы төлеу арқылы бағаны анықтауда қолданылады.

Тауардың соңғы бағасы көптеген факторларды ескерумен орнатылады, оларды біз жоғарыда атап өткенбіз.

Бүгінгі таңда нарықтық бағаның үш түрі бар:

- өндірістің көтерме бағасы (немесе жіберілу бағасы);
- кәсіпорынның көтерме бағасы (кәсіпорындар мен тұтынушылар одағының қамтамасыз ететін ұйымдарға өнім үшін төлеу бағасы);
- жеке баға дегеніміз тауарды даналап сататын елді мекеннің сауда жүйелеріне, өндірістерге және ұйымдарға, яғни *жеке баға ақырлы болып табылады* (4.3-сурет).

Өндіріс шығындары	пайда	Үстеме бағаға салығы	Акциялар	Өндіріс шығындары	пайда	Үстеме бағаға салығы	Өндіріс шығындары	пайда	Үстеме бағаға салығы
Кәсіпорынның көтерме бағасы				Көтерме үстеме (жеңілдіктер)			Сауда үстемесі (жеңілдіктер)		
Өнеркәсіптің көтерме бағасы									
Бөлшекті бағасы (құны)									

Бағалар құрылуының әр сатысында өндіріс шығындары, табысы, үстеме бағаға салығы ескеріледі (НДС). Кей тауарлар қатарына орнатылғандай акцизалар соммасы қосылады.

Бақылау сұрақтары

1. Неліктен мемлекет нарық жағдайында кей өнім түрлеріне бағаны бақылау керек?
2. Баға дегеніміз не?
3. Өндіріс бағалық стратегиясының қандай түрлерін білесіңдер?
4. Төменгі бағалар стратегиясы дегеніміз не? Бағаның көпбасшылық стратегиясы дегеніміз не? Бағаның дифференциаланған стратегиясы дегеніміз не?
5. Бағаны құратын негізгі факторларды атап өтіңдер?
6. Қандай сатылар баға орнатылуына кіреді?
7. Ненің негізінде өнімнің максималды бағасы анықталады?
8. Бағақұрылудың қандай әдістерін білесіңдер?
9. Келісімшарт бағасы қалай құрылады?
10. Нарықтық бағаның қандай түрлері Ресейде жұмыс істейді?
11. Қандай қосылымдардан жеке баға тұрады?

Тест тапсырмалары

1. Баға – бұл ... бейнелейді:
А) сатушы тауарларды сатуға келісетін, ақша мөлшерін
Б) сатып алушы тауар бірлігін сатып алуға келіскен ақша мөлшерін
В) сатушы тауарды сатуға келісетін, ал тұтынушы сатып алуға келісетін ақша мөлшерін
Г) сатушы мен тұтынушының тауарды сатып алуға және сатуға келіспейтін ақша мөлшерін
Д) сатушы сатуға келісетін, ал сатып алушы алуға келіспейтін ақша мөлшерін
2. Сатып алушы бағасы — ол ..., ақша мөлшері.
А) сатып алушы төлеуге мүмкіндігі бар
Б) сатып алушы төлеуге келіскен
В) сатып алушы тауар үшін төлеуге мүмкіндігі жоқ
Г) сатып алушының тауарды сатып алуға келіскен және мүмкіндігі бар
Д) сатып алушының мүмкіндігі бар, бірақ төлеуге келіспейтін
3. Тауардың сұраныс бағасы — ол ... ақша мөлшері.
А) сатып алушы төлеуге мүмкіндігі бар
Б) сатып алушы төлеуге келіскен
В) сатып алушы тауар үшін төлеуге мүмкіндігі жоқ
Г) сатып алушының мүмкіндігі бар, бірақ төлеуге келіспейтін
Д) сатып алушының тауарды сатып алуға келіскен және мүмкіндігі бар
4. Сатушы бағасы — ол ... ақша мөлшері.
А) сатушының тауарды сатудан алғысы келген
Б) сатушының тауарды сатып алғысы келген
В) сатушының тауарды сатқаннан алғысы келмеген

- Г) сатып алушының тауарды сатып алғысы келген
- Д) сатып алушының сатқаннан алғысы келген

5. Тауардың ұсыныс бағасы — ол ... ақша мөлшері.

- А) сатушының сатудан алғысы келмеген
- Б) сатушының тауарды сатып алғысы келген
- В) сатушының тауарды сатудан алғысы келген
- Г) сатып алушының тауарды сатып алғысы келген
- Д) сатып алушының сатқаннан алғысы келген

6. Нарықтық баға бұл ...

- А) сатып алушымен келісілген баға
- Б) сатушымен келісілген баға
- В) тек сатушымен келісілген баға
- Г) сатушы мен сатып алушының өзара келіспеген бағасы
- Д) сатушы мен сатып алушының өзара келіскен бағасы

7. Тауардың сату бағасы бұл ...

- А) сатып алушымен келісілген баға
- Б) сатушымен келісілген баға
- В) тек сатушымен келісілген баға
- Г) сатушы мен сатып алушының өзара келіспеген бағасы
- Д) сатушы мен сатып алушының өзара келіскен бағасы

8. Келісім бағасы бұл ...

- А) сатып алушымен келісілген баға
- Б) сатушымен келісілген баға
- В) тек сатушымен келісілген баға
- Г) сатушы мен сатып алушының өзара келіспеген бағасы
- Д) сатушы мен сатып алушының өзара келіскен бағасы

9. Тауардың іс-жүзіндегі сатылатын бағасы, бұл:

- А) келісім бағасы
- Б) тауар бағасы
- В) сатушы бағасы
- Г) сатып алушы бағасы
- Д) тауарға сұраныс бағасы

10. Тауардың іс-жүзіндегі сатылатын бағасы, бұл:

- А) нарықтық баға
- Б) тауар бағасы
- В) сатушы бағасы
- Г) сатып алушы бағасы
- Д) тауарға сұраныс бағасы

11. Тауардың іс-жүзіндегі сатылатын бағасы, бұл:

- А) тауар бағасы
- Б) тауардың сатылу бағасы

- В) сатушы бағасы
- Г) сатып алушы бағасы
- Д) тауарға сұраныс бағасы

12. Тауардың сатылу бағасы - бұл нарықтық механизм элементі:

- А) сатушы мен сатып алушының өзара келіскен бағасы
- Б) тауардың іс-жүзіндегі сатылатын бағасы
- В) сәйкес нарығының қалпын анықтайтын бірнеше факторлардың ықпалынан қалыптасады

- Г) жоғарыда айтылғанның барлығы
- Д) мемлекетпен бақыланатын

13. Нарықтық бағаның қалыптасуы процесі келесімен байланысты:

- А) шикізат үшін шығын деңгейі
- Б) өндіріс үшін шығын деңгейімен
- В) өнімді сату үшін шығын деңгейі
- Г) нақты өндірушінің жұмысымен
- Д) жоғарыда айтылғанның барлығы

14. Қаржылық жүйенің қалпын анықтайды:

- А) халықтың табысының деңгейі мен тенденциясы
- Б) ақша бірлігін сатып алу мүмкіндігі
- В) инфляция қарқыны мен деңгейі
- Г) халықтық валютаның сауда серіктестің ақша бірлігінің өзгерісіне беделдігі
- Д) жоғарыда айтылғанның барлығы

15. Нарықтық бағаның қалыптасуына ықпал етеді:

- А) халықтың табысының деңгейі мен тенденциясы
- Б) ақша бірлігін сатып алу мүмкіндігі
- В) инфляция қарқыны мен деңгейі
- Г) сұраныс пен ұсыныстың қатынасы
- Д) жоғарыда айтылғанның барлығы

16. Нарықта ерікті бағалар келесінің ықпалымен қалыптасады:

- А) сұраныс
- Б) ұсыныс
- В) сұраныс және ұсыныс
- Г) мемлекет
- Д) бәсекелес

17. «Қаймақ алу» стратегиясы тауар сатуды келесіні қарастырады:

- А) алдымен төменгі бағалармен, кейін нарықты жаулап алуына қарай бағаларды көтеру
- Б) жеке базарлармен сатушылар үшін тауардың орташа бағасына жеңілдіктер мен қосымшалар жасау
- В) ұзақ уақыт ішінде төменгі бағалармен
- Г) орташа норма бойынша табыстың капиталға салынуы
- Д) алдымен жоғарғы бағалармен, сосын біртіндеп оларды түсіру

18. Орта бағалар стратегиясы тауарды сатуды келесідей қарастырады.

А) алдымен төменгі бағалармен, кейін нарықты жаулап алуына қарай бағаларды көтеру

Б) жеке базарлармен сатушылар үшін тауардың орташа бағасына жеңілдіктер мен қосымшалар жасау

В) ұзақ уақыт ішінде төменгі бағалармен

Г) орташа норма бойынша табыстың капиталға салынуы

Д) алдымен жоғарғы бағалармен, сосын біртіндеп оларды түсіру

19. «Нарыққы шығу» стратегиясы тауарды сату келесіні қарастырады:

А) алдымен төменгі бағалармен, кейін нарықты жаулап алуына қарай бағаларды көтеру

Б) жеке базарлармен сатушылар үшін тауардың орташа бағасына жеңілдіктер мен қосымшалар жасау

В) ұзақ уақыт аралығында бағалардың өзгеріссіздігі

Г) орташа норма бойынша табыстың капиталға салынуы

Д) алдымен жоғарғы бағалармен, сосын біртіндеп оларды түсіру

20. Бағаны дифференциалдау стратегиясы тауарды сату келесіні қарастырады:

А) алдымен төменгі бағалармен, кейін нарықты жаулап алуына қарай бағаларды көтеру

Б) жеке базарлармен сатушылар үшін тауардың орташа бағасына жеңілдіктер мен қосымшалар жасау

В) ұзақ уақыт аралығында бағалардың өзгеріссіздігі

Г) орташа норма бойынша табыстың капиталға салынуы

Д) алдымен жоғарғы бағалармен, сосын біртіндеп оларды түсіру

21. Тұрақты бағалар стратегиясы тауарды сату келесіні қарастырады:

А) алдымен төменгі бағалармен, кейін нарықты жаулап алуына қарай бағаларды көтеру

Б) жеке базарлармен сатушылар үшін тауардың орташа бағасына жеңілдіктер мен қосымшалар жасау

В) ұзақ уақыт аралығында бағалардың өзгеріссіздігі

Г) орташа норма бойынша табыстың капиталға салынуы

Д) алдымен жоғарғы бағалармен, сосын біртіндеп оларды түсіру

22. Тұрақты емес бағалар стратегиясы:

А) сатылым көлемі, өндіріс шығыны және тұтынушылар жағынан сұраныс ауытқуы мен тауар бағасының тығыз тәуелділігін қарастырады

Б) сатып алушының саудаласу мүмкіндігіне байланысты бағаны қояды

В) өндірушінің берілген нарық пен нақты тауардың көшбасшы-фирмамен бағаны сәйкес қарастыру

Г) бәсекелестердің бағаны түсіруіне жауабы

Д) түрлі тұтынушылар тобының психологиялық ерекшеліктеріне қарай

23. Бағаларды иілгіштік стратегиясы:

А) сатылым көлемі, өндіріс шығыны және тұтынушылар жағынан сұраныс ауытқуы мен тауар бағасының тығыз тәуелділігін қарастырады

Б) сатып алушының саудаласу мүмкіндігіне байланысты бағаны қояды
В) өндірушінің берілген нарық пен нақты тауардың көшбасшы-фирмамен бағаны сәйкес қарастыру

Г) бәсекелестердің бағаны түсіруіне жауабы

Д) түрлі тұтынушылар тобының психологиялық ерекшеліктеріне қарай

24. Бағаның көшбасшылық стратегиясы:

А) сатылым көлемі, өндіріс шығыны және тұтынушылар жағынан сұраныс ауытқуы мен тауар бағасының тығыз тәуелділігін қарастырады

Б) сатып алушының саудаласу мүмкіндігіне байланысты бағаны қояды

В) өндірушінің берілген нарық пен нақты тауардың көшбасшы-фирмамен бағаны сәйкес қарастыру

Г) бәсекелестердің бағаны түсіруіне жауабы

Д) түрлі тұтынушылар тобының психологиялық ерекшеліктеріне қарай

25. Бағаның бәсекелестік стратегиясы:

А) сатылым көлемі, өндіріс шығыны және тұтынушылар жағынан сұраныс ауытқуы мен тауар бағасының тығыз тәуелділігін қарастырады

Б) сатып алушының саудаласу мүмкіндігіне байланысты бағаны қояды

В) өндірушінің берілген нарық пен нақты тауардың көшбасшы-фирмамен бағаны сәйкес қарастыру

Г) бәсекелестердің бағаны түсіруіне жауабы

Д) түрлі тұтынушылар тобының психологиялық ерекшеліктеріне қарай

26. «Психологиялық» баға стратегиясы:

А) сатылым көлемі, өндіріс шығыны және тұтынушылар жағынан сұраныс ауытқуы мен тауар бағасының тығыз тәуелділігін қарастырады

Б) сатып алушының саудаласу мүмкіндігіне байланысты бағаны қояды

В) өндірушінің берілген нарық пен нақты тауардың көшбасшы-фирмамен бағаны сәйкес қарастыру

Г) бәсекелестердің бағаны түсіруіне жауабы

Д) түрлі тұтынушылар тобының психологиялық ерекшеліктеріне қарай

27. «Прайсингтік» әдіс келесіге негізделген:

А) толық шығындар әдісі

Б) орташаланған шығын әдісі

В) шектік шығын әдісі

Г) мақсаттық әдіс шығыны

Д) жоғарыда айтылғандардың барлығы

28. Бағаны есептегенде толық шығындар әдісі:

А) өндірістің толық шығыны мен өнімді өткізу мен табысты қарастырады

Б) Шығындар жиынын өндірілген тауарлар санына бөлу жолымен анықталады

В) өндірісті кеңейткенде және сатуды қарастырғанда қолданылады

Г) Өнімнің өз бағасын нормативті калькуляциялауға негізделеді

Д) алдын ала белгілі табыс өлшемін қарастыруды қолдану

29. Бағаны есептегенде орташаланған шығын әдісі:

А) өндірістің толық шығыны мен өнімді өткізу мен табысты қарастырады

- Б) Шығындар жиынын өндірілген тауарлар санына бөлу жолымен анықталады
- В) өндірісті кеңейткенде және сатуды қарастырғанда қолданылады
- Г) Өнімнің өз бағасын нормативті калькуляциялауға негізделеді
- Д) алдын-ала белгілі табыс өлшемін қарастыруды қолдану

30. Бағаны есептегенде шектік шығын әдісі:

- А) өндірістің толық шығыны мен өнімді өткізу мен табысты қарастырады
- Б) Шығындар жиынын өндірілген тауарлар санына бөлу жолымен анықталады
- В) өндірісті кеңейткенде және сатуды қарастырғанда қолданылады
- Г) Өнімнің өз бағасын нормативті калькуляциялауға негізделеді
- Д) алдын ала белгілі табыс өлшемін қарастыруды қолдану

31. Бағаны есептеудің стандартты шығын әдісі:

- А) өндірістің толық шығыны мен өнімді өткізу мен табысты қарастырады
- Б) Шығындар жиынын өндірілген тауарлар санына бөлу жолымен анықталады
- В) өндірісті кеңейткенде және сатуды қарастырғанда қолданылады
- Г) Өнімнің өз бағасын нормативті калькуляциялауға негізделеді
- Д) алдын ала белгілі табыс өлшемін қарастыруды қолдану

32. Бағаны есептеудің мақсатты табыс әдісі:

- А) өндірістің толық шығыны мен өнімді өткізу мен табысты қарастырады
- Б) Шығындар жиынын өндірілген тауарлар санына бөлу жолымен анықталады
- В) өндірісті кеңейткен мен сатуды қарастырғанда қолданылады
- Г) Өнімнің өз бағасын нормативті калькуляциялауға негізделеді
- Д) алдын ала белгілі табыс өлшемін қарастыруды қолдану

5. ТАБЫС, ПАЙДА ЖӘНЕ ӨНДІРІС ПАЙДАЛЫЛЫҒЫ

✓ **Қажетті сөздер:** пайда, пайдалылық, дивиденд, баға, нарықтық баға, түсім, саудадағы баға үстемесі, төлеу қабілеттілігі, салық, тауар айналымы, көтерме сауда, кәсіпкерлік қауіп-қатер, пайдаға салынатын салық, таза пайда, қаржылық нәтиже, шығын, табыс, жұмсалған қаржы, салық салу, пайдалылық иегі, актив, акция, табыстылық.

ЖОСПАР

- Пайда маңызы және факторлары, оның анықтауыштары
- Пайданы жоспарлау
- Пайданы тарату
- Пайдалылықтың экономикалық мазмұны
- Пайдалылық түрлері

Пайда маңызы және факторлары, оның анықтауыштары

Кәсіпорындар саудалық және саудалық емес болып бөлінеді.

Саудалық кәсіпорын ұйымдарының мақсаты – негізгі қызмет түрлерін іске асыру арқылы пайда табу. Саудалық кәсіпорындар әр түрлі ұйымдық-құқықтық формаларды иеленуі мүмкін.

Саудалық ұйым болып табылатын заңды тұлғалар шаруашылық серіктестік, қоғам, өндірістік кооператив, мемлекеттік және муниципалды бірыңғай кәсіпорын түрлерінде құрылуы мүмкін.

Саудалық емес ұйым болатын заңды ұйымдар тұтыну кооперативтері, қоғамдық және діни ұйымдар (бірлестіктер), өз мекемелері қаржыландыратын қайырымдылық және басқа да қорлары ретінде немесе заңмен қарастырылған басқа формаларда құрылады.

Саудалық емес ұйымдар қызметін өздерінің негізгі бағытымен қаншалықты байланысты болса, соншалықты іске асыра алады. Олар пайда табу мақсатын көздемейді. Олардың негізгі қамы – имидж.

Саудалық және саудалық емес ұйымдарды ассоциациялар және одақтар түрінде біріктіруге болады.

Саудалық ұйымдар құрылтайшылар (қатысушылар) салған ақшаларымса (үлестер, пайлар) құрылған және ұйымның қызметі ету барысында өндірілген және иеленген мүліктің иесі болып табылады. Бұл ұйымдарға қатысты олардың қатысушыларының ұйымның жұмысын басқаруға қатысуға, таратылатын

пайданын белгілі бір бөлігін (дивидент) алуға, ұйымның тарау кезінде несие берушілермен есептескеннен кейін меншіктің бөлігін алу мүмкіндіктерін беретін міндеттемелік құқықтары бар.

Мемлекеттік және муниципалды бірыңғай кәсіпорындарды ерекшелік деп қарастырған жөн, олар саудалық ұйым бола тұра, өздеріне бекітілген меншіктің иесі болып табылмайды. Мемлекеттік және муниципалды бірыңғай кәсіпорындардың мүлігі сәйкесінше мемлекеттік және муниципалды меншікке жатады және мұндай кәсіпорын оларды шаруашылық жүргізуге қолданады.

Келесі ерекшеліктерді *федералды қазыналық кәсіпорындар* құрайды, олар да саудалық ұйым, бірақ жедел басқару құқығына негізделген.

5.1-суретінде саудалық ұйымдар сызбасы көрсетілген. Егер оны төлеу қабілеттілігін басқару жағынан қарайтын болсақ, онда мұндай қорытынды жасауға болады: кәсіпорын сызба ағашы бойынша биік орналасқан сайын, қауіп-қатер дәрежесі жоғары болады және мүлікті, көздерді сәйкесінше қаржылық тұрақтылықты басқаруда еркіндік жоғары болады.

Мемлекеттік және муниципалды бірыңғай кәсіпорындар мемлекеттің монополиялық билігімен байланысты болғандықтан, ереже бойынша олар тәуелді экономикалық саясатқа ие.

Жабық акционерлік қоғамдар өздерінің шаруашылық-қаржылық саясатын акционерлердің шектеулі жиындарындағы шешімдерге байланысты жүргізеді.

Ашық акционерлік қоғамдарда акционерлер саны едәуір көп, сәйкесінше оларда мүлікті басқару еркінділігі де, қауіп-қатер дәрежесі де жоғары.

Жауапкершілігі толықтырылған қоғамдар және жауапкершілігі шектелген қоғамдар өздері үшін әр түрлі жауапкершілік деңгейін анықтайды (жауапкершілігі толықтырылған – мүлікпен және салынған ақша мөлшерімен, жауапкершілігі шектелген – салынған ақша мөлшерімен). Жауапкершіліктің күшеюі басқару еркіндігінің төмендеуіне әкеледі.

Серіктестіктердің ұйымдық-құқықтық формалары да басқару еркіндігін төлеу қабілеттілігімен анықталады: *толық серіктестік* – үлестік жарнамен және өздерінің мүліктерімен (толық серіктер), *сеніммен құрылған серіктестіктер* – тек салынған ақша мөлшерімен (шектелген жауапкершілік). Тәуелділік динамикасы да осындай.

Сызбаның төменгі деңгейінен жоғарғысына өткен сайын бастапқы капиталға талаптар азая бастайды, сондай-ақ ол кәсіпорын қызметіндегі еркін қаражаттың (*абсолютті өтімді*) көп мөлшерін қолдануды анықтайды.

Шаруашылық қызмет өндірісті-шаруашылық және саудалы-өтімдік болып бөлінеді.

Өндірісті-шаруашылық қызмет үш сатыдан тұрады:

- Жабдықтау (материалды-техникалық қамтамасыздандыру);
- Өнім, жұмыс, қызмет көрсету өндірісі;
- Дайын өнім, жұмыс, қызмет көрсету өтімділігі (өткізу).

Саудалы-өтімдік қызмет екі сатыдан тұрады:

- Тауарды сатып алу;
- Тауарды өткізу.



5.1-сурет. Саудалық ұйымдардың ұйымдық-құқықтық формалары

Өндірісті-шаруашылық қызметіндегі алғашқы екі сатының іске асу нәтижесінде кәсіпорын дайын өнім өндіреді, ол өнім материалдық құндылықтар да, сондай-ақ материалдық емес құндылықтар (программалық жабдықтау, саудалық белгі, іскерлік атақ) және қызмет көрсетулер болуы мүмкін. Қандай өнім болмасын, жеке тұтыну нәрсесі немесе өндіріске арналған болсын, оның бағасы нарықтағы бәсекелік күрес нәтижесінде, жинақталған сұраныс пен ұсыныс нәтижесінде анықталады. Егер біз өнімді немесе қызмет көрсетуді нарықтық баға бойынша жүзеге асырсақ, онда тек нарықтық тепе-теңдіктен ғана емес, сондай-ақ жүзеге асқан өнім көлемінен де тәуелді түсім аламыз.

Саудалы-өтімдік қызметінің өткізу нәтижесінде кәсіпорын тауардың сатып алу бағасымен өткізу бағасы арасында пайда болатын айырмашылық (саудадағы баға үстемесі) көлеміндегі түсімді алады. Мұнда ұсынылған тауарды сатушы мен сатып алушының маркетинг комплексінің даму дәрежесі маңызды болып табылады.

Кәсіпкер алатын түсім экономикалық субъектінің төлеу қабілеттігінің дәрежесін және пайдаға, автожолдарды пайдаланушыға, қосымша құнға салынатын салықтың қорын анықтайды.

Салық – бұл ұйымдар мен физикалық тұлғалардың оларға меншік құқығы бойынша тиісті шаруашылық басқармаларын немесе қаражатты жедел басқаруларын мемлекетті және (немесе) муниципалды құрылымдарды қаржымен қамтамасыздандыру мақсатында иесіздендіретін міндетті жеке төлем.

Сондықтан өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) өткізуден түсетін түсімді дұрыс анықтау маңызды.

Оны анықтаудың екі әдісі бар. Бірінші *әдіс* – *кассалық*. Бұл әдісті қолданғанда түсім есептік шотқа немесе кәсіпорын кассасына түскенде өнімді, жұмысты, қызмет көрсетуді өткізуден түсетін түсім алынды деп саналады. Түсімнің қалыптасуының бұл реті өндірістік айналыстың ұзақтығы жоғары болатын салаларда қолданылады, сондай-ақ бұл салалар көп еңбек сіңіруді және көп материалды қажет ететін салалар болып табылады. Мысалы, құрылыста.

Екінші әдіс – *есептесу әдісі*, мұнда өткізілген өнімнің түсімі тауарларды жүктеу (жұмысты, қызмет көрсетуді орындау) және сатып алушыға есеп айырысу құжаттарын көрсету кезінде анықталады. Бұл әдіс тауар айналысы үлкен (*көтерме сауда*) салаларда қолданылады. Әдіс тұрақты экономикалық жағдайда қолма-қол емес есеп айырулар жүйесі әрекет ететін шетелдерде кеңінен таралған. ҚР-да екінші әдіске жақын арада ғана рұқсат берілді. Бұл әдістің кемшілігі өнімді өткізуден түскен түсім қаржылық есеп беруде белгіленеді және оған салық салынады, ал ақшалық қаражат кенет пайда болған *кәсіпкерлік қауіп-қатерге* (болжамды, критикалық немесе апатты) байланысты шотқа түспеуі мүмкін.

Әдістердің қайсысы қолданылатыны бухгалтерлік есептің тәртібіне байланысты құрылатын есептік саясат туралы бұйрықта көрсетілуі тиіс. Бұл бұйрықтың әрекет ету ұзақтығы – бір есептік жыл. Құрылтайшылар өзгергенде, жаңа нормативтік-заңгерлік актілер қабылданғанда есептік саясат қайта қарастырылуы мүмкін.

Егер кәсіпорын есептік саясатын өзгертіп, түсімді анықтаудың кассалық әдісінен есептеу әдісіне көшетін болса, бұл кәсіпорынның есептік саясаты жөніндегі жаңа бұйрық қабылданғаннан кейінгі шаруашылық операцияларға міндет болып табылады. Есептік саясат өзгергенге дейін жүзеге асқан шаруашылық амалдардан түскен түсім кассалық әдіске сәйкес анықталады.

Өнімді, тауарды өткізуден түскен түсімнен басқа кәсіпорындар негізгі және айналыс қаражаттарын, материалдық емес активтерді, құнды қағаздарды және таға басқаларды өткізуден түсім ала алады.

Бизнес қорытындысын анықтау үшін кәсіпкер барлық қызмет түрлерінің табыстарымен ұйымның шығындарын салыстыруы керек, яғни шаруашылықтың қаржылық нәтижесін анықтауы керек.

Қаржылық нәтиже – жалпы пайда немесе әртүрлі шаруашылық операциялардың салдарынан пайда болған шығын түрінде көрсетілетін шаруашылық қызметтің ақырғы қорытындысы.

Яғни, қаржылық қорытынды ретінде тек қана пайда емес, мысалы өндіріске шектен тыс шығындану салдарынан, шаруашылық келісімдердің орындалмау себебтерінен өнімнің өткізілмеуінен пайда болатын шығын болуы мүмкін.

Қаржылық қорытындының құрылуы 5.2-суретінде көрсетілген.

Кәсіпорынның негізгі шығындары 5.3-суретте көрсетілген.

Кәсіпорынның табыстарының құрамы 5.4-суретте көрсетілген.

Пайдаға салынатын салықты төлеушілер: жеке заңды ұйымдар, сондай-ақ оның филиалдары, бөлек балансы мен есептік шоты бар басқа жекеленген бөлімдер. Дербес жағдайда қарастырғанда, ҚР заңына байланысты заңды ұйым болып табылатын, сондай-ақ ҚР территориясында кәсіпкерлік қызметін атқаратын кәсіпорындар мен ұйымдар пайдаға салынатын салықты төлеуге міндетті.

Салық салынатын объект дегеніміз тауарды, өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) өткізудің пайдасынан (шығынынан), негізгі қорлардың, кәсіпорынның басқа мүліктерінің өткізу нәтижесінен, *өткізуден тыс операциялардың* нәтижесінен тұратын кәсіпорынның жалпы пайдасы болып табылады.

Кәсіпорынның таза пайдасы, яғни кәсіпорынның карамағына қалған пайда жалпы және баланстық пайда арасындағы, пайдаға салынатын салықтың мөлшері мен ренталық төлемдер арасындағы және т.б. айырымдармен анықталады. Таза пайда өндірістік дамуға, жұмысшыларды қамтамасыздандыруға, резервтік қорларды құруға, экономикалық санкцияларды төлеуге, қайырымдылық және т.б. мақсаттарға бағытталады.

Кәсіпорындардың қызметінен тәуелді пайданы өсірудің маңызды факторлары: келісілген шарттарға сәйкес өндірілетін өнімнің көлемінің өсуі, өзіндік құнның төмендеуі, сапаның өсуі, ассортименттің күшеюі, негізгі капиталды қолдану тиімділігінің өсуі, өнімділіктің өсуі болып табылады.

Мемлекеттік салық саласындағы, құрылымдық, инвестициялық және бағалық саясаттағы өзгерістер, табиғи, жағрафиялық және басқа да жағдайлардың әсер етуі кәсіпорын қызметінен тәуелді емес факторларға жатады.

Құрылтайшылар, акция ұстаушылар, басқарманың көмегімен ұйым қызметін белсенді ету үшін кәсіпорын пайдасының әрбір қосылғышының әрқайсысына талдау жасау қажет.




5.2-сурет. Қаржылық қорытындының құрылуы

Кәсіпорын шығындары



5.3-сурет. Кәсіпорынның шығындары



5.4-сурет. Кәсіпорынның табыстарының құрамы

Ұйым қызметінің қаржылық қорытындысын талдауға келесілер кіреді:

- Ағымдағы талданушы уақыт ішінде әрбір көрсеткіштің өзгерісін зерттеу (көлденең талдау)
- Сәйкес көрсеткіштердің құрылымын және олардың өзгерістерін зерттеу (тік талдау)
- Есеп беру уақыт қатарында көрсеткіштердің өзгеру динамикасын зерттеу (трендтік талдау)

• Факторлардың пайдаға әсерін тексеру (факторлық анализ)

Талдау барысында келесі көрсеткіштер есептелінеді:

1) абсолют ауытқу $DP = P_1 - P_0$,

Мұндағы P_0 - базистік уақыттағы пайда;

P_1 - есеп беру кезеңінің пайдасы

DP - пайданың өзгеруі

2) өсу жылдамдағы $\frac{P_1}{P_0} \times 100\%$;

3) өткізуден түскен түсімнің әрбір көрсеткішінің деңгейінің % түріндегі деңгейі

$$\frac{P_1}{B} \times 100\%;$$

Мұндағы B – өткізу түсімі

Көрсеткіштер базистік және есеп берулік кезеңдерде есептелінеді;

4) құрылымның өзгеруі $DY = YP_1 - YP_0$,

Мұндағы YP_1 - есеп беру кезеңінің деңгейі;

YP_0 - базистік кезеңнің деңгейі;

5) факторлық талдау жүргізіледі.

Есеп беру кезеңінің пайда сомасына оны анықтайтын барлық көрсеткіштер – факторлар әсер етеді:

$$P^e = B - C - KP - UP + \%пол. - \%упл. + ДрД + ПрД - ПрР + ВнД - ВнР + ЧД - ЧР = \sum_{i=1}^{13} X_i$$

Бұл аддитивті түрдегі факторлық үлгі.

Өнімді өткізуден түсетін пайдаға әсер етуші факторларды есептеу тәсілі келесі қаламдардан тұрады:

1. «Өткізуден түскен түсім» факторының әсерін есептеу.

Факторлық талдауды жүргізгенде инфляцияның әсерін есепке алу қажет.

Есеп беру мерзіміндегі өнім бағасы базистік кезеңмен салыстырғанда орташа $K\%$ өсті деп ұйғарайық. Онда баға индекстері $J_v = \frac{100 + K}{100}$.

Сөйтіп, есеп беру мерзіміндегі салыстырмалы бағамен өткізуден түскен түсім мынадай $B' = \frac{B_1}{J_v}$,

Мұндағы B' - салыстырмалы бағамен өткізуден түскен түсім;

B_1 - есеп беру мерзіміндегі өнімді өткізуден түскен түсім

J_v - бағалар индексі.

Өткізу түсімінің өзгерісінің өткізу пайдасының мөлшеріне әсерін (баға өзгерісінің әсерін ескермегенде) келесі түрде есептеуге болады:

$$\Delta\Pi^{P(B)} = \frac{[(B_1 - B_0) - DB_U] \times R^{P0}}{100},$$

мұндағы $\Delta\Pi^{P(B)}$ – "түсім" факторының әсерінен өткізуден түсетін пайданың өзгеруі;

B_1 және B_0 - бағаның өзгеруіне сәйкес анықталған есеп беру және базистік мерзімдердегі өткізуден түскен түсім;

R^{P0} – базистік мерзімдегі сауданың пайдалылығы.

1. «Баға» факторының әсерін есептеу.

Баға өзгерісінің өткізуден түсетін пайда мөлшеріне әсер ету дәрежесін анықтау үшін келесі есептеуді жүргізу қажет:

$$\Delta\Pi^{P(U)} = \frac{(B_1 - \frac{B_1}{J_*}) \times R^{P0}}{100}.$$

2. «Өткізудің өзіндік құны» факторының әсерін есептеу келесі түрде жүзеге асады.

$$\Delta\Pi^{P(C)} = \frac{B_1(UC_1 - UC_0)}{100},$$

мұндағы UC_1 және UC_0 - есеп беру және базистік мерзімдегі сәйкесінше өзіндік құн деңгейлері.

3. Одан әрі пайданың өзгеруіне саудалық және басқармалық шығыстардың, сондай-ақ басқа да өткізуден тыс төтенше табыс және шығыстардың әсерін анықтаймыз.

Барлық көрсеткіштерді пайдаға қатысты *тікелей және кері әсер ету факторларына* жіктеу қажет. «Тікелей әсер» факторының көрсеткіші қандай шамаға өссе (азайса), пайда да сондай шамаға өседі (азаяды). «Кері әсер» факторлары (шығыстары) пайда мөлшеріне керісінше әсер етеді.

Сөйтіп, өткізу пайдасына ықпал ететін факторлар әсерін жалпылауға болады, олай болса, есеп беру мерзіміндегі пайдаға әсерін де жалпылауға болады. (5.1-кестесін қара).

Факторлардын пайдаға әсері

<i>Фактор – көрсеткіштер</i>	<i>Пайда мөлшеріне әсерінің сипаттамасы.</i>
1. Тауарды, өнімді, жұмысты, қызмет көрсетуді өткізуден түскен түсім	Тікелей әсер
2. Өткізілген өнім бағасының өзгеруі	Тікелей әсер
3. Тауарды, өнімді, жұмысты, қызмет көрсетуді өткізудің өзіндік құны	Кері әсер
4. Саудалық шығыстар	Кері әсер
5. Басқармалық шығындар	Кері әсер
6. Алу пайызы	Тікелей әсер
7. Төлеу пайызы	Кері әсер
8. Басқа ұйымдарға қатысудан келетін табыс	Тікелей әсер
9. Басқа амалдық табыстар	Тікелей әсер
10. Басқа амалдық шығыстар	Кері әсер
11. Басқа өткізуден тыс табыстар	Тікелей әсер
12. Басқа өткізуден тыс шығыстар	Кері әсер
13. Төтенше табыстар	Тікелей әсер
14. Төтенше шығыстар	Кері әсер
<i>Есеп беру жылының пайдаға әсері</i>	1+2-3-4-5+6-7+8+9-10+11-12+13-14

Пайданы жоспарлау

Пайданың анықтаушы мәні оның дұрыс есептелуін талап етеді. Көп жағдайда кәсіпорынның жемісті қаржылы-шаруашылық қызметі жоспарлы пайда қаншалықты дәлелді анықталғандығынан тәуелді.

Жоспарлы пайданы есептеу экономикалық дәлелді болуы тиіс, ол инвестициялар мен инновацияларды қаржыландыруды жүзеге асыруға, меншікті қаражатты өсіруге, тиімді ұйымдар жүйесін құруға және еңбек етуге жағдай жасауға, бюджетке уақытымен салық төлеуге мүмкіндік береді.

Формалардың және кәсіпорын қызметінің бағыттарының алуан түрлілігі және салық салу жүйесі пайданы оның түрлері бойынша жоспарлауды талап етеді.

Келесілер бөлек жоспарланады:

- тауарлық өнімді өткізуден түскен пайда;
- басқа өнімдерді және тауарлық емес сипаттамадағы қызмет көрсетулерді өткізуден түскен пайда;
- мүлкті өткізуден түскен пайда;
- өткізуден тыс табыстардан түскен пайда.

Сәйкесінше, пайданы оның түрлері бойынша жоспарлаудың әр түрлі әдістері бар. Тауарлық өнімді өткізуден түскен пайда жоспарлау әдістері теорияда анағұрлым өңделген және тәжірибеде табысты қолданылады. Отандық тәжірибеде тікелей есептеу әдісі және аналитикалық әдіс жиірек пайдаланылады.

Ереже бойынша, тікелей есептеу әдісін шығарылатын өнім ассортименті үлкен емес жағдайда қолданады. Оның мәні – пайда өнімді сәйкес бағамен өткізуден түскен түсім мен оның акциз бен қосылған құнға салынатын салықты шегергендегі толық өзіндік құнының айырмасы ретінде есептеледі:

$$П = (B \times Ц) - (B \times C),$$

мұндағы П – жоспарланған пайда;

В – жоспарланған мерзімде таза бейнесінде тауарлық өнімді шығару;

Ц – өнім бірлігінің бағасы (акциз бен қосылған құнға салынатын салықты шегергендегі);

С – өнім бірлігінің толық өзіндік құны.

Жоспарлы мерзімде толық өзіндік құны және баға бойынша салыстырылатын және салыстырылмайтын өнімді шығаруды, сондай-ақ дайын өнімнің қоймадағы қалғаны мен жоспарланған мерзімнің басында және аяғында түсірілген тауарларды анықтау пайданы есептеудің алдында болалы.

Тікелей есептеу әдісімен пайданы есептеу қарапайым және қол жеткізерлік, бірақ ол жеке факторлардың оның өсуіне әсерін көрсете алмайды және өнімнің үлкен номенклатурасында еңбекті көп қажет етеді.

Пайданы жоспарлаудың **аналитикалық әдісі** шығарылатын өнімнің үлкен ассортиментінде, сондай-ақ тексеру және бақылау мақсатымен тікелей есептеу әдісіне қосымша ретінде қолданылады.

Бұл әдістің артықшылығы – ол жеке факторлардың жоспарланған пайдаға әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Аналитикалық әдісте пайда жоспарланған жылдағы шығарылатын өнімнің әр түрі бойынша емес, барлық жалпы салыстырылатын өнім бойынша есептеледі. Аналитикалық әдіспен пайданы есептеу келесі сатылардан тұрады:

- Есеп беру мерзімінде пайданың сол мерзімдегі салыстырылытын тауарлық өнімнің толық өзіндік құнына бөліндісі ретінде негіздік пайдалылықты анықтау;

- Есеп беру мерзімінің өзіндік құны бойынша жоспарланған мерзімде тауарлық өнімнің көлемін есептеу және негіздік пайдалылықтан таралатын тауарлық өнімді өткізуден келетін пайданы анықтау;

- әртүрлі факторлардың: салыстырылатын өнімнің өзіндік құнының төмендеуі (өсуі), сапасының өсуі, ассортименттің, бағалардың және т.б. өзгеруінің жоспарланған пайдаға әсерін есептеу.

Бұл әдіс бойынша салыстырылмайтын тауарлық өнім бойынша пайда бөлек есептелінеді. Сондай-ақ, жоспарланған мерзімнің басында және аяғында қоймалардағы қалған дайын өнімді өткізуден түсуі мүмкін пайда және мерзімнің басында және аяғында түсірілген тауарға жүзеге асқан пайда ескеріледі.

Тауарлық өнімді өткізу пайдасынан басқа жалпы пайда құрамына басқа өнім мен қызмет көрсетулерді өткізу пайдасы, мүлікті өткізу пайдасы, сондай-ақ жоспарланған өткізуден тыс табыстар мен шығыстар есепке алынады. Сонымен бірге дәстүрлі әдістермен қатар арнайы (сараптамалық, статистикалық, экономика-математикалық және басқалар) әдістер қолданылады.

Кейбір жағдайларда қатар қолдану арқылы есептеу әдісімен пайданы есептейді. Оны қолданғанда бірінші және екінші әдістердің элементтері пайдаланылады. Сонымен жоспарланған мерзімнің бағасымен тауарлық өнімнің құны және есеп беру жылының өзіндік құны тікелей есептеу әдісі бойынша анықталады да, жеке факторлардың пайдаға әсері аналитикалық әдістің көмегімен табылады.

Шаруашылықты жүргізудің қазіргі заманғы сатысында *пайданың тиімді шамасын есептеу* - кәсіпкерлік қызметті жоспарлаудың маңызды элементі.

Мүмкін болатын максимальды пайданы болжау үшін оны анықтаудың әр түрлерін пайдаланған жөн.

Жоғарыда аталғандардан басқа жедел және стратегиялық жоспарлау мақсатымен пайдаланылатын қаржылық талдау әдістері бар. Мысалы, операциялық талдау, сондай-ақ «ұсталымдар-күн-көлем-пайда» талдауы деп аталады («costs-volume-profit» — «CVP»), ол бизнестің қаржылық нәтижелерін, ұсталымдарды және өндіріс көлемін бір жүйеге үйлестіруге мүмкіндік береді.

Операциялық талдаудың негізгі элементтерінің қызметін өндірістік (операциялық) рычаг, пайдалылық шегі және кәсіпорынның қаржылық беріктілігінің қоры атқарады.

Операциялық талдау жүйесінде осы негізгі элементтерді пайдалану дербес жағдайда өнімді өткізу түсімін тұрақты (шартты-тұрақты) және айнымалы (шартты-айнымалы) болып бөлінетін жалпы шығынмен салыстыруға негізделген.

Аралас шығындар өзіндік құн құрылымында орташа алғанда үлкен емес үлес салмақты құрайтыны белгілі, ол тұрақты және айнымалы шығыстарға және олардың пайда мөлшеріне әсерін айқындауға көңіл аударуға мүмкіндік береді. Пайда өсімі айнымалы және тұрақты шығыстардың салыстырмалы өзгеруінен тәуелді.

Жоспарланған мерзімде пайда шамасын анықтауға мүмкіндік беретін әдістер қатарының дәлелдемелері осы тезисті қолдануға негізделген.

«Өндірістік рычаг әсеріне» негізделген әдістер жиі қолданылады, экономикасы дамыған елдердің кәсіпкерлік терминологиясында ол өнімді өткізу түсімі өзгергенде пайданың белгілі бір жаққа қарқынды өзгеруі болатын құбылыс деп түсініледі.

Яғни, тұрақты шығындардың үлес салмағы жоғарылаған сайын өзгермейтін өткізу түсімінде сәйкесінше айнымалы шығындардың үлес салмағы төмен, «өндірістік рычаг әсері» күштірек және керісінше.

Өткізу түсімі төмендегенде «рычаг» әсерінің күші тұрақты шығындардың оның жалпы сомасындағы үлес салмағының өсуіндегі сияқты төмендеуінде де артады, яғни түсімнің төмендеуінің әрбір пайызы пайданың төмендеу пайызының арттырады, мұнда «рычаг» әсерінің күші тұрақты шығынға қарағанда жылдамырақ өседі.

Өткізу түсімі өскенде пайдалылық шегінен өтілген болса, «рычаг» әсерінің күші кемиді; пайда өсімінің әрбір пайызы пайда пайызын азайта береді.

«Өндірістік рычаг» әсерінің күші қор сыйымдылығының деңгейінен тәуелді, яғни бастапқы капитал үлкен болған сайын тұрақты шығындар да үлкен болады.

Кәсіпорын түсімін әрі қарай өсіру мақсатымен тұрақты шығын кенет өзгергенде жаңа пайдалылық шегін өтуге тура келеді.

Пайдалылық шегі – бұл кәсіпорынға зиян келмейтіндей, бірақ әлі пайдасы болмайтындай өткізуден түскен түсім. Жалпы маржа тұрақты шығындарды дәл жабуға жетеді, ал пайда нөлге тең, яғни

Пайда = Жалпы маржа – Тұрақты шығындар = 0,
немесе

Пайдалылық шегі = Тұрақты шығындар / Салыстырмалы жалпы маржа.

Қол жеткізген таза өткізу түсімі мен пайдалылық шегінің айырмашылығы кәсіпорынның қаржылық беріктігінің қорын құрайды. Егер өткізу түсімі пайдалылық шегінен төмен түссе, онда кәсіпорынның қаржылық жағдайы төмендейді, өтімді қаражат тапшылығы құрылады, яғни

Қаржылық беріктілік = Өткізу түсімі – Пайдалылық шегі.

Операциялық «рычаг» әсерінің күші жоғарыда айтылғандай, тұрақты ұсталымдардың салыстырмалы шамасынан тәуелді.

Осылай өндірістік қорлармен ауырлатылған кәсіпорындар үшін операциялық «рычагтың» үлкен күші қауіп туғызады: экономикалық тұрақсыздық жағдайында төлеуге қабілетті ұсыныстың және инфляцияның түсуі, түсімнің әрбір пайызға төмендеуі пайданың кенет төмендеуіне және кәсіпорынның зиян шегуіне алып келеді.

Жоғарыда қарастырылған пайданы анықтау әдістері оларды қолданғанда пайда өсімінің келешегін жоспарлауға, оны максимизациялау бағыттарын анықтауға және кәсіпорынның қаржылық жағдайын бекіту және оны әрі қарай тиімді дамыту мақсатымен уақытында шығын құрылымын тиімділеуде тиісті шараларды қолдануға мүмкіндік береді.

Пайданы тарату

Пайданы тарату және қолдану маңызды процесс болып табылады. Ол кәсіпорынның дамуға қажеттерін қамтамасыздандырумен қатар мемлекеттік бюджеттің табыстарын құрады.

Пайданы тарату механизмі өндірістің тиімділігін арттыратындай, шаруашылықтардың жаңа формаларын дамытуды ынталандыратындай етіп құрастырылған.

Ресей экономикасының әртүрлі сатыларында объективті жағдайларға байланысты пайданы тарату жүйесі ауысып және жетіліп отырды. Пайданы таратудың нарықтық қатынастарға өткенге дейінгі де, оның даму жағдайларындағы да маңызды мәселелердің бірі – бюджет табыстарына топталатын және шаруашылық жүргізетін субъектердің қарамағында қалатын пайданың тиімді үлесімен қамтамасыздандыру болып табылады.


Кәсіпорындар өздерінің талқан пайдасын міндетті салық және заңға сәйкес басқа бағыттардан басқа бөліктерін өздерінің қалауларына қолдануға құқылы. Сөйтіп пайданы таратудың тиімді жүйесінде ең алдымен таза пайданың құрылуының алдындағы сатыларға, яғни кәсіпорын қарамағында қалатын пайдаға объективті қажеттілік пайда болады.

Экономикалық тұрғыда дәлелденген пайданы тарату жүйесі ең бірінші мемлекет алдындағы міндеттерінің орындалуына және кәсіпорынның қаржылық ресурс қажеттіктерімен камтамасыз етілуіне кепілдеме беруі керек.

Кәсіпорын пайдасын таратудың жалпы сызбасы 5.5-суретінде көрсетілген.

Кәсіпорын қарамағына қалатын пайданы өздері қолданады, мемлекет таза пайданы қолдану процесіне араласуына құқы жоқ.

Шаруашылықтың нарықтық жағдайлары пайданы қолданудың басым бағыттарын анықтайды. Бәсекелестіктің дамуы өндірісті кеңейту, еңбек ұжымдарының материалдық және әлеуметтік қажеттіктерін қанағаттандыру қажеттілігін тудырады. Осыған сәйкес таза пайда: НИОКР қаржыландыруға, өндірісті модернизациялауға, өнім сапасын арттыруға, техниканы жаңартуға, өндірісті қайта құруға бағытталады. Таза пайда есебінен кейбір салық түрлері және жинақтар төленеді.



5.5-сурет. Кәсіпорын пайдасын таратудың сызбасы

Өндірістің дамуын қаржыландырумен қатар кәсіпорын қарамағында қалатын пайда тұтынушылық және әлеуметтік қажеттіктерді қанағаттандыруға бағытталады. Сөйтіп пайдадан бір кезеңдік жәрдем ақшалар және сыйлар беріледі, еңбек ұжымдарының акция және салым ақшалары бойынша дивидендтер төленеді және т.б.

Кәсіпорын қарамағында қалатын пайда тек өндірістік және әлеуметтік дамуды қаржыландыру базасы ретінде ғана қызмет етпейді, сондай-ақ кәсіпорынның заңды бұзу жағдайында төленетін әртүрлі айыппұлдарды және санкцияларды төлеу көзі болып табылады.

Нарықтық қатынас жағдайында кәсіпорындардың тәуекел операцияларды жүргізуіне байланысты қаражаттың бір бөлігін резервке қалдыруға тура келеді.

Сондықтан кәсіпорындар қаржылық резервтер, яғни тәуекел қорлар құруға құқылы.

Кәсіпорынның даму, оның табыстылығының өсу деңгейіне байланысты таза пайданың бір бөлігін демеушілік қызметті кеңейтуге, қайырымдылық қорларға жұмсауы мүмкін.

Сонымен, кәсіпорынның шаруашылығын дамытуға жағдай жасайтын таза пайданың өсуі кәсіпкерлік қызметті нығайтудың маңызды факторы болып табылады.

Пайдалылықтың экономикалық мазмұны

Кәсіпорын қызметінің маңызды көрсеткіштерінің бірі пайдалылық болып табылады.

Пайдалылық – бұл өндірістік кәсіпорын жұмысының сапасын сипаттайтын жалпылама көрсеткіш, өйткені табылатын пайданың барлық салмағында кәсіпорынның өндірістік-шаруашылық қызметіне ең толық сапалы бағаны пайдалылық шамасы және оның өзгеруі береді. Ол пайданың өндірістік қорларға немесе өнімнің өзіндік құнына қатынасы ретінде өрнектеледі. **Пайдалылық көрсеткіші** өндірістің өнімділігін өндіріс табыстылығы мен оның шығыстарын өлшемдестіру жолымен бағалайды.

Кәсіпорындардағы пайдалылықтың өсу деңгейіне тікелей әсер ететін негізгі *факторларға*: өнімді өндіру көлемінің өсуі, өзіндік құнның төмендеуі, негізгі өндірістік қорлар мен айналым қаражатының айналу уақытының қысқаруы, пайданың салмағының өсуі, қорларды дұрыс пайдалану, құрал-жабдықтарға, ғимараттарға баға құру жүйесі, материалдық ресурстар, аяқталмаған өндіріс және дайын өнім қорларының нормаларын бекіту және оларды ұстану жатады. Жоғары пайдалылық деңгейіне жету үшін жоспарлы және жүйелі түрде ғылым мен техника жетістіктерін ендіру, еңбек ресурстарын және өндірістік қорларды тиімді қолдану қажет.

Ұлттық шаруашылықта *есептеу әдісі* бойынша **P** кәсіпорын пайдалылығы және $P_{\text{прод}}$ өнім пайдалылығы бар. *Бірінші көрсеткіш* баланстық П пайданың $\Phi_{\text{он}}$ негізгі өндірістік қорлардың орташа жылдық құнына және айналым қаражат қорына қатынасы ретінде анықталады:

$$P_{\text{пр}} = \frac{\Pi}{\Phi_{\text{он}} + \Phi_{\text{ос}}} \times 100\%.$$

Пайдалылықтың екінші көрсеткіші П баланстық пайданың дайын өнімнің С өзіндік құнына қатынасымен өрнектеледі:

$$P_{\text{прод}} = \frac{\Pi}{C} \times 100\%.$$

Пайдалылықты анықтау әдістері пайдалылық деңгейінің және оның өзгерісі өнеркәсіптік өнімнің бағаларымен тікелей байланысты екенін көрнекі түрде көрсетеді. Сөйтіп, *объективті баға құру жүйесі* пайдалылықтың дәлелді деңгейін анықтаудың алғы шарты болып табылады, ол сонымен қатар өнімнің баға деңгейінің өзгеруіне әсер етуі мүмкін. Осылайша, пайдалылықты орнату және жоспарлаудың дәлелді әдістері баға құру жүйесімен тығыз байланыста болады. Пайда шамасы, яғни пайдалылық деңгейі ең алдымен өнім бағасының және оның өзіндік құнының өзгеруінен тәуелді.

Өндіріс пайдалылығы түсінігінде өнімді дайындау процесінде құрылған жинақтар берілген кәсіпорынға бөлінген алғашқы өндірістік қорлармен салыстырылады. Өндіріс пайдалылығы кәсіпорын қарамағындағы қаражатты қолдану тиімділігінің өлшеуіші қызметін атқарады.

Өндіріс пайдалылығының экономикалық мағынасы өнімнің бір бірлігін өндіруге кететін белсенді және затқа айналған еңбек шығынын азайтумен ғана шектеліп қоймайды. Өндірістік процеске қатысатын көптеген қаражат шығындар сомасына кіретін өнімді дайындаумен байланысты оның санынан айырмашылығы елеулі болып келеді. Өндіріс процесіне ғимараттарға, құрал-жабдықтарға материалданып келетін көптеген негізгі қорлар катысады. Өндіріс ұсталымдарына олардың амортизациясы, яғни оның құнының қандай да бір мерзімде өндірілетін өнімнің өзіндік құнына тасымалданатын үлесі ендіріледі. Айналым қорларының құны тек өнімді дайындағанда жұмсалған сомасына ғана кіреді.

Пайдалылық түрлері

Өндірістің пайдалылығын арттыру үшін әртүрлі құралдар қолданылады. өндірістік пайдалылықты арттыратын ең басты көздердің бірі кәсіпорын табатын пайданың салмағының өсуі болып табылады. Бұл арттыруға өндіріс ұсталымдарының төмендеуі, өндірілетін өнімнің құрылымының өзгеруі және өнімнің әр түрінің бір бірлігін өткізуден түсетін пайда сомасын сақтағанда пайданың жалпы сомасы өсетіндей етіп өндіріс ауқымының кеңеюі нәтижесінде қол жеткізеді.

Өнімнің өзіндік құнының төмендеуі *пайданың негізгі өсу факторы* болып табылады.

Дегенмен баланстық пайда шамасына тағы басқа факторлар қатары әсер етеді:

- өнімнің бағасының өзгеруі,
- қалған өткізілмеген өнім шамасы,
- өткізу көлемі,
- өндіріс құрылымы және т.б.

Бірінші фактор тек алдағы мерзімде бағалар өзгерісі болады деп есептеуге елеулі себептер болған жағдайда (өнімнің салсының артуына байланысты бағалардың көтерілуі немесе керісінше жеке өнім түрлерінің ескіруіне байланысты, тұтыну нарығының кейбір өнімдерге толы болу себептерінен немесе жаңа өндіріс техникасы мен технологиясына көшу салдарынан бағалардың түсуі) ғана ескеріледі.

Өндіріс пайдалылығының артуы авансыланған қаражаттың әрбір теңгесінің қайтарымы өсетінін білдіреді, солай оның қолданылуын тиімді етеді.


Пайдалылық көрсеткіштері қаржылық нәтижелердің және кәсіпорын қызметінің нәтижелілігінің салыстырмалы сипаттамалары болып табылады. Олар әртүрлі позицияда кәсіпорын табыстылығын өлшейді және экономикалық процестің, нарықтық айырбастың қатысушыларының мүдделеріне сәйкес топталады.

Пайдалылық көрсеткіштері кәсіпорын пайдасының (және табысының) құрылуының факторлық ортасының маңызды сипаттамасы болып табылады. Сондықтан олар салыстырмалы талдауда және кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда міндетті элемент болып табылады. Өндірісті талдауда пайдалылық көрсеткіштері инвестициялық саясаттың және баға құрылымының аспабы ретінде қолданылады.

Кәсіпорын деңгейіндегі пайдалылықтың негізгі көрсеткіштерін келесі топтарға біріктіруге болады:

- өнім пайдалылығының көрсеткіштері;
- капитал (актив) пайдалылығының көрсеткіштері;
- нақты ақшалай қаражаттар ағымына негізделіп есептелген көрсеткіштер.

Көрсеткіштердің бірінші тобы кәсіпорынның есеп беруінде бейнеленген пайда (табыс) көрсеткіштері бойынша пайдалылық (табыстылық) есебі негізінде құрылады. Мысалы:



Берілген көрсеткіштер (K_0) базистік және (K_1) есеп беру мерзімдеріндегі өнім пайдалылығын (табыстылығын) сипаттайды. Мысалы, өткізу пайдасы бойынша өнім пайдалылығы

$$K_0 = (P_0 - C_0) / P_0;$$

$$K_1 = (P_1 - C_1) / P_1;$$

$$\Delta K = K_1 - K_0,$$

мұндағы P_0, P_1 – сәйкесінше есеп беру және базистік мерзімдердегі өкізуден түскен пайда;

P_1, P_0 – сәйкесінше өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) өткізу;

C_1, C_0 – сәйкесінше өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) өзіндік құны;

ΔK – талдануы мерзімде пайдалылықтың өзгерісі.

Өнім көлемінің өзгеру факторының әсері келесідей есептелінеді (тізбектеп ауыстыру әдісі бойынша):

$$\Delta K_N = (P_1 - C_0) / P_1 - (P_0 - C_0) / P_0.$$

Сәйкесінше өзіндік құнның өзгеруінің әсері:

$$\Delta K_s = (P_1 - C_0) / P_1 - (P_1 - C_0) / P_1.$$

Факторлық айтқулардың қосындысы мерзімдегі пайдалылықтың жалпы өзгеруін береді. $\Delta K = \Delta K_p - \Delta K_c$.


Пайдалылық көрсеткіштерінің екінші тобы авансыланған қаражат көлемінен және сипаттамасынан: кәсіпорынның барлық активтері, инвестициялық капитал (меншікті қаражат+ұзақ мерзімді міндеттемелер), акционерлік капиталдан тәуелді пайдалылықты есептеу негізінде құрылады. Мысалы:



көрсеткіштер бойынша пайдалылық деңгейлерінің сәйкес келмеуі кәсіпорынның табыстылықты көтеру үшін қаржылық рычагтарды: ұзақ мерзімді несиелер және басқа да қарызға берілетін қаражаттарды қолдану дәрежесін сипаттайды.


Берілген көрсеткіштер қолайлы. Олар қатысушылардың мүддесіне жауап береді. Мысалы, кәсіпорын администрациясын барлық активтердің (барлық капиталдың) қайтарымына (табыстылығына) көңіл қояды; потенциалды инвесторлар мен несие берушілерді - инвестицияланған капиталдың қайтарымы, меншіктенушілер мен құрылтайшыларды акциялардың табыстылығы алаңдатады.

Аталған көрсеткіштердің әрқайсысы факторлық тәуелділік бойынша оңай модельденеді. Келесі айқын тәуелділікті қарастырайық:




Бұл формула барлық активтердің (немесе өндірістік активтердің) пайдалылығы мен өткізу және қор қайтарымының (өндірістік қорлардың айналым көрсеткіштері) пайдалылығы арасындағы байланысты көрсетеді. Формуланың экономикалық байланысы ол пайдалылықты көтеру жолдарын көрсетеді: сатудың табыстылығы төмен болса, өндірістік активтердің айналымын тездетуге ұмтылу керек.

Тағы бір пайдалылықтың факторлық үлгісін қарастырайық:



Көрініп тұрғандай, меншікті (акционерлік) капиталдың пайдалылығы өнімнің пайдалылық деңгейінің өзгеруінен, жиынтық капиталдың айналым жылдамдығынан және меншікті капитал мен қарызға берілген капиталдың қатынасынан тәуелді. Осындай тәуелділіктерді зерттеу кәсіпорынның қаржылық жағдайын, оның қызметінің нәтижелілік дәрежесін бағалауда маңызды орын алады. Бұл тәуелділіктен басқа бірдей жағдайларда жиынтық капитал құрамындағы қарызға берілген қаражаттың үлесі үлкейгенде акционерлік капиталдың қайтарымы өсетінін көруге болады.

Пайдалылық көрсеткіштерінің үшінші тобы бірінші және екінші топтардағы көрсеткіштерге ұқсас есептелінетін пайдалылық деңгейі негізінде құрылады, алайда мұнда пайда орнына ақшалай қаражаттың ағыны алынады.



Бұл көрсеткіштер кәсіпорынның несие берушілерді, қарыздарларды және акционерлерді өзінде өндірістік потенциалы болуына байланысты нақты ақшалай қаражатпен қамтамасыздандыру мүмкіндік дәрежесі туралы көрініс береді. Ақшалай қаражат ағыны негізінде есептелетін пайдалылық концепциясы нарықтық экономикасы дамыған елдерде кеңінен қолданылады. Ол басқаларына қарағанда басымырақ, өйткені ақша ағынымен операциялар өндірістің интенсивті түрінің айқын белгісі, кәсіпорынның экономикалық және қаржылық жағдайының «дені сау» екенінің белгісі болып табылады. Бұл концепцияны қолдануға көшу кәсіпорынның есеп беруін қайта құруды талап етеді. Бұл жұмыс қазіргі кезде тек бастапқы сатыларда ғана.

Пайдалылық көрсеткіштерінің алуантүрлілігі оны көтеру жолдарының альтернативтілігін анықтайды. Бастапқы көрсеткіштердің әрқайсысы нақтылау дәрежесі әртүрлі факторлық жүйеге таратылып салынады, ол табылу шекарасын және өндірістік резервтерге баға береді.

Пайдалылықты көтеру жолдарын талдағанда ішкі және сыртқы факторлардың әсерін бөліп қарастыру маңызды. Өнім және ресурс бағасы, тұтынатын ресурстар көлемі және өнімді өндіру көлемі, өткізуден түскен пайда және сату пайдалылығы (табыстылығы) сияқты көрсеткіштер бір-бірімен тығыз функционалдық байланыста болады.

Елдің көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындарының пайдалылығы (қорларға да, өзіндік құнға да) төмендеуде. Және де қорлар пайдалылығы өзіндік құнға байланысты есептелінген осындай көрсеткішке қарағанда жылдамырақ төмендеуде. Бұл жағдай қорларға байланысты формуланың бөлгішінің анықталған бөлігін алатын негізгі қорлардың құны өзіндік құнға қарағанда жоғарырақ жылдамдықпен өсетіндігімен түсіндіріледі. Негізгі қорлар өнінің өзіндік құнына тікелей (амортизация арқылы) де, жанама (еңбек өнімділігі арқылы) да әсер етеді. Негізгі қорларға қарағанда өзіндік құнның

жылдамдығының төмен болуы, сондай-ақ анықталған дәрежеде өзіндік құнның өсуі еңбек өнімділігінің өсуімен өтеледіндігімен анықталады.

Пайдалылықтың өсуі кәсіпорынның жұмысының нәтижелілігін, алынатын пайданың артатынымен қатар әрбір шығындалған тенгеге табыстың салыстырмалы түрде өсетінін көрсетеді.

Пайдалылықты өсіретін екі негізгі бағыт бар: пайданың өсуі және өндіріске жұмсалатын шығынның қысқаруы. Басқаша айтқанда, өзіндік құнды түсіру немесе өнім бағасын өсіру арқылы дұрыс нәтижелерге қол жеткізуге болады. *Пайдалылықты көтерудің басты көзі* деп өндіріске кететін шығынның азаюын және өнімнің өзіндік құнының төмендеуін қарастыру керек. Өнімнің өзіндік құнын төмендету үшін негізгі қорлардың тиімділігін, материалдық ресурстарды үнемдеуді, еңбек өнімділігін өсіру арқылы қол жеткізуге болады.

Бақылау сұрақтары

1. Саудалық ұйымдардың ұйымдастық-құқықтық формаларын сипаттаңыз.
2. Пайдалылық дегеніміз не?
3. Тікелей есептеу әдісі мен аналитикалық әдістің айырмашылықтары қандай?
4. «Өндірістік рычаг әсері» дегеніміз не?
5. Кәсіпорынның пайдасын тарату сызбасын көрсетіңіз?
6. Пайдалылықтың негізгі көрсеткіштері қандай?
7. Пайдалылықтың қандай факторлық үлгілерін білесіз?
8. Пайдалылық көрсеткіштерінің қандай топтарын білесіз?

Тест тапсырмалары

1. Саудалық ұйым болып табылатын заңды тұлғалар келесі формада құрылуы мүмкін:
 - А) Шаруашылық серіктестіктер
 - Б) Қоғамдар
 - В) Өндірістік кооперативтер
 - Г) Мемлекеттік және муниципальды бірінғай кәсіпорындар
 - Д) Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы
2. Саудалық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғалар келесі формада құрылуы мүмкін:
 - А) тұтыну кооперативтері
 - Б) Қоғамдық және діни ұйымдар(бірлестіктер)
 - В) Өз мекемелері қаржыландыратын
 - Г) қайырымдылық және басқа қорлар
 - Д) Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы
3. Саудалық кәсіпорын ұйымдарының мақсаты:
 - А) имиджі сақтап қалу
 - Б) басымдылықты сақтап қалу
 - В) пайда табу

Г) табысты жасыру

Д) көмек алу

4. Саудалық емес кәсіпорын ұйымдарының мақсаты:

А) имиджді сақтап қалу

Б) басымдылықты сақтап қалу

В) пайда табу

Г) табысты жасыру

Д) көмек алу

5. Саудалық және саудалық емес ұйымдар келесі формада бірігеді:

А) кәсіподақтар

Б) серіктестіктер

В) ассоциациялар

Г) одақтар

Д) ассоциациялар және одақтар.

6. Саудалық ұйымдар келесі мүліктің иегері болып табылады:

А) құрылтайшылардың салымдар есебінен құрылған

Б) қатысушылардың үлестері есебінен құрылған

В) ұйымның қызмет ету процесінде өндірілген

Г) ұйымның қызмет ету процесінде иеленген

Д) Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы

7. Саудалық ұйымдардың қатысушылары:

А) таратылатын пайданың бөлігін ала алады

Б) дивидендтер ала алады

В) ұйым тарайтын болса, несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін мүліктің бөлігін ала алады

Г) Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы

Д) барлық пайданы алу

8. Дивиденд – бұл...

А) пайданың бір бөлігін алу

Б) үстеме пайда алу

В) қалған пайданың бір бөлігін алу

Г) таратылатын пайданың бөлігін алу

Д) барлық пайданы алу

9. Өндірістік-шаруашылық қызметке келесі үшеуі кіреді:

А) өніммен қамтамасыздандыру және өндіру, дайын өнімді өткізу

Б) материалды-техникалық қамтамасыздандыру, өнімді өндіру, дайын өнімді өткізу

В) өніммен қамтамасыздандыру, өнімді, жұмысты өндіру, дайын өнімді және қызмет көрсетуді өткізу

Г) өнімді, жұмысты, қызмет көрсетуді өткізу және өндіру, оны қамтамасыздандыру

Д) өнімді, қызмет көрсетуді қамтамасыздандыру, өндіру, дайын өнімді, қызмет көрсетуді өткізу

10. Саудалық-өтімдік қызмет құрамына келесілер кіреді:

- А) тауарларды өткізу және алу
- Б) тауарларды өткізу
- В) тауарларды алу
- Г) тауарларды өндіру және өткізу
- Д) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы

11. Кәсіпкерлік қауіп-қатер келесі түрде болады:

- А) болжамды, критикалық, апатты
- Б) болжамды, критикалық немесе апатты
- В) болжамды емес, критикалық, апатты
- Г) болжамды, критикалық емес, апатты
- Д) болжамды, критикалық емес

12. Қаржылық нәтиже – бұл:

А) бұл ұйымдар мен физикалық тұлғалардың оларға меншік құқығы бойынша тиісті шаруашылық басқармаларын немесе қаражатты жедел басқаруларын иесіздендіретін міндетті, жеке төлем

Б) жалпы пайда немесе әртүрлі шаруашылық операциялардың салдарынан пайда болған шығын түрінде көрсетілетін шаруашылық қызметтің ақырғы қорытындысы

- В) кәсіпорынның жалпы пайдасы
- Г) оның қарамағында қалған пайда
- Д) ақшалай қаражатты жедел басқару

13. Салық – бұл:

А) бұл ұйымдар мен физикалық тұлғалардың оларға меншік құқығы бойынша тиісті шаруашылық басқармаларын немесе қаражатты жедел басқаруларын иесіздендіретін міндетті, жеке төлем

Б) жалпы пайда немесе әртүрлі шаруашылық операциялардың салдарынан пайда болған шығын түрінде көрсетілетін шаруашылық қызметтің ақырғы қорытындысы.

- В) кәсіпорынның жалпы пайдасы
- Г) оның қарамағында қалған пайда
- Д) ақшалай қаражатты жедел басқару

14. Кәсіпорынның таза пайдасы – бұл:

А) бұл ұйымдар мен физикалық тұлғалардың оларға меншік құқығы бойынша тиісті шаруашылық басқармаларын немесе қаражатты жедел басқаруларын иесіздендіретін міндетті, жеке төлем

Б) жалпы пайда немесе әртүрлі шаруашылық операциялардың салдарынан пайда болған шығын түрінде көрсетілетін шаруашылық қызметтің ақырғы қорытындысы

- В) кәсіпорынның жалпы пайдасы
- Г) оның қарамағында қалған пайда
- Д) ақшалай қаражатты жедел басқару

15. Кәсіпорынның жалпы пайдасы келесілерден тұрады:

А) тауарды, өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) өткізудің пайдасынан, негізгі қорлардың, кәсіпорынның басқа мүліктерінің өткізу нәтижесінен, *өткізуден тыс операциялардың* нәтижесінен

Б) тауарды, өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) өткізудің шығынынан, негізгі қорлардың, кәсіпорынның басқа мүліктерінің өткізу нәтижесінен, *өткізуден тыс операциялардың* нәтижесінен

В) тауарды, өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) өткізудің пайдасынан (шығынынан), негізгі қорлардың, кәсіпорынның басқа мүліктерінің өткізу нәтижесінен, *өткізуден тыс операциялардың* нәтижесінен

Г) тауарды, өнімді өткізудің пайдасынан (шығынынан), негізгі қорлардың, кәсіпорынның басқа мүліктерінің өткізу нәтижесінен, *өткізуден тыс операциялардың* нәтижесінен

Д) тауарды, өнімді (жұмысты, қызмет көрсетуді) өткізудің пайдасынан (шығынынан), негізгі қорлардың, кәсіпорынның басқа мүліктерінің өткізу нәтижесінен, *өткізуден тыс операциялардың* нәтижесінен, басқа да шаруашылық қызметтердің орындалуынан

16. Кәсіпорынның таза пайдасы анықталады:

- А) жалпы пайда мен баланстық пайда арасындағы айырым ретінде
- Б) пайдаға салынатын салық сомасы ретінде
- В) ренталық төлемдер ретінде
- Г) А) және Б) пункттары
- Д) А), Б), және В) пункттары

17. Ұйым қызметінің қаржылық нәтижесін талдауға келесілер жатады:

- А) көлденең және тік талдау
- Б) көлденең талдау
- В) трендік және факторлық талдау
- Г) факторлық талдау
- Д) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы

18. Көлденең талдау – бұл:

- А) Сәйкес көрсеткіштердің және олардың өзгерістерінің құрылымын зерттеу
- Б) есеп беру кезеңдеріндегі көрсеткіштердің өзгеру динамикасын зерттеу
- В) ағымдағы зерттеліп отырған кезеңдегі әрбір көрсеткіштің өзгеруін зерттеу
- Г) факторлардың пайдаға әсерін зерттеу
- Д) факторлардың пайдаға және шығынға әсерін зерттеу

19. Тік талдау – бұл:

- А) Сәйкес көрсеткіштердің және олардың өзгерістерінің құрылымын зерттеу
- Б) есеп беру кезеңдеріндегі көрсеткіштердің өзгеру динамикасын зерттеу
- В) ағымдағы зерттеліп отырған кезеңдегі әрбір көрсеткіштің өзгеруін зерттеу
- Г) факторлардың пайдаға әсерін зерттеу
- Д) факторлардың пайдаға және шығынға әсерін зерттеу

20. Трендік талдау – бұл:

- А) Сәйкес көрсеткіштердің және олардың өзгерістерінің құрылымын зерттеу
- Б) есеп беру кезеңдеріндегі көрсеткіштердің өзгеру динамикасын зерттеу
- В) ағымдағы зерттеліп отырған кезеңдегі әрбір көрсеткіштің өзгеруін зерттеу
- Г) факторлардың пайдаға әсерін зерттеу
- Д) факторлардың пайдаға және шығынға әсерін зерттеу

21. Факторлық талдау – бұл

- А) Сәйкес көрсеткіштердің және олардың өзгерістерінің құрылымын зерттеу
- Б) есеп беру кезеңдеріндегі көрсеткіштердің өзгеру динамикасын зерттеу
- В) ағымдағы зерттеліп отырған кезеңдегі әрбір көрсеткіштің өзгеруін зерттеу
- Г) факторлардың пайдаға әсерін зерттеу
- Д) факторлардың пайдаға және шығынға әсерін зерттеу

22. Тікелей есептеу әдісін қолданады:

- А) өнімді шығарғанда
- Б) өнімді сатқанда
- В) өнімді өткізгенде
- Г) шығарылатын өнімнің үлкен ассортиментінде
- Д) шығарылатын өнімнің үлкен емес ассортиментінде

23. Пайданы жоспарлаудың аналитикалық әдісі қолданылады:

- А) өнімді шығарғанда
- Б) өнімді сатқанда
- В) өнімді өткізгенде
- Г) шығарылатын өнімнің үлкен ассортиментінде
- Д) шығарылатын өнімнің үлкен емес ассортиментінде

24. «Өндірістік рычаг әсеріне негізделген» әдістер қолданылады:

- А) өнімді шығарғанда
- Б) өнімді сатқанда
- В) пайданың бір жаққа немесе келесі жаққа қарқынды өсуі кезінде
- Г) шығарылатын өнімнің үлкен ассортиментінде
- Д) шығарылатын өнімнің үлкен емес ассортиментінде

25. Пайдалылық шегі – бұл:

- А) кәсіпорын тек шығындарға тап болатындай өткізуден түскен түсім
- Б) кәсіпорын пайда алмайтындай өткізуден түскен түсім
- В) кәсіпорынға шығын келмейтіндей, өткізуден түскен түсім
- Г) кәсіпорынға зиян келмейтіндей, бірақ әлі пайдасы болмайтындай өткізуден түскен түсім.
- Д) кәсіпорынға зиян келмейтіндей, тек пайда ғана болатын өткізуден түскен түсім

26. Пайданы тарату және қолдану маңызды процесс болып табылады, ол келесімен қамтамасыздандырады

- А) кәсіпорынның дамуға қажеттерін
- Б) қатар мемлекеттік бюджеттің табыстарын құрады
- В) кәсіпорынның табыстарын құрылуын
- Г) кәсіпорынның дамуға қажеттерін қамтамасыздандырумен қатар оның құрылуын мемлекеттік бюджеттің табыстарын құрады.
- Д) кәсіпорынның дамуға қажеттерін қамтамасыздандырумен қатар мемлекеттік бюджеттің табыстарын құрады

27. Пайдалылық келесі қатынасты көрсетеді:

- А) пайданың өндірістік қорларға немесе өнімнің өзіндік құнына қатынасы

- Б) пайданың өндірістік қорларға қатынасы
- В) өндірістік қорлардың өнімнің өзіндік құнына қатынасы
- Г) табыстың өндірістік қорларға қатынасы
- Д) табыстың өндірістік қорларға немесе өнімнің өзіндік құнына қатынасы

28. Пайдалылық көрсеткіші _____ өнімділігін келесі жолдармен бағалайды:

- А) өндірістің өнімділігін өндіріс шығындылығы мен оған жұмсалған шығыстарын өлшемдестіру жолымен
- Б) өндірістің өнімділігін өндіріс табыстарын өлшеу арқылы
- В) өндірістің өнімділігін өндіріс табыстылығы мен оның шығыстарын өлшемдестіру жолымен
- Г) өндірістің өнімділігін өндіріс шығыстарын өлшеу арқылы
- Д) өндірістің өнімділігін өндіріс шығынын өлшемдестіру жолымен

29. Баланстық пайда шамасына келесі фактор әсер етеді:

- А) өнім бағасының өзгеруі
- Б) қалған өткізілмеген өнім шамасы
- В) өткізу көлемі
- Г) өндіріс құрылымы
- Д) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы

30. Кәсіпорын деңгейіндегі пайдалылықтың негізгі көрсеткіштерін келесі топтарға біріктіруге болады:

- А) өнім пайдалылығының көрсеткіштері, капитал (актив) пайдалылығының көрсеткіштері, нақты ақшалай қаражаттар ағымына негізделіп есептелген көрсеткіштер.
- Б) өнім, капитал, актив пайдалылықтарының көрсеткіштері
- В) өнім, капитал, актив пайдалылықтарының көрсеткіштері, нақты ақшалай қаражаттар ағымына негізделіп есептелген көрсеткіштер.
- Г) өнім, капитал, актив, қолма-қол ақшалай қаражаттардың пайдалылық көрсеткіштері

6. ҚАРЖЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

✓ **Қажетті сөздер:** Қаржы, қаржы кәсіпорыны, салықтық саясат, несие, ақшалы қор, қаржы тұрақтылығының түрлері, кәсіпорынның қаржы механизмі, қаржы қызметі, өтімділік, қаржы стратегиясы, қаржы жоспары, бизнес-жоспар, ақша ағыны, дисконт, уақыттың молдік мезеті, пайда нормасы.

ЖОСПАР

- Қаржы кәсіпорының түсінігі мен мәні.
- Қаржы анализі және кәсіпорын қаржыларын ұйымдастыру.
- Кәсіпорынның финанстық стратегиясы.
- Кәсіпорынның қаржылық жоспары.

Қаржы кәсіпорының түсінігі мен мәні

Нарықтық экономика жағдайында экономикалық қарым-қатынас жүйесінде қаржы жоғарғы орынды алады. Қаржы кәсіпорыны деп оның өкіміндегі барлық ақшалы қаражаттар жиынын, сондай-ақ құру, бөлу және пайдалану жүйесі.

Кәсіпорын шаруашылық қызметінен қаржылық қарым-қатынас орнайды. Қаржы қарым-қатынасы төрт топтан тұрады. Бұлар: басқа кәсіпорындар мен ұйымдар қарым-қатынасы; ішкі кәсіпорындар; жоғарыда тұрған ұйымдар мен ортақ қызмет серіктестігі; қаржылы-несие жүйесі.

Басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылық қарым-қатынасын жеткізушілер, сағып-алушылар құрылысы және көлік ұйымдары, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым кәсіпорындарымен, шет елдер кәсіпорындарымен қарым-қатынасын құрайды. Көлемі бойынша ең ірі ақша айналымы дайын өнім өткізімі (реализация) мен материалды бағалы өнім алу болып табылады. Олар кәсіпорын қарым-қатынас операциясында шаруашылық қызмет ұйымы үшін жасалады. Осы операциялардың ұйымдастырылуы тікелей кәсіпорын қызметінің қаржылы нәтижесіне әсер етеді.

Кәсіпорынның ішкі қаржы қарым-қатынасы кәсіпорын бөлімшелері арасында қаржы операциясын өзіне қосады. Кәсіпорын бөлімшелері арасында қарым-қатынас тікелей басқару жүйесінде және ішкі коммерциялық есептеу жүйесінде негізделеді (базаланады). Олардың рөлі эффектілі механизм стимуляторын құру мен қабылданған міндеттеменің материалдық жауапкершілігінің орындалуы кіреді.

Қаржы қатынас бірлестігіне білімгерлік пен орталық ақшалы қорларын қолдану кіреді, олар нарықтық экономикада объектілі қажеттілік болып табылады. Осылайша өнеркәсіптік, ғылыми техникалық, кәсіпорындар коммерциялық түрде ортақ қызметін жүзеге асыру үшін қаражаттарын қосу қажет. Егер осындай қызмет көлемі аса үлкен болмаса, онда ресімдеуді келісім шарт қорытындысымен жасауға болады. Ал егер ортақ қызметтің көлемі мен құрылымы үлкен болса, онда бірлестік құрайды. Міндетті түрде ірі ғылыми-техникалық программалар, экспортты-импорттық операциялары айналымды толықтыру қаражаттарын қаржыландыру кіреді.

Бұндай кәсіпорындар заңгерлік статусқа ие болады және оған кіретін кәсіпорындардың пайдасына жасалады. Осындай бірлестік тек антимонополиялық политика Комитетінің келісімімен ғана жасалуы мүмкін. Заң әртүрлі бірлестіктерді құру жолдарын қарастырады:

- союздар;
- қауымдастық (ассоциация);
- концерн;
- консорциумдар;
- холдингтер;
- қаржылы-өнеркәсіп топтар және т.б.

Құрылымдар, сондай-ақ ортақ қызмет координациясы, мемлекеттің және басқа да органдардың ортақ мүддесімен, халықаралық ұйымдар үшін жасалады.

Қаржылық ресурстарды қайта құру бірлестігі жастық немесе өтемақылық түріне қарай жасалады және кәсіпорын қаражаттары оптимизациясында рөл үлкен.

Қаржылы-несие жүйесімен қарым-қатынас көп салалы. Бұл, біріншіден, әртүрлі деңгейдегі бюджеттердің қарым-қатынасы, сақтандыру жүйесі, бюджеттен тыс қорлар мен несиелі ұйымдарының қарым-қатынасы.

ҚР-ң салық жүйесі жетік емес және кәсіпкерлік қызметтің дамуына кедергіленеді. Экономикасы дамыған елдердің тәжірибесінен көруге мынаны болады: кәсіпорынның инвестициялық белсенділігіне өндірісті қолдау мен инвестициялық механизмнің тиімділігін жасау арқылы жетуге болады. Көп елдерде барлық қаражат немесе оның бір белгілі бөлігі салықтардан бөлініп өндірісті дамытуға жіберіледі.

Салықтық прессала кәсіпорынның қаржылық ұйым жұмысы болып өзінің өзіндік салықтық политикасын табу болып табылады. Бюджеттік салықтық төлемнің тиімді оптимизациялау тәсілін дайындау, салықты төлеу күнтізбелік төлемін дайындау, салықтық есеп беруді дайындау және салықтық төлемнің ағымды қорын құру.

Кәсіпорынның мүліктерін сақтандыру үшін компаниялардың қаражатын санауды ұйымдастыру, валюталық және коммерциялық тәуекелшілікті ұйымдастыру және т.с.с.

Коммерциялық банкілер мен қаражаттық қарым-қатынасы несиені алу және сөндіру қатынасымен кейінірек есептесуді (безналичных) ұйымдастырудың бөлігінен тұрады.

Кейінірек есептесу қаражаты төлеуші мен алушының әртүрлі банктермен келісім шарт жасасқанға орындалады.

Кейінірек есептесуді ұйымдастырудың тиімділігі кәсіпорынның қаржылық жағдайына тікелей әсер етеді.

Несие кері қаражаттың және өнеркәсіптің өсіп құрылуының көзі болып табылады. Қазіргі уақытта несиенің үстіне қойылған өсімше жоғары болғандықтан несие инвестицияның нақты көзі болып табылмайды. Ұзақ уақытқа инвестицияны несиелеу банктер үшін тәуекелділік бағыт болып табылады, сондықтан банк қызметінің бұл түрі көп қолдау таба алмады.

Банктер мен басқа несиелеу институттары кәсіпорындарға қызметтер көрсетеді:

- лизинг;
- факторинг;
- форфейтинг;
- траст т.с.с.

Кәсіпорынның қаржылық қызметін ұйымдастырудың негізгі бөлігі әртүрлі ақша қорларының ұйымдастыру және пайдалану болып табылады. Бұлар арқылы мекеменің шаруашылық қызметін қамтамасыз ететін қаржылық ресурстар, өнеркәсіптің дамуын қаржылау, бюджетпен есептесуді ұйымдастыру мәселелері шешіледі.

Ақшалы қорға жататындар:

- жарғы (уставной) капиталы;
- қосымша капитал;
- резервті қор;
- қорлану қоры; (фонд накопления);
- тұтыну қоры;
- валюталық қор;
- басқа да қорлар.

Жоғарыда айтылған қорлардан басқа кәсіпорын оперативті ақша қорын құрады. Кәсіпорын айына бір немесе екі рет айлық қорын құрады. Кәсіпорын бюджетке әртүрлі салықтарды төлеу үшін фонд ұйымдастырады. Оперативті қорын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – ағымды есептеуді шығару:

- айлық ақша төлеу;
- салық төлеу;
- несиеге пайздық төлеу;
- ғылыми-техникалық шараларды қаржыландыру;
- жоғарыда тұрған ұйымдарды құру және т.с.с.

Сондықтан кәсіпорынның қаржыны ұйымдастыруының мақсаты және кәсіпорынның қаржылық механизмінің қызмет атқаруы өз құрамында қаржылық қатынасты ұйымдастыру, ақпалық ағынның қозғалысы және кәсіпорын жұмысының нәтижесіне әсер ететін ақша қорын ұйымдастырады. Кәсіпорынның қаржылық механизмі дегеніміз кәсіпорынды басқарудың жүйесі, кәсіпорынның қаржылық дамуының ұзақ мерзімдік, орта мерзімдік және

ағымдық мақсаттарын орындау үшін ұйымдастырылған ақшалық қормен қаржылық қатынастың өзара әрекеті.

Кәсіпорынның материалдық сферасында қаржының негізгі рөлі кәсіпорынның қаржылық механизмі болып табылады. Кәсіпорынның қаржылық механизмі қаржылардың өз функцияларын толық және нәтижелі болуына әсер етеді. Қаржылық механизм көмегімен кәсіпорын өзіне қажетті қаржылық ресурстарды қамтамасыз етеді.

Өнеркәсіптің қаржылық қызметі кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесі қаржылық қызмет арқылы жүзеге асырылады. Қаржылық қызмет бастығын кәсіпорынның жетекшісі тағайындайды. Қаржылық қызметтің негізгі мақсаты табысты орналастыру өнімнің құнының төмендеу сұрақтарымен айналысады.

Кәсіпорынның қаржылық қызметінің мақсаты:

1) Кәсіптік және социалдық дамудың қаржылық ресурстарын құру, табыстың өсуін және рентабельділіктің қамтамасыз ету.

2) Бюджеттермен, жеткізушілермен, банктермен, жұмысшылармен, қызметшілермен, акционерлермен және басқа міндеттемелермен қаржылық жоспардан шығатын есептесулерді ұйымдастыру бюджет алдындағы қаржылық міндеттемені орындау болып табылады.

3) Кәсіпорындық қормен инвестицияларды тиімді пайдалануға әсер ету.

4) Қаржылық несиелік және кассалық жоспарларды әдістемелеу және орындау.

5) Қорларды нәтижелі пайдаланудың ұйымдастыру комплекстерін әдістемелеу, айналымдағы жекеленген мүліктің мөлшерін экономикалық негізделген нормативтерге жеткізу, кері мүліктердің қайтып оралуын үдету, қаржылық ресурстарды дұрыс пайдалануды қадағалау.

6) Дайын өнімдерді есептеуді нәтижелі ұйымдастыру және орындалу жоспарын, табысты және басқа есептерді тұрақты бақылау.

Қазіргі кезде көп мекемелердің қаржылары қауіпті жағдайда болғандықтан кәсіпорындардың қаржысын нығайту бастапқы мақсат болып табылады.

Кәсіпорындардың қаржыларын тұрақтандырудың негізгі жолы – қаржы мүліктерін оптимальді падалану және олардың дефициттілігін жою. Кәсіпорынның қаржылық жұмысын жетілдірудің негізгі бағыттары:

- олардың жұмысын жүйелі және тұрақты талдау;
- кәсіпорынның стратегиялық қаржылық саясатын ұйымдастыру және орындау;
- кәсіпорында қаржылық жоспарлаудың жүйесін тиімді ұйымдастыру;
- кәсіпорынның мүлік құрылымын оптимизациялау және тепе-теңдіктің құрылымының қанағатсыз болмау көздерін табу;
- кірісті оптимальді орналастыру және нәтижелі дивиденді саясатты таңдау;
- бухгалтерлік есептеу жүйесін қаржылық басқару мақсатына адаптациялау;
- кредиторлармен және инвесторлармен қаржылық ресурстардың көзін оптимизациялау мақсатында қатынасты дамыту;

- кәсіпорынның шығынын оптимизациялау.

Жоғарыда көрсетілген мәселелер комплексінің шешімі кәсіпорын жұмысын ұйымдастырудағы оның дамуының біртектес комплекстік стратегиясына сәйкес болады, оның қызметінің комплекстік талдауына және кәсіпорын миссиясының орындалуына негізделген.

Қаржылық анализі және кәсіпорын қаржыларын ұйымдастыру

Нарықтық экономикаға көшу нақты және жүйелік кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдауға және оның даму стратегиясын негіздеуге сүйенеді.

Кәсіпорынның қызметін комплексті талдау алдын ала жоспарлау зерттеулерінің негізі болып табылады. Атап айтқанда оның негізінде ішкі фирмалық жоспарлау нәтиже процессін ұйымдастыруға және кәсіпорынның даму мақсатына жетуді қамтамасыз етуге болады. Жалпы жүйелік талдаудың қаржылық қалып-күйін талдау маңызды құрама бөлігі болып табылады.

Қаржылық талдаудың құрамына:

- алдын ала талдау;
- қаржылық тұрақтылықты талдау;
- тепе-теңдіктің ликвидтілігін талдау;
- қаржылық коэффициенттерді талдау;
- қаржылық нәтижелерді талдау;
- рентабельдік коэффициенттерді және іскерлік белсенділікті талдау.

Алдын ала талдаудың нәтижесі болып кәсіпорынның қаржылық қалып-күйін жалпы бағалау, сонымен қатар қалып-күйдің құрылымының қанағаттанарлығы мен төлем қабілеттілігінің анықтамасы болып табылады. Орныққан қаржылық қалып-күйдің себебін анықтау үшін кәсіпорынның даму перспективасын нақты, терең және кәсіпорынның қызметін комплексті талдау қажет. Қалып-күй валюталар динамикасы, пассив пен актив құрылымдарын, кері ортаның қалыптасу көздерін, қаржылық қызметтің нәтижесін және т.с.с. талдау қажет.

Белгілі уақыт аралығында қалып-күй валюталарын азайту дегеніміз өнім көлемін төмендету нәтижесі, төлем қабілеттілігінің орындалмауының негізгі себебі болады. Пассив құрылымын талдауда келесі бағыттарды қарастыруға болады:

- кәсіпорын ортасының жекеменшігімен қарыз көздері аралық қатынастармен және қаржылық жекеменшік көздер құраушылармен анықталады;
- кәсіпорын жекеменшік көздерінің қорымен шығындарын қамтамасыз ету және несиелік ресурстарды есептеу кезінде анықталады. Бұл талдау қор мен шығынның қамтамасыз етілуінің толық көрінісі болып табылады;
- несиелік қарызданудың қалыптасу себептерін, оның өзіндік салмағын, динамикасын, құрылымын, уақыты өткен қарыздың бөлігін қарастырады.

Қаржылық тұрақтылық түрімен және оның өзгеруінен кәсіпорынның төлеу қабілеттілігінің сенімділігін анықтауға болады. Қаржылық тұрақтылықты

талдау қаржылық қалып-күйдің тұрақтылығын анықтайтын көрсеткіштерден басталады. Ұзақ уақытты және орта уақытты несиелер кәсіпорынның дамуына бағытталғанын ескерсек, реконструкциялау және техникалық қайта жабдықтау төлеу қабілеттілігінің шарттарын орындауға жұмсалады, кәсіпорын қорын шектеуге және жекеменшік айналым ортасының шамасын шектеу қажет. Қор мен шығын көрсеткіштерін қамтамасыз ету үшін және қарыз алу көздерінің қаржылық тұрақтылығының келесі түрлері ерекшеленген:

- кәсіпорынның абсолютті қаржылық тұрақтылығы;
- қаржы күйі орташа тұрақты;
- тұрақсыз қаржы күйі;
- кризистік күй.

Ликвидті баланс анализі кәсіпорынның несие бере алу мүмкіндігін бағалайды, яғни өзінің міндеттемесін төлеу мүмкіндігі. Ликвидтілік өз активтерімен кәсіпорын міндеттемелерін жабумен анықталады, оның ақшаға айналу мерзімі міндеттемені сөндіру мерзіміне сәйкес келеді.

Осылайша, ликвидті активтер ақшалы қаражат және құнды қағаздар жылдам міндеттемелерге тең немесе одан үлкен болуы тиіс; шапшаң орындалатын активтер (дебиторлық қарыз және басқа активтер) – қысқа мерзімді пассивтерден үлкен немесе тең (қысқа мерзімді несиеге және қарыз алынған қаражаттар); жай орындалатын активтер (қорлар мен шығындар, алдыңғы уақыт шығынын есептемегенде) – ұзақ мерзімді пассивтерге тең немесе үлкен (ұзақ мерзімді несиелер және қарық алынған қаражаттар); қиық орындалатын активтер (материалды емес активтер, негізгі капитал, бітпеген күрделі қаржы салымдары) қалыпты пассивтерге сәйкес келуі тиіс. Осы шарттары орындалған баланс абсолют ликвидті болып саналады. Бір немесе бірнеше шарты орындалмаса, ликвидті баланс абсолюттіден ерекшеленеді. Ликвидті балансты комплексті бағалау үшін ликвидтіліктің ортақ көрсеткіші мына формуламен есептеледі:

$$Fл = (НЛА+0,5БЛА+0,3МРА)/(НОС+0,5КСП+0,3ДСП),$$

бұл жерде НЛА – ликвидті актив (наиболее ликвидные активы), БЛА – жылдам орындалатын активтер (быстро реализуемые активы), МРА – жай орындалатын активтер (медленно реализуемые активы), НСО – шапшаң міндеттемелер (наиболее срочные обязательства), КСП – қысқа мерзімді пассивтер (краткосрочные пассивы), ДСП – ұзақ мерзімді пассивтер (долгосрочные пассивы).

Қаржы коэффициентінің анализі кәсіпорынның тұрақтылық жағдайын зерттеу үшін немесе бірнеше конкуренттік фирмалар арасында салыстырмалы анализ үшін жасалады. Негізгі қаржылық рентабелділік пен активтілік коэффициенттері 9.2 және 9.3-кестелерде келтірілген.

Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтиже талдамасының негізгі бағаты болып:

- пайда көрсеткішінің динамикалық бағалауы;
- пайданы бөлудің негіздеме талдауы;
- пайданың өсуінің фактоларын талдау;
- рентабелділік пен активтілікті бағалау.

Белгілеулер: ИБ – баланс қорытындысы (итог баланса); Дк – көп мерзімді кредиттер (долгосрочные кредиты); ПЗ – өндірістік қор (производственные запасы); НП – аяқталмаған өндіріс (незавершенное производство); КПФ – жабу коэффициенті фактілік (коэффициент покрытия фактический); КНП – жабу коэффициенті нормативті (коэффициент покрытия нормативный); А – актив балансының қорытындысы (итог актива баланса); А1 – активті баланстың 1 бөлімінің қорытындысы (итог 1-го раздела актива баланса); А2 – баланстың 2 бөлімінің қорытындысы; А3 – баланстың 3 бөлімінің қорытындысы; П – пассив балансының қорытындысы; П1 – пассив баланстың 1 бөлімінің қорытындысы; П2 – пассив баланстың 2 бөлімінің қорытындысы.

Белгілеулер: П – пайда; В – реализацияның үстінен түскен пайда (выручка); ДЗ – дебиторлық қарыз; КЗ – несиелік қарыз; ГП – дайын өнім.

6.1- кесте

Негізгі рентабелділік және активтілік коэффициенттері

Коэффициент түрлері	Нормативтік мән	Реттік есебі	Мінездеме
Автономия	0,5 жокары	П/ИБ	Коэффициенттің өсуі кәсіпорынның қаржылық тәуелсіздігінің өсуін көрсетеді, міндеттеменің орындалу кепілдігін жоғарылатады
Өзіндік және айналым қаражатының арақатынасы	Максималды мән	(П-Дк)/П1	Өсу қарыз шамасы ортасының жабу көздер меншігінен басым болады
Маниеврлік	-	(П1+Дк-А1)/П1	Коэффициенттің жоғарғы мәні жақсы жағдайнан кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайды
Жекеменшік көздерінің қоры мен шығысын қамтамасыз етеді	1	(П1+Дк-А1)/А	Кәсіпорын коэффициент мәні нормативтен төмен болғанда қаржыландыру көздерінің жеке меншіктерінің қоры мен шығысын қамтамасыз ете алмайды
Ликвидтілік	0,8-1	А3/(П2-Дк)	Кәсіпорынның болжамды төлемдерін уақытылы дебиторлармен уақытылы есеп айырысу шарттары орындалғанда кескіндейді
Абсолютті ликвидтілік	2 минимальді мән	НЛА/(П2-Дк)	Кәсіпорынның қысқа мерзім арасындағы қарыздардың қандай бөлігін жақын арада жаба алу мүмкіндігін көрсетеді
Жабу немесе төлеу мүмкіндігі	Минимальдік мән 2 ПКФ>ПКН	Фактілік (А2+А3)/(П2-Дк) нормативті (А2+П3-Дк)/(П2-Дк)	Кәсіпорынның төлеу қабілеттілігін көрсетеді, дебиторлармен есеп уақытылы айырысу шартымен қатар дайын өнімдерді өткізу оралым ортасының элементтерін сағу
Өнеркәсіпке дайындалған мүліктердің нақты бағасы	Минимальді мән 0,5	(ОС+П3+НП)/ИБ	Кәсіпорынның мүліктерінің ішіндегі өнеркәсіпке тағайындалған мүліктің нақты бағасын коэффициент белгілейді

Кәсіпорынның қаржылық стратегиясы

Нарықтық қатынас жағдайында қаржылық жағдай тенденциясын анықтау қателігі туады. Кәсіпорын өзінің жеке қаржы стратегиясы болуына мұқтажды. **Қаржылық стратегия** – бұл кәсіпорынның ортақ стратегиясын құрушы. Ол кәсіпорындарды қамтамасыздандыру қаржылық ресурстарын қозғалысқа келтіретін түбегейлі жоспарды тәжірибеде құрады және жүзеге асырады.

6.2-кесте

Негізгі қаржылық коэффициенттер

Көрсеткіштердің түрлері	Есеп айырылысу реті	Мінездеме
Капиталдың рентабельділігі	Пр/ИБ	Кәсіпорынның барлық мүмкіндіктерін пайдаланудың тиімділігін көрсетеді. Бағаның түсуі сұранысының түсуімен және активтің шектен көп жиналуын көрсетеді
Сату рентабельділігі	Пр/В	Сатылған өнімнің бірлігіне неше өнім түсетіндігін көрсетеді
Негізгі капитал мен сыртқы айналымдағы активтердің рентабельділігі	Пр/П1	Меншікті капиталды пайдаланудың тиімділігін көрсетеді
Капиталдың жалпы айналымы	В/ИБ	Кәсіпорынның барлық капиталдарының айналу жылдамдығын, кәсіпорын мүліктерінің айналым үдеуінің өсуін көрсетеді
Мобильді ортаның айналымы	В/(А2+А3)	Барлық мобильді ортаның айналымын көрсетеді. Өсуі оң мінезделеді
Дайын өнімдердің материалды қайтып оралу мүліктердің айналымы	В/А2	Кәсіпорынның қоры мен шығысының айналу санын көрсетеді. Бағаның төмен түсуі өнеркәсіптік қордың салыстырмалы өсуін және аяқталмаған өнімдерді немесе өнімдерге сұраныстың төмендегенін көрсетеді
Дайын өнімнің айналымы	В/П1	Дайын өнімнің айналу жылдамдығын көрсетеді. Кәсіпорынның дайын өнімдеріне сұраныстың өскендігін және қор жинаудың төмендегенін көрсетеді
Дебиторлық қарыздардың айналымы	В/Д3	Кәсіпорынға тағайындалған коммерциялық несиелердің кеңейтуін көрсетеді
Дебиторлық қаржылардың айналу орташа мерзімі	(365*Д3)/В	Дебиторлық қарыздарды жабу мерзімін көрсетеді. Коэффициенттердің төмендеуі оң бағаланады
Несиелік қарыздардың айналымы	В/К3	Кәсіпорын алған коммерциялық несиенің кеңейуін және төмендеуін көрсетеді Өсу процесі қарыздарды қайтару жылдамдығын, ал төмендеуі несиеге сатып алу процессінің өсуін көрсетеді
Несиелік қарыздардың орташа айналым мерзімі	(365*К3)/В	Кәсіпорынның коммерциялық несие қайтару орта мерзімін көрсетеді
Негізгі мүліктердің қор айналымы және айналымға кірмейтін басқа да активтер	В/А1	Негізгі капиталды пайдалану тиімділігін және айналымға енбейтін активтерді мінездейді

Меншікті капиталдың айналымы	В/ПІ	Меншікті капиталдың айналу жылдамдығын көрсетеді. Өсімменің тез көтерілуі сату деңгейінің жоғарылағандығын көрсетеді. Төмендеу процесі меншікті айналымдағы мүмкіндіктердің айналымға енгендігін көрсетеді
------------------------------	------	--

Қаржылық стратегияның теориясы басқару нарықтық шарттарының заңдылықтарын зерттейді, күнкөріс қалпын әзірлейді және жаңа шарттарда мекеменің дамуын қамтамасыз етеді.

Қаржылық стратегияға:

- қаржылық қалып-күйді талдау;
- мекеме мүліктерін оптимизациялау;
- өнімді орналастыру;
- қолда бар және қолда жоқ есептесулерді ұйымдастыру;
- салықтық және бағалық саясатты ұстайды;
- құнды қағаздар аумақтық саясатын ұстайды.

Түбегейлі және оперативті қаржылық стратегияларды, бас стратегиялық мақсатты және жеке-дара стратегиялық есептеулердің орындау стратегиясын ажырата білу. **Түбегейлі қаржылық стратегия** дегеніміз ұзақ уақытта мекеменің қаржылық қызметтік стратегиясын айтамыз.

Егер кәсіпорын өз тәжірибесінде ұзақ уақыттық жүйені, орта уақыттық және ағымдық қаржылық жоспарлауда қолданылса, онда жоспарлау горизонттары дифференциалданады. Олар тәжірибеде құрайды: көп уақытылы жоспарлауда – 3ж. – 5 жылға дейін; орта уақытылық жоспарлауда – 1ж. – 3жылға дейін; ағымдық жоспарлауда әр кварталда ай сайын және де басқа қысқа мерзімдері қарастырылады. Оперативті қаржылық стратегия түбегейліге қарағанда барлық көктемдік кірісті, жоспарлау аралығындағы шығыстарды қамтамасыз етеді. Тек осындай түсімдер мен шығыстың құрамын талдау арқылы ақша ағымын ұйымдастыруға және кірістің шығыстан үлкен болуын ұйымдастыруға болады.

Түбегейлі қаржының стратегиялық функциясы өз миссиясын орындау үшін қажетті және жеткілікті қаржылық ресурстарын қамтамасыз ету болып табылады.

Қаржылық стратегия өз құрамында түбегейлі стратегиялық мақсаттарға арналған тәсілдер мен іс-әрекеттерді қамтиды:

- қаржылық ресурстарды қалыптастыру және оларды орталықтан стратегиялық басқару;
- шешуші бағыттарды табу және оларға ресурстарды шоғырландыру; ранжирлеу және мақсаттарға этап бойынша жету;
- экономикалық қалып-күй мен мекеменің материалдық мүмкіндіктеріне қаржылық іс-әрекеттерді бағыттау және қалыптастыру;
- қаржылық экономикалық жағдайды нақты есептеу және әр уақыт аралығындағы мекеменің нақтылы қаржылық қағдайын ескеру;

- стратегиялық резервтерді қалыптастыру және дайындау;
- мекеме мен конкурент арасындағы экономикалық және қаржылық мүмкіндіктерді есептеу;
- оңтайлану және конкуренттен шешуші үстемдікке жету инициативасы үшін күрес.

Кәсіпорын қаржылық қызметіндегі дәрежесі қаржылық стратегияның теориясы мен практикасын өзара байланыстыру арқылы; мекеменің қаржылық мүмкіндігі мен қаржылық стратегиясы сәйкес болғанда қамтамасыз етеді.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарлары

Кәсіпорынның қаржылық жоспарын әзірлеу және орындау процесінде қаржылық стратегияның орындалуында қамтамасыз етіледі, басқаша айтқанда фирма ішкі қаржылық жоспарлары ұйымдастырылады.

Фирманың ішкі жоспарлану бағытының келешегін ұйымдастыру бизнес-жоспарын тәжірибеге енгізу болып табылады. **Бизнес-жоспар** фирманың ішкі жоспарлау құнына, ол өз құрамында кәсіпорын өндірісіне және коммерциялық іс-әрекетін қамтиды, кәсіпорын күшін орнаған проблемаларды талдаймыз. Сонымен қатар қаржылық-шаруашылық есептерді шешу жолдарын қарастырады. Жұмыс істеп тұрған заңдылықтар бизнес-жоспар қателігін нығайтпайды. Экономикасы дамыған елдер мен өз еліміздің кәсіпорындар тәжірибелеріне сүйенсек, онда бизнес-жоспар құру өмір талабы екеніне көз жеткіземіз.

Бұл жерде техникалық өнеркәсіптік қаржылық жоспарларды (техно-промфинпланов) және оның құрама бөлігі төлем күнтізбесін басқару дерективті модельдер шарттарын құру реттері мен орындау аналогтарын айта кеткеніміз жөн. Төлем күнтізбесі кәсіпорынның барлық түсімдерін және шығыстарын байланыстыру жолдарын рационалды ұйымдастырады. Оларды құру міндетті емес, бірақ көп мекемелер төлем күнтізбесін тұрақты құрып отырды, себебі олар алдында тұрған қиын қаржылық жағдайлар аралықтарын болжай алды және осы уақытша қаржылық қиындықтарды шешу үшін қосымша ресурстарды табу жолдарын уақытылы қарастырып отырды.

Қаржы бөлімі бизнес жоспарды фирманың ішкі жоспарлау, төлемдік күнтізбе құжаттарымен теңестіруге болмайды. Жоспарлау тәсілдерінің кейбіреулері ғана ұқсас болады.

Бизнес жоспар тек қана оперативті және орташа мерзімі жоспарлау есептерін шығармайды және алдына стратегиялық мақсаттар қояды. Шетелдік партнерлармен іскерлік қатынастарды ұйымдастырады және кеңейтеді.

Бизнес жоспарды ұйымдастыру және шешу өзіміздің және шетелдік тәжірибелерінің талдамасы оның маңызды құраушысы болып қаржылық жоспар екеніне көзіміз жетеді. Бизнес жоспарының қаржылық бөлімі өз құрамына қаржылық нәтижелерді болжау; қосымша инвестициялардың қажеттілігін және қаржыландыру көздерін табу; ақша ағымын дисконттау моделін; шығынсыз нүктелерді анықтау және де басқа құжаттарды ұстайды.

Қаржылық нәтижелер болжауы әр түрлі тәсілдер мен қалыптарды қолдану арқылы шешіледі.

Қаржылық жоспарды ұйымдастырғанда мекеменің қаржылық дамуына қажетті ортаны анықтау. Инвестициялық жоба түрінде қарастырылған қаржылық жоспарлау бағасын қажет етеді. Қарастырылып отырған бизнес жоспар олардың экономикалық тиімділік негіздері шығын, олардың экономикалық тиімділігімен негізделуі қажет.

Онда қаржылық нәтижелерді болжау шындық болады, егер жоспардың басқа бөлімдерінде негізделген барлық көрсеткіштер негізделеді. Түсім болжау бағасынан анықталады, ол маркетингтік пысықтауға негізделуі қажет. Қаржылық нәтиженің болжау есептеулерінің дәлдігіне көп әсер ететін жеткізу көлемін жоспарлау және өндірістік шығыс. Оларды анықтау үстінде есептеулерді бірнеше жолдармен жүргізу қажет, себебі жоспарлау аралықтарында өзгерістер болуы мүмкін.

Сату көлемін болжау шығарылған өнімдерді дайындауға кеткен шығын, орындалмаған амалдардың пайдасы мен шығыстары және басқа құраушылары өнеркәсіптің қосымша резервтер өсу өнімділігін қарастыру және өнімдерді өткізу. Бұндай қосымша мүмкіндіктер бизнес жоспарды дайындау кезеңінде анықтайды, ол өнеркәсіптердің қызмет түрін ескеру арқылы құрастырылуы мүмкін. Қосымша қаражаттық мүмкіндіктерін бағалау өнеркәсіптің қаржылық шаруашылық қызметін талдау нәтижесінде пайда болады, ол шындық болу үшін оны бірнеше жолдармен шығару қажет, жоспарлық аралықтардағы әртүрлі шарттарды ескеру қажет.

Ақшалық ағымды дисконттау моделі қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелерін болжау негізінде пайда болады. Бұл жағдайда жалпы қаржылық нәтиже әр жылғы ақша ағымдарын дисконттау, мекемені сауықтыру қаржылық жоспарының орындалуы және жоспарлау аралығынан тыс жатқан ағымдық дисконттау бағаларының қосындысына тең. Ақша ағымын дисконттау моделін құру қажеттілігі және оны бизнес жоспарға енгізу кезектегі төлемді көрсете алмайтын қаржылық нәтижелерді болжауларын көрсететін шығын болып келеді. Мекеменің есебіндегі мүліктер кірісі шығысынан әр уақытта сәйкес келе бермейді. Ал есептегі мүліктердің баршылығы өнеркәсіп өсіміше табыс табуына сәйкес келмейді.

Болжаудың негізгі мақсаты ақша ағымының моделін құру жолын табу дегеніміз – ақша ортасының түсуі мен кірісі мен шығысының синхромды болуы, ал бұл дегеніміз – келешекте кәсіпорынды жою. Жоғарыда атап өтілгендей, бизнес жоспарды бағалау инвестициялық жоспарды бағалау болып табылады. Бұл жағдайда ақша ортасы жоспар басында инвестицияға бағытталады, ал келесі жылдары инвестирлеу нәтижесінде ақша түсімі толтырылады. Бұл соммалардың сәйкес келуі қосымша мүліктердің бағаларына өзгерістер енгізу арқылы анықталады, бұл процесс дисконттау процесі деп аталады. Бастапқы уақыт мерзіміндегі ақша ортасының мөлшері ағымдық құнын көрсетеді. Келесі инвестициялау ағымдық баға арқылы анықталады. Ол үшін олардың құны дисконттау коэффициентіне көбейтіледі.

$$\text{Ағымдағы бағаның коэффициенті} = 1/(1+p)^n,$$

мұндағы n – жыл саны, p – дисконттың таңдамалы ставкасы.

Ақша ортасының қозғалысы мекеме балансындағы активтер мен пассивтердің балансының барлық өзгерістерін көрсетеді, ал ақша ағымы – шаруашылық қызмет процесіндегі түсімдер мен шығыстардың ортасын салыстыру нәтижесі.

Қаржылық нәтижелерді болжау нәтижесінде ақша ағымының моделін құрамыз, бұл жағдай барлық өсу аралығындағы инвестициялық жоспарларды қарастырғанда пайда болады. Сонымен қатар ақша айналымының қалдық бағасының ағымды бағасын қарастырады. Ол ағымның барлық түрінің бағасын жоспарланған аралықтан тыс көрсетеді. Ақша ағымының жоспарларын аралықтан тыс уақыттағы қалдық бағасы

$$W_{\text{ост}} = CF_n(1+g)/r+g,$$

мұндағы CF_n – жоспарланған аралықтың соңғы жылындағы ақша ағыны;

r – дисконт ставкасы;

g – ақша кірісінің үстеме өсімшесінің жылдамдығы;

$(1+g)$ – ақша кірісінің өсімше жылдамдығы.

Таза ағымды бағаның мөлшерін есептеу нәтижесі әр уақытта оң шама. Бұл дегеніміз қажетті табыс деңгейінде инвестициялық табыс алып келеді. Бұдан соң ішкі табыс нормасын есептейміз. Ол дисконт ставкасының түрлерін таңдау арқылы ағымды бағаны нөлдік мәнге жақындатады, бірақ, ол теріс мән қабылдамайды. Бұдан соң осы процесс қандай уақыт аралығында анықталғанын байқаймыз. Бұл уақыт аралығы жоспардың өзін өзі ақтау дисконттау аралығы деп аталады.

Көрсетілген құжаттармен, аналитикалық және графикалық тәсілдермен қатар шығынсыз нүкте анықталады. Рентабельділік шегі іске асыру пайда арқылы анықталады, бұл жағдайда кәсіпорын шығысы мен кірісі болмайды. Рентабельділік шегін анықтау әдісі өте қиын, сондықтан тәжірибеде онымен қатар тепе-теңдік балансы болуы қажет.

Тест тапсырмалары

1. Кәсіпорын өніміндегі барлық ақша ортасының жиыны, сонымен қатар олардың құрылым жүйесі, орналасуы және пайдалануы дегеніміз:

- А) кәсіпорын қаржысын басқару
- Б) капитал айналымы
- В) кәсіпорын мүліктері
- Г) кәсіпорын қаржылары
- Д) кәсіпорын қаржылары

2. Қаржылық қатынас құрылады:

- А) өндірістік қызмет
- Б) қаржылық қызмет
- В) шаруашылық қызмет
- Г) өнеркәсіптік қызмет
- Д) кәсіпкерлік қызмет

3. Қаржылық қатынас тұрады:

А) басқа өнеркәсіппен кәсіпорындар қатынасынан

Б) кәсіпорын ішкі қатынасынан

В) өз қызметі бойынша жоғарыда тұрған кәсіпорындар мен партнерлар бірігу қатынасы

Г) қаржы-несие жүйесі қатынасынан

Д) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы дұрыс

4. Басқа кәсіпорындар мен мекемелердің қаржылық қатынасы келесі қарым-қатынастардан тұрады:

А) жеткізуші мен сатып алушы

Б) құрылыс монтаждық және транспорттық кәсіпорындар

В) өнеркәсіптік және социалдық кәсіпорындар инфраструктураларынан

Г) шет елдік кәсіпорындар

Д) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы дұрыс

5. Біріктіру жүйесіндегі қаржылық қатынас келесі амалдардан тұрады:

А) орталықтырылған ақша қорының орналастырылуымен

Б) орталықтандырылған ақша қорының құрылуымен

В) орталықтандырылған ақша қорының пайдаланылуымен

Г) орталықтанған ақша қорын құрудан және пайдаланудан

Д) жоғарыда көрсетілгендердің барлығы дұрыс

6. Күшіндегі заңдылықтар әр түрлі біріктірулерді құру мүмкіндігін қарастырады:

А) союздер мен ассоциациялар

Б) консорциумдар мен концерндер

В) холдингтер мен қаржылы өндірістік топ

Г) А) және Б) пункттері

Д) А), Б) және В) пункттері

7. Қаржы ресурстарын құрама түрде бөлу төмендегідей жүзеге асырылады:

А) қайтарымды негізде

Б) компенсациялық негізде

В) қайтарымды немесе компенсациялық негізде

Г) қайтарымды, компенсациялық және қаржылық негізде

Д) қайтарымды, компенсациялық, қаржылық және өнеркәсіптік негізде

8. Қаржылық жүйенің сақтандыру тармағымен қатынасы сақтандыруға жұмсалатын компания мүлкін санақтау болады:

А) кәсіпорын мүлкі

Б) валюталық тәуекел

В) коммерциялық тәуекел

Г) А) және Б)

Д) А),Б) және В)

9. Несие дегеніміз:

А) айналым түріне, өнеркәсіптің дамуының ұйымдастыру көзі

Б) негізгі қорлар мен өнеркәсіптің дамуының ұйымдастыру көзі

- В) айналым түрін ұйымдастыру көзі
- Г) өнеркәсіптің дамуының ұйымдастыру көзі
- Д) негізгі қорларды ұйымдастыру көзі

10. Банктер мен басқа да несиелік институттар кәсіпорындарға төмендегідей жағдайлар жасайды:

- А) лизинг
- Б) факторинг
- В) форфейтинг
- Г) траст
- Д) жоғарыда айтылғандардың барлығы

11. Ақшалық қорға нені жатқызуға болады:

- А) уставной және қосымша капитал
- Б) резервті және валюталық қор
- В) жинақтауыш және қолдану қоры
- Г) А) және Б) пункттері
- Д) А), Б) және В) пункттері

12. Оперативтік қорлар кәсіпорынның басты мақсатына ағымдағы есепті шығару болып табылады:

- А) айлық төлеу
- Б) салықты төлеу
- В) несиенің пайыздық төлеуі
- Г) ғылыми-техникалық мерамдарды қаржыландыру
- Д) жоғарыда айтылғандардың барлығы

13. Кәсіпорынның қаржылық қызметі құрылымдық бөлімшелермен анықталады:

- А) салықтық қызметпен
- Б) қаржылық қызметпен
- В) бухгалтериямен
- Г) бас бухгалтер
- Д) отдел кадрі

14. Қаржылық талдауға не қатысты:

- А) алдын ала жасалынған талдау
- Б) қаржылық тепе-теңдікке жасалған баға
- В) ликвидті балансты талдау
- Г) А) және Б)
- Д) А), Б) және В)

15. Ликвидті балансты талдау бағалауға мүмкіндік береді:

- А) кәсіпорынның несие бере алу жағдайы
- Б) кәсіпорын өз міндеттерін төлей алу қабілеттілігі
- В) кәсіпорын өз міндеттерін уақытылы төлей алу қабілеттілігі
- Г) А) және Б)
- Д) А), Б) және В)

16. Ликвидтілік анықталады:

- А) кәсіпорынның өз активтері мен міндеттемесін жаба алмауы
- Б) кәсіпорынның өз активтері мен міндеттемесін жабуы
- В) кәсіпорынның міндеттемелерін жабу мерзімімен
- Г) активті ақшаға айналдыру мерзімі
- Д) кәсіпорын балансының мерзімімен

17. Үлкен (наиболее) ликвидтер болу керек:

- А) Қысқа мерзімді пассивтерден үлкен немесе тең
- Б) ұзақ мерзімді пассивтерден үлкен немесе тең
- В) үлкен жедел міндеттемелерден үлкен немесе тең
- Г) тұрақты пассивтерге тең
- Д) жоғарыда айтылғандардың барлығы

18. Жедел жүзеге асыратын активтер болу керек:

- А) қысқа мерзімді пассивтерден үлкен немесе тең
- Б) ұзақ мерзімді пассивтерден үлкен немесе тең
- В) үлкен жедел міндеттемелерден үлкен немесе тең
- Г) тұрақты пассивтерге тең
- Д) жоғарыда айтылғандардың барлығы

19. Баюу жүзеге асатын активтер болу керек:

- А) қысқа мерзімді пассивтерден үлкен немесе тең
- Б) ұзақ мерзімді пассивтерден үлкен немесе тең
- В) үлкен жедел міндеттемелерден үлкен немесе тең
- Г) тұрақты пассивтерге тең
- Д) жоғарыда айтылғандардың барлығы

20. Қиын жүзеге асатын активтер болу керек:

- А) қысқа мерзімді пассивтерден үлкен немесе тең
- Б) ұзақ мерзімді пассивтерден үлкен немесе тең
- В) үлкен жедел міндеттемелерден үлкен немесе тең
- Г) тұрақты пассивтерге тең
- Д) жоғарыда айтылғандардың барлығы

21. Үлкен (наиболее) ликвидті активтер бұл:

- А) қорлар мен шығындар
- Б) қорлар мен шығындар, алдыңғы период шығынынан басқа
- В) материалды емес активтер, басты капитал, бітпеген капиталды салым
- Г) дебиторлық қарыз және басқа активтер
- Д) ақшалық жағдай және құнды қағаз

22. Жылдам жасалатын актив, бұл:

- А) қорлар мен шығындар
- Б) қорлар мен шығындар, алдыңғы период шығынынан басқа
- В) материалды емес активтер, басты капитал, бітпеген капиталды салым
- Г) дебиторлық қарыз және басқа активтер
- Д) ақшалық жағдай және құнды қағаз

23. Жай жүзеге асатын активтер – бұл:

- А) қорлар мен шығындар
- Б) қорлар мен шығындар, алдыңғы период шығынынан басқа
- В) материалды емес активтер, басты капитал, бітпеген капиталды салым
- Г) дебиторлық қарыз және басқа активтер
- Д) ақшалық жағдай және құнды қағаз

24. Қиын жасалатын активтер:

- А) қорлар мен шығындар
- Б) қорлар мен шығындар, алдыңғы период шығынынан басқа
- В) материалды емес активтер, басты капитал, бітпеген капиталды салым
- Г) дебиторлық қарыз және басқа активтер
- Д) ақшалық жағдай және құнды қағаз

25. Қаржылық стратегия өз құрамына

- А) қаржылық қалып күйді талдау
- Б) мекеменің мүлкін оптимизациялау
- В) табысты орналастыру
- Г) А) және Б)
- Д) А),Б) және В)

26. Бас қаржылық стратегия дегеніміз:

- А) кәсіпорынның қаржылық қызметін қысқа мерзім аралығында анықтайды
- Б) кәсіпорынның қаржылық қызметін орташа мерзім аралығында анықтайды
- В) жоспарланған аралықта мүліктердің түсімі мен шығысын қамтиды
- Г) кәсіпорынның қаржылық қызметін ұзақ мерзім аралығында анықтайды
- Д) жоспарланған горизонттарын дифференциялдау

27. Оперативті қаржылық стратегия дегеніміз:

- А) кәсіпорынның қаржылық қызметін қысқа мерзім аралығында анықтайды
- Б) кәсіпорынның қаржылық қызметін орташа мерзім аралығында анықтайды
- В) жоспарланған аралықта мүліктердің түсімі мен шығысын қамтиды
- Г) кәсіпорынның қаржылық қызметін ұзақ мерзім аралығында анықтайды
- Д) жоспарланған горизонттарын дифференциялдау

28. Бастапқы қаржылардың бас стратегиялық функциясы:

- А) оның миссияларын орындау үшін қажетті қаржылық ресурстар
- Б) оның миссияларын орындау үшін жеткілікті қаржылық ресурстар
- В) оның миссияларын орындау үшін қажетті және жеткілікті қаржылық ресурстар
- Г) негізгі қордың қажеттілігі және жеткіліктігі
- Д) кері қордың қажеттілігі және жеткіліктігі

29. Момент волдік уақыт моменті деп аталынады, егер:

- А) жобаның орындалу басында инвестицияларға қаржылық орталар бағытталады
- Б) жобаның орындалу ортасында инвестицияларға қаржылық орталар бағытталады
- В) жобаның орындалу соңында инвестицияларға қаржылық орталар бағытталады
- Г) қаржылық орталар резервте қалдырылады

Д) қаржылық орталар өндіріске бағытталады

30. Қосымша ортаның қосымша инвестрлеу ортасының туынды түзетулері жоспарлардың орындалу аралық уақытындағы нолдік жоспарлау уақытына қатынасын:

- А) банкинг
- Б) қаржылық ағым
- В) ортаның қалыпты күйі
- Г) дисконттау
- Д) ақша ортасының құйылуымен

7. КӘСІПОРЫННЫҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

✓ Қажетті сөздер: сыртқы экономикалық қызмет, сыртқы саудалық саясат, кеден баж салық, кеден құны, сыртқы саудалық келісім, шетел инвестициялар, шетел инвесторлар, инвестициялық климат, бос экономикалық аймақ.

ЖОСПАР

- Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметі: ұғымдар, субъектілер.
- Сыртқы экономикалық келісімдердің түрлері.
- Сыртқы экономикалық қызметтің бағыттары.
- Экспортты- импорттық операциялардың орындалу тәсілдері.
- Кәсіпорынның экспорттық саясатының ерекшелігі.
- Экспорттық құжаттар.
- Экспорт бойынша есептеудің формалары.
- Кедендік жинаулар.
- Экспорттық бағаларды есептеудің ерекшеліктері.
- *Импорт бойынша кәсіпорын операциялары және қарсы келісімдер.*
- Импортталған тауарлардың сертификациясы.
- Импортталған тауардың кедендік құны.
- Кеден баж салығы.
- Қарсы келісімдер.
- Шетел инвестициялары бар кәсіпорындар.
- Өнім бөлімі туралы келісімдер.
- Бос экономикалық аймақтар.

Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметі: ұғымдар, субъектілер

Сыртқы экономикалық қызмет (СЭҚ) шетелдік елдермен валюттік-қаражаттық және несие қатынастарда болатын, экономикалық-сауда, ғылыми-техникалық ынтымақтастық құралдарының және әдістердің жиынтығы болып табылады. *СЭҚ-тың өте маңызды жері* сыртқы сауда, ол халықаралық айырбас облысында тауарлармен, жұмыстармен, қызметтермен, хабармен және нәтижемен кәсіпкерлік қызмет сияқты анықталады.

СЭҚ кәсіпорын-қатысушы – бұл жекеленген мүлігі бар дербес заңгерлік тұлға, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқыққа ие болу құқығы бар, соған міндетті болу, сонымен қатар сотта, төрелікте және аралық сотта талапкер болу. СЭҚ-тын қатысушысы бола тұрып, кәсіпорын оның құрылтай

құжаттарында анықталатын қызметінің айқын сызып қойылған мақсаттары болуы керек. Сыртқы экономикалық келісімдердің мақсаттары мен мәселелері жарғыда немесе кәсіпорынның басқа да мекемелік құжаттарында айқындалғандармен қарама-қайшылыққа түспеуі керек.

Сонымен қатар, қоғамдық ұйымдар мен біріктірулер сыртқы экономикалық қызметтердің субъектілері ретінде бола алады. Олар халықаралық үкіметтік емес біріктірулерге ене алады, тұзу халықаралық контактілерді қолдай алады, лайықты келісімдерге отыра алады.

СЭҚ қатысушыларының дербестігінің бар болуымен қатар, мемлекет осы қызметтің өте маңызды аспектілерін жөнге салу құқығын өзіне қалдырады. СЭҚ-тың мемлекеттік жөнге салу негіздері концептуалды түрде ҚР заңдарында айқындалған. СЭҚ-тың мемлекеттік жөнге салуы белгілі бір экономикалық және әкімшілік әдістерге негізделген. Оларға импорт-экспорттық тарифті; квотирование, лицензирование және т.б. түріндегі кедендік-тарифті жөнге салуды жатқызуға болады.

Сыртқы экономикалық келісімдердің түрлері

Сыртқы экономикалық қызметтерде экспорттық, импорттық, реэкспорттық және қарсы келісімдер айқындалған.

Экспорт – бұл мемлекеттің кедендік аумақтарынан артынан қайтаруға міндеттемесіз тауарларды шекара сыртына тасып шығару және шетел азаматтарына қызмет көрсету мен интеллектуалдық меншік нәтижелеріне құқықтарды иеленуге мүмкіндік беру.

Импорт – шетел сатушыдан тауар сатып алу, сатып алушы елдің кедендік аумағына әкелу.

Реэкспорт – шетел сатушыдан тауар сатып алу, сатып алушы елдің аумағына әкелу, тап осы тауарды оның бастапқы күйінде шетел сатып алушыға алып-сату.

Қарсы сауда (қарсы келісім) ұйымдық – батып қалған экспортно импорттық операция болып табылады, мұнда экспортер өз тауар құнына сатыпалушының қарсы импорттық тауар құнының барлығын немесе бір бөлігін қосып алуға міндеттенеді. Қарсы келісімдердің мысалы ретінде тауар айырбастау негізінде бартерлік ынтымақтастықты қарастыруға болады.

Сыртқы экономикалық қызметтің бағыттары

Экономиканың даму заманында кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметін екіге бөлуге болады: біріккен кәсіпкерлік және шетел контрагенттермен сыртқы саудалық келісімдерге отыру.

Біріккен кәсіпкерліктің заңдық сұрақтары біріккен кәсіпкерлік құрылатын мемлекеттің азаматтық заңының және сауданың нормаларымен анықталады.

Сыртқы нарыққа келісім-шартты қорытындылау мен орындау заңға келесі позициялармен бағынады: СЭҚ бойынша халықаралық келісім және азаматтық заңдар нормалары. Сыртқы экономикалық келісімді орнататын екі жақтың

құқықтары мен міндеттері ол орындалатын орындарда іске асатын заңдық актілермен анықталады.

Сыртқы саудалық келісім – бұл екі немесе одан да көп жақтардың (контрагенттердің) сатыпалу-сату туралы, жеткізу, қандай да бір жұмыстарды өткізу, қызмет көрсету туралы келісім-шарты. Бұл келісім негізгі базалық құжат болып табылады, ол жақтардың заттық жауапкершілігінің материалдық өлшемін анықтаушы, сондықтан оны дұрыс құрастырылуына келісімнің соңғы нәтижесі тәуелді болады.

Келісім келесі бөлімдерден тұрады:

- жалпы жағдай;
- келісім заты;
- келісімнің бағасы және құны;
- тауар жеткізу мерзімі;
- төлеу шарттары;
- жүкті қаптау және таңбалау;
- арыздарды беру реті;
- санкциялар және айып төлемдер;
- форс-мажор және таластарды шешу.

Халықаралық тәжірибеде біркелкілік ету мақсатында халықаралық сауда палатасы «Инко – термс» деген халықаралық сауда терминдерді түсіндіретін жинағын шығарды. Контрагенттер арасындағы жаңылыстарды болдырмау үшін «Инкотермс» шарттарын қолдануына акцент істеледі немесе, керісінше, арнайы терминдердің қолдануы туралы шешім қабылдау.

Конвенцияны білу және оны қолдану кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметінде сатыпалу-сату келісім-шарттарын бақылауға арналған бірыңғайлы құқықтық тәртіпті қолдануға мүмкіндік береді. Бұл өте маңызды мәселе, себебі әртүрлі шетел серіктестері өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне байланысты бір мәселені шешуде әр түрлі жолдар таба алады. Мысалға, бір нақты келісім-шарт бойынша жөнге келетін мемлекеттің құқығын анықтау қиынға түседі. Сондықтан, қандай да бір позициялар жөнге келмейтін жағдайда келісім-шарттарда конвенция қолданылады және оған сілтеменің бар немесе жоқ болуына ол тәуелдісіз.

Халықаралық келісімдерді атқару барысында конвенцияны қолдану белгісі коммерциялық кәсіпорындарды – әр түрлі мемлекеттердегі келісім-шартқа отырған жақтарды табу болып табылады, сонымен қатар бұл мемлекеттер конвенция мүшелері болуы тиіс.

Экспортты-импорттық операциялардың орындалу тәсілдері

Қазіргі кезде кәсіпорындар экспортно-импорттық операцияларды шетел серіктерімен келісім-шарттарды жүзеге асыру арқылы *өз бетінше* орындай алады немесе делдалдың көмегімен – СЭҚ бойынша өз қызметтерін ұсынатын басқа кәсіпорындар. СЭҚ-тың құқықтық түрін таңдау кәсіпорынның қажеттіліктері мен экономикалық мүмкіншіліктерге тәуелді болады.

Сыртқы экономикалық қызметте басқа кәсіпорындар арқылы өз мақсаттарын іске асыратын экспорттаушы-кәсіпорын (импортер) тапсырмалық келісім-шарттарын, комиссия келісім-шарттарын және жеткізу келісім-шарттарын қолданады. Комиссия келісім-шартына және шетел контрагенттерімен келісімдерге отыру кезінде комиссионер-кәсіпорны (импортталғанды) экспорттайтын тауарды өндіруші-кәсіпорны (комитент) атынан алға шығады. Келісім-шарт жазумен қатар комиссионер бұл келісім-шартты белгілі шарттар бойынша орындауды өз міндетіне алады, жеке жағдайда комитент атынан. Нәтижесінде комиссионер-кәсіпорны екі жақтың келісілген келісім-шартының жалпы келісілген пайыз мөлшерінде комиссиондық сыйлық алады.

Егер тапсырмалық келісім-шарттары туралы әңгіме қозғалса, онда экспорттаушы-кәсіпорын (импортер) тиісті сыйлық беремін деп басқа кәсіпорынға өз атынан келісімдер жасауды тапсырады.

Кәсіпорынның сыртқы экономикалықтың қызмет түрлерінің және формаларының әр алуан болуы мемлекет сыртқы байланыстарының тиімділігін жоғарлатуына тиісті жағдай жасау керек. Бұл келесі жағдайларды шешуге көмектеседі: валюталық қорлардың және сауда көлемдерін ұлғайту, экспорт және импорт құрылымдарын жақсарту, сыртқы қарыздарды жабу, ынтымақтастық сфераларын кеңейту, капитал және технологияларды елге әкелу.

Кәсіпорынның экспорттық саясатының ерекшелігі

Экспорттық іс әрекет жасау барысында, кәсіпорын экспорттың мақсаты жөнінде, экспорттық қызмет стратегиялары жөнінде, сыртқы нарық талаптары жөнінде, қазіргі кезде және болашақта өз қабілеттері және қорлары жөнінде, бәсекелестерінің құлықтары жөнінде айқын көзқараста болуы керек. Басқаша айтқанда, ол белгілі бір экспорттық саясатты өңдеу керек.

Кәсіпорынның экспорттық саясаты стратегияларды және сыртқы нарықтағы кәсіпорынның қызмет принциптерін өндіруді болжайды, тауардың экспорттық ассортиментін құруды болжайды, сонымен қатар экспорттық өнімдерді жаңарту темптерін, бағаларын, сапа деңгейін, кепілдікті және сервисті қызмет етуді анықтайды.

Кәсіпорынның экспорттық саясатының өте маңызды құраушысы тауардың экспорттық ассортиментін құру және басқару болып табылады. Негізгі мақсаты келесіде, экспорттаушы белгілі бір тауарлардың жиынтығын дер кезінде ұсынған, бұл тауарлар оның өндіріс қызметінің профиліне сай және шетелдік сатып алушылардың белгілі категорияларының талаптарын толық қанағаттандырады.

Мұндай ассортимент құру – бұл нақты тауарлардың және олардың бөлек серияларының, ескі және жана тауарлар арасындағы, жеке және сериялы өндіріс тауарларымен, әдеттегі тауарлармен немесе лицензиялармен ноу-хау катынастарды анықтау проблемасы.

Халықаралық тәжірибеге сүйеніп, қандай да бір бұйым шығарған жөн емес, олардың параметрлік қатарын шығарған жөн, мысалы бір үлгідегі насостардың терімі, бірақ олардың өнімділігі бойынша айырмашылықтары

болуы тиіс. Параметрлік қатарлар мен ассортимент терімі кеңірек болған сайын, сатып алушының өз тауарын табу мүмкіндігі арта түседі. Бұл, өз кезегінде, сыртқы нарықта кәсіпорынның позицияларын бекітеді.

Экспорттаушы-кәсіпорындар сыртқы нарықта халықаралық бәсекеге тап болады.

Бәсекелік күрестің келесі түрлерін ерекшелеп кетуге болады:

- **Функционалды бәсеке**, ол кез келген қажеттілікті әр түрлі тәсілдермен қанағаттандыруға болатын жағдаймен тығыз байланысты; сондықтан осы қажеттіліктерді қанағаттандыруды қамтамасыз ететін барлық тауарлар, функционал бәсекелесшілер болып табылады;

- **көріністі бәсеке** – нақты қажеттілікті қанағаттандыруға арналған тауарлар маңызды параметрлермен ерекше болуының салдары;

- **пәндік бәсеке** ұқсас тауарлар тек сапалы мінездемелерімен ерекшелене алуының нәтижесі;

- **бағалық бәсеке** біркелкі тауарлар әр түрлі бағалармен ұсынылатынын болжайды. Фирманың түзу бағалық бәсекесі кезінде өндіріліп жатқан немесе сатылуда бар өнімдердің бағаларының төмендеуі туралы кең хабарлама жасалады;

- **бағасыз бәсеке** бәсекелестерге қарағанда, сенімділігі жоғары, бағасы кішкентай және заманға сай дизайнды ұсынуды алдыңғы қатарға шығарады.

Экспорт ішкі саудадан үлкен тәуекелімен ерекшеленеді. Өдетте коммерциялық және саяси тәуекелдер болып бөлінеді.

Коммерциялық тәуекелдер нарықта тауарларды сатумен, жүктерді тасуымен, сатып алушының тауарды қабылдауымен және тауардың құнын өтеу тілегі мен қабілетіне, сонымен қатар валюталық бағыттын тербелуіне байланысты.

Саяси тәуекелдер экспорт және импорт облысындағы мемлекет саясатымен анықталады, бірде: экспортқа немесе импортқа тыйым салу, ақшалы құралдарды аударуға және валюталардың конвертируемостына тыйым салу. Сонымен қатар ереуілдермен, соғыстармен және т.б. байланысты тәуекелдер.

Экспорттық құжаттар

Кәсіпорынның экспорттық қатынастарын реттеуші негізгі құжат ретінде экспорттық келісім немесе сатыпалу-сату келісім-шарты болып табылады. Келісім екі негізгі бөлімдерден тұрады.

Бірінші бөлім экспорттаушылардың міндеттемелерімен тығыз байланысты. Бұл бөлімде төмендегілер туралы мәлімдемелер көрсетілген:

- тауар сапасы;
- тауар саны;
- тауар бағасы;
- жеткізу шарттары;
- жеткізу уақыты және жеткізу орыны.

Келісімнің екінші бөлімінде импорттаушының міндеттемелері баяндалады:

- тауарды қабылдап алуын шарттары;
- төлеу шарттары.

Келісімді қалыптастыру барысында дәлсіздіктерді болдырмауға тырысу керек.

Келісімге отырғанда тәуекелдің ықтималдығын төмендету үшін келесі кезеңдерді анықтау қажет:

- кім тауар тасылуын қамтамасыздандырады;
- кім тауар тасылуына ақы төлейді;
- кім тауардың бүтіндігіне жауапты болады;
- кім тауардың опат болуына жауапты болады;
- кім тауардың бұзылуына жауапты болады.

Бұл функцияларды үлестіру «Инкотермс» деген халықаралық сауда шарттардың негізінде жасалады. Олар халықаралық сауда палатасымен жүйелі түрде публикацияланып тұрады. Тек жақтардың өзара келісімі бар болған жағдайда «Инкотермс» шарттары келісімнің құрама бөліміне айналады. «Инкотермс»-тің әрбір шарттары тәуекелдердің, шығындардың және сатушы мен сатып алушының арасындағы жауаптылықтың ерекше үлестірімін қадағалайды.

Экспорттық келісімдер тауарды жеткізу, сақтау, кедендік дайындау, тасу кезеңдерінде шетел серіктестермен келісілген келісімдердің атқарылуын растайтын, әртүрлі құжаттардың пакеттерімен қамсыздандырылған болу тиіс.

Келесі позициялар болмаған жағдайда экспорттық операциялардың құжаттық базасы толық емес болатын еді, мысалы:

- өндіріс экспорттық тауарлармен қамтамасыз ету;
- тауарлардың түсіруге дайындау;
- шаруашылық және сауда құжаттары;
- төлем-есеп операциялары;
- көліктік-тауар құжаттары;
- келісімдердің, тауарлардың сақтандыру және кедендік дайындаулары.

Тағайындалуына және мазмұнына байланысты құжаттар әртүрлі болады. Мысалы, егер тауарларды экспорттау жөніндегі құжаттардың пакеті жүкті тағайындау пунктісіне дейін шығарып салса, онда ондай құжаттарды тауарды шығарып салғаны деп атайды. Егер құжаттар тауар түсірімі жайлы болса, онда олар түсірмелі болып табылады.

Экспортталатын тауардың санын, сапасын және құнын бағалау үшін сауда құжаттары және шоттар арналған. Осылай, негізгі есеп айыратын құжат ретінде тауардың толық және дәл суреттеуін беретін сауда шот болып табылады.

«Сауда шоттар» деген құжаттық топ келесі функционал шағын топтарға бөлінеді:

- проформалар-шоттары, бұларда соманы төлеу жайында талаптар жоқ болады;
- фактуралар-шоттары, тауарды қабылдау фактісімен дайындалып жатындар;
- спецификациялар-шоттары, жеткізіліп тұратын тауарлардың кең номенклатурасында жазылып берілетіндер;

• алдын ала шоттары, тауарларды жарым-жартылай жеткізу кезінде қолданылады.

Экспорт бойынша есеп айыратын операцияларды деректік дайындаудан басқа жеткізілетін партияның санын сипаттау қажет. Ол өз алдына техникалық құжаттамада, спецификацияда, сыртын қаптқйтын қағазда жазылады.

Тауар сапасы сапа сертификаттарында бекітіледі, бұл сапа бойынша тауардың лайықты бұйымдарының берілген тобының стандарттарына немесе сыртқыэкономикалық келісім шарттарына сәйкес болуын қамсыздандырады. Сапа тағы мынадай құжаттармен расталады:

- кепілдемелік міндеттеме;
- байқау протоколы;
- түсіруге рұқсат.

Тауарлардың экспортын ұйымдастыру үшін транспорттық құжаттар пакетінің құрама бөліктерін білу маңызды, сонымен қатар оған жататындар:

• транспорттың түрге тәуелді (теміржол, авиа және т.б) тауарлық-транспорттық накладнойлар;

- теңіз бойымен тасу жағдайындағы коносаменттер;
- беру-қабылдау актілері;
- қоймалық куәліктер және т.б;

• жүк таситын кеден декларациясы, ол кедендік формалдылықтарды орындау үшін көрсетіледі.

Кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметінің тәжірибесіне жүк таситын кеден декларациясының енуіне ерекше назар аудару керек, бұл декларация халықаралық саудада бірыңғайлы құжат болып табылады.

Жүк таситын кеден декларациясы жүктерді кедендік шекара арқылы екі бағытта тасуға мүмкіндік береді, сонымен бірге шетелдік контрагенттер үшін заңгерлік күші бар келісімнің кепілі болады. ҚР-да жүк таситын кедендік декларациясын толтырудың реті бар.

Экспорт бойынша есептеудің формалары

Есептеудің формасы – бұл жүкпен бірге сонымен қатар төлеу құжаттарымен бірге жүретін тауарлық-транспорттық құжаттарды дайындаудың, тапсырудың, төлеудің тәсілі. Дүниежүзілік тәжірибедегідей, ҚР-дың шарттарында да көп қолданылатын есептеудің формалары:

- ашық шот бойынша есептеу;
- аударма;
- инкассо;
- аккредитив.

Аталған формалар қолма-қол есеп берулерде, несиеге бергенде қолданылады, бірақ шаруашылық операциялары жөніндегі көптеген халықаралық есептеулер банкілер арқылы қолма-қол емес формада өткізіледі.

Ашық шот бойынша есептеулерді контрагенттер бір-біріне жақсы таныс болатын келісімдерде қолдануға болады. Себебі, жабдықтаушыға (экспорт-

таушыға) тәуекелдің дәрежесі әрқашанда үлкен болады. Серіктестер тауарлар бойынша да, ақша құралдары бойынша да қарыз есебін жүргізеді. Тауарды түсірген сайын сатып алушының қарызы өседі. Ол қарызын ақшаларды тасу жолымен, немесе қарсы келісімдермен, немесе келісім-шарт шарттарымен сәйкес қандай да бір басқа жолдармен өтейді.

Банкілер арқылы аударма есептеу формасы жақтарының біреуі үшін жеткілікті түрде тәуекел болып табылады, бірақ сонымен қатар кейбір артықшылықтары да болады. Аударма бір банктің басқа банкіге *бенефициарға* (экспорттаушыға) айқын соманы төлеу тапсырмасы түрінде жүзеге асады.

Аударма факт бойынша тауарды өтеу немесе алдын ала өтеу (аванс) мүмкіндігін қарастырады. Есептеудің мұндай формаларын қолданатын кәсіпорындар біріншіден, аударма жылдам жүзеге асатындықтан уақыт; екіншіден, аударма арзан және қарапайым болғандықтан ақша ұтады.

Бірақ экспорттаушы жеткізілген тауар ақысының төлемін түгел алмай қалуға әрқашан тәуекел етеді, ал импорттаушы, алдын ала өтеуді жүзеге асырып, тауарсыз қалуға тәуекел етеді. Инкассо формасы тәуекелден қорғандық үлкен дәрежесін қамтамасыз етеді, себебі төлем құжаттарды ұсынуға қарсы түрде жүзеге асады. Сонымен қатар экспорттаушы өзінің банкісіне импорттаушының банкісінен немесе басқа банктерден төлем немесе тауарды түсіру құжаттарын көрсеткен кезде төлеуге жататын басқа құжаттарды алуы тапсырады. Осы жағдайда бұл құжаттық инкассо болады.

Егер тек қаражаттық құжаттар ғана қарастырылса, онда бұл «таза инкассо» болады. Бұл есептеу формасында банкілердің төлемге бақылау жасап отыруы позитивті болып табылады, бірақ бұл факт құжаттардың банк арқылы өте ұзақ өтуіне әкеледі, ал бұл өз алдына тауар ақысын төлеу тежеледі дегенді білдіреді. Экспорттаушы өз ақшасын алмай қалуға тәуекел етеді, себебі импорттаушы банкіге құжат түскен кезде төлей алмайтын болып қала алады немесе шекара сыртында ақы төлеуге рұқсаты болмай қалуы мүмкін. Инкассо формасы Халықаралық сауда палатасымен өңделетін инкассо бойынша бірыңғайлы ережелермен жонге салынады. Алғашқы рет бұл ережелер 1936 ж. шығарылған болатын, 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс жасайды. №522 жариялау.

Соңғысы, **аккредитив** — бұл банктің ақшалы міндеттемесі, қойылған тауарлардың құнының көлемінде сатып алушы шоты арқылы сатушыға төлеу нұсқауы бойынша жасау. Кейбір жағдайларда мұндай іс-әрекеттер сатушының құжаттарды көрсетуге қарсы орындалады, онда аккредитив құжаттық деп аталады.

Аккредитивтердің келесідей түрлері болады:

- дәлелденген (дәлелденбеген);
- отзывают;
- аудармалық;
- бөлінетін (бөлінбейтін);
- револьверлік;
- жабылған (жабылмаған).

Пайдаланушыларға арналған аккредитивтік есептеу формасының негізгі жетіспеушілігі оның үлкен құны болып табылады, ол аккредитивтің жалпы сомасына, сонымен қатар банк арқылы құжаттардың өту ұзақтығына тәуелді болады. Өз кезегінде, есептеудің бұл формасының артықшылығы түсіруге дейін болатын төлеудің сенімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл экспорттаушының операциясын орындалуының анықтаушы шарты болып табылады.

Кедендік жинаулар

Экспорттаушы-елдің салық тәртібінің проблемасы әртүрлі экспорттық келісімнің орындалуының нәтижесіне маңызды ықпалын тигізеді.

«Кеден тарифы туралы» ҚР-ң заңдары және кеден кодексі экспорт-импорттық ағымдар ұйымына кеден шекарасы арқылы мемлекеттік бақылау орнатады. **Кедендік тариф** шекарадан өткен кездегі сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларынан алынатын кедендік пошлина ставкаларының жиынтығын ұйғарады.

Кеден баж салығы (экспортқа және импортқа салынатын салық) – бұл тауарды шеттен әкелу және сыртқа шығару кезінде кедендік органдармен алынатын бір төлем өлшемі, ол оның кедендік құнынан пайыздық түрде саналады.

Кедендік құн – бұл елдің кедендік шекарасын өту кезіндегі тауарды өтеу үшін алынған немесе соған жататын баға.

Кеден баж салықтарын есептеуге арналған әртүрлі ставкалардың түрлері қолданылады, мысалы:

- **адвалорлық**, тауардың кедендік құнына пайыз түрінде есептеледі;
- **спецификалық**, тауар бірлігі үшін анықталған ставкалардан есептеледі;
- **книстырылғандар**, яғни жоғарыда көрсетілген ставкалардың ерекшеліктерін өзінде біріктіреді.

Тауарларды экспорттау кезінде ставкалардың кедендік баж салықтарының соңғы түрі қолданылмайды.

Адвалорлық ставкалар пайызбен есептеледі және 3-тен 25%-ға дейінгі шекарада өзгереді.

Спецификалық ставкалар еуроға есептеледі (немесе АҚШ долларында).

Кедендік пошлинамен салулардың иілгіш механизмін қолдана отырып, мемлекет, сыртқы экономикалық келісімдердің жүзеге асуын қадағалап отырады. Ертеде төленген пошлинаны қайтару түрінде льготалар қарастырылатыны кездейсоқ емес, оның ставкасын төмендету және кейбір топтық тауарлар бойынша пошлинаны төлеуден босату.

Экспорттық баж салықтарының ставкалары дүниежүзілік және ішкі бағалар арасындағы айырмашылыққа байланысты орналастырылады, сонымен қатар ол экспортқа арналған тауарлардың өндірісін ынталандыру қадағалайды. Халықаралық тәжірибе экспорттық тауарлардың бағасы дүниежүзілік деңгейден төмен болмауын болжайды.

Экспорттық бағаларды есептеудің ерекшеліктері

Сыртқы сауданың тәжірибесінде бағалардың, сатыпалу-сату келісімдерінің әртүрлі ерекшеліктеріне байланысты көптеген түрлері қолданады.

Сыртқы экономикалық қызметте кәсіпорын бағалардың әртүрлі түрлерімен кездеседі.

Бағалардың негізгі түрлері:

- **дүниежүзілік баға**, тауар түріне тәуелді анықталады: бір тауарларға – экспорттаушы-елдердің немесе импорттаушы елдердің бағаларының деңгейімен, басқаларға – биржалардың бағаларымен, жарыс саудалардың (аукцион), ал дайын бұйымдарға әлем бастаушы фирмаларының тауарларының бағаларымен, ол бағалар өнімнің осы түрінің өндірісінде және экспортында маманданданады;

- **ұсыныс бағасы**, офертеде көрсетілген (сатушы ресми ұсынысында) жеңілдіктерсіз;

- **тұрақты баға**, ол сатыпалу-сату келісім-шартында қарастырылады және өзгертуге келмейді;

- **жылжып бара жатқан баға**, ол кейбір шарттарға тәуелді түрде келісім-шартымен орнатылады (биржалық баға кесулер, құлдыраулар және т.б.) айқын датаға (мысалы, сатыпалушыға тауарды жеткізу, тауарды нақты алу және т.б.);

- **негізді баға**, ол тауар сортын немесе сапасын анықтау үшін қолданылады; ол келісім жақтарымен келісіледі және нақты қойылған тауар бағаларын анықтау үшін бастапқы база ретінде қолданылады. Қойылған тауар сапасын тәуелді негізді баға келісім-шартта анықталған жеңілдіктер немесе үстеулерге сәйкес азая алады немесе ұлғая алады;

- **фактуралық баға**, келісімде көрсетілген жеткізулер шарттарымен анықталады. Әдетте фактуралық баға тасу құнын, сақтандыруларды және кеден шығындарды өтеу ерекшеліктерін сипаттайтын «Инкотермс» терминімен толықтырылады;

- **мәліметтік баға**, әдетте, белгілі бір периодта жасалған келісімдердің деңгейін көрсетеді және негізгі баға құруға арналған келіссөздерде қолданылады. Мәлімет бағалар халықаралық ұйымдардың шығармаларында жүйелі түрде жарияланады.

Экспорттық бағаның ішкі бағадан негізгі айырмашылығы қосымша шығындарда, оларға:

- сатушылар мен сатып алушылардың комиссиялық сыйлық берулері;
- сатып алушы еліндегі импорттық кеден шығындары;
- транспорттық шығындар;
- сақтандыру бойынша шығындар;
- сыртын қаптау бойынша шығындар;
- ойда болмаған тәуекелдерді жабуға арналған резервтер;
- келісім құрастыру, сертификаттарды дайындау және т.б. қағаздар бойынша шығындар.

Импорт бойынша кәсіпорын операциялары және қарсы келісімдер

Тауарларды және қызметтерді импорттау кәсіпорынның сыртқы сауда қызметінің құрама бөлімі болып табылады.

Импорт — бұл тауарларды (қызметтерді) шетел сатушыдан сатып алу және сатып алушы елдің кедендік аумағына шеттен әкелу. Сонымен қатар **тауарлардың реимпорты** бар, экспортқа қойылған қазақстандық тауарлар тауарлардың реимпортының тәртібі туралы Жайдың анықтаған мезгілдерінде ҚР-дың кедендік аумағына қайта әкелінгенде кедендік тәртіп ретінде танылады. Бұл тәртіп, мемлекет жағынан экономикалық әсер етудің әдістері шектеулі түрде қолданылатындығымен қызықты, сонымен қатар кеден баж салықтары, қосылған құнға салық, акциздер есептелінбейді.

Сыртқы сауданың Отандық тәжірибесінде кедендік саясаттың ұзақ уақыт жоқ болуы ішкі тауар өндірушіні шетел тауарларынан қорғаудың әлсіреуіне әкелді. Нәтижесінде, импортты реттеу туралы әкімшілік және экономикалық шараларды қабылдау қажеттілігі туды.

Қазіргі кезде импортты реттеу әдістерін мемлекеттік жүйелеу келесілерді болжайды:

- импорттың лицензиялануы;
- шеттен әкелінетін тауарлардың бөлек түрлерінің қауіпсіздігін растайтын бақылау;
- импорттың кедендік құнын анықтуды тәртіпке салу;
- салықтар және тарифтер арқылы ҚР-ға шеттен әкелуді реттеу.

Импортталған тауарлардың сертификациясы

Импорттық тауар ҚР-дың ГОСТ-ына тиісті талапқа сай болу және лайықты растайтын құжаттары болуы керек.

Растау тәсілдері келесілері бола алады:

- ҚР-ға жеткізіліп тұратын өнімге, сертификация жүйелерінің ережелеріне сай, сертификат беру;

• ҚР-да мақұлданатын, халықаралық, екі жақтық келісімдермен сәйкес (шетелдік) сертификат беру.

Сертификаттар келесідей бола алады:

- сәйкестік сертификаты;
- сапа сертификаты;
- қауіпсіздік сертификаты.

Сәйкестік сертификаты – бұл берілген тауардың (жұмыстардың, қызметтердің) аты нақты стандарт талаптарына немесе ҚР-ғы ГОСТ сертификациялау жүйесі бойынша басқа нормативті құжат талаптарына сай болатынын растайтын құжат.

Сапа сертификаты – бұл сол сәйкестік сертификаты, бірақ стандартты тұтыну көрсеткіштеріне сәйкестікті растау үлкенірек болады.

Қауіпсіздік сертификаты сәйкестік сертификатына қарағанда шектеулі мағынаны қамтиды, атап айтқанда өнім (жұмыс, қызмет) қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша стандарт талаптарына тәуелді болатынын растайды.

Импортталған тауардың кедендік құны

Тауарларды және қызметтерді импорттау кезінде шетелден әкелінетін (соның ішінде ТМД елдерінен) тауарлар құны олардың нақты құнына сәйкес болуы маңызды жағдай болып табылады. Бұл, кем дегенде, екі фактормен байланысты: біріншіден, декларант мәлімдеген құн, кеден баж салығын және басқа да жинауларды есептеуде негіз болып табылады, ал нәтижесінде – бұл салық салу кезіндегі есептеу базасы; екіншіден, сыртқы экономикалық операциялардың жүйесінде жұмыс істейтін ережелердің арқасында мемлекет барлық бағытта импорттық ағымдарды жөнге салу механизмін құрады.

Тауарлардың кедендік құнын есептейтін механизмін анықтайтын ҚР-дың «кеден тарифы туралы» заңы негізгі құжат болып табылады. тауардың кедендік құнын есептеудің маңыздылығы сыртқы экономикалық қызметтің қатысушыларының және кедендік органдар ретіндегі мемлекеттің қызығушылығында.

Импортталған жүктің кедендік құны әртүрлі әдістермен есептеліне алады, сонымен қатар:

- шеттен әкелінетін тауарлар мен келісім бағасы бойынша;
- ұқсас тауарлар мен келісім бағасы бойынша;
- біркелкі тауарлар мен келісім бағасы бойынша;
- құнды шегеру әдіспен;
- құнды қосу әдіспен;
- резервті әдіспен.

Тауардың кедендік құны бірінші әдіспен анықталады деп жорық. Онда келісім бағасына ҚР-дың кедендік шекарасын өту барысындағы тауарды сатып алуға кеткен нақты шығындардың бар сомасы қосылады.

Нақты шығындар келесілерден құралады:

- тауармен қамтылуды есепке ала отыратын, өндірістегі шығындар;
- ҚР-ң кедендік шекарасындағы тағайындау станциясына дейінгі тасудағы шығындар, оларға тағы жүк тиеу, жүк тасу, жүкті түсіру және жүкті сақтандыру жатады;

- ыдысқа кеткен шығындар;
- делдалдық қызметтерге кеткен шығындар;
- қалған шығындар.

Осы кезең негізгі және кеден тәжірибесінде көп таралған болып табылады, бірақ оны қолдануда шек бар. Сонымен қатар операция қатысушылары бағаны құру жағынан бір-біріне тәуелді бола алмайды. Мұндай тәуелділіктің бар болуы оларға кеден декларациясын ұсынғанда декларантпен расталады немесе жоққа шығарылады. Серіктестердің өзара тәуелділігін растайтын белгілер, жетерліктей көп, мысалы қатысушылар кәсіпорынды бірге иемденушілер болып табылады, немесе еңбектегі қарым қатынаспен байланысты, немесе тумалас

байланыста болады және т.б. Кедендік құнды анықтаудағы қалған әдістердің қатарында жоғарыда көрсетілген әдіс бастаушы орынға ие болады, және оған 93%-ы келеді.

Кеден баж салығы

Кедендік құн ҚР аумағына шеттен әкелінетін тауарларға салынатын импорттық (шеттен әкелінетін) кеден баж салығын есептейтін база болып табылады. Мемлекет тауарларды импорттау кезінде валюталық төлемдердің негізделуін бақылауды жүзеге асырады. Импортталған тауарлар үшін және шеттен әкелінетін тауарлардың нақты құны үшін қазақстандық ВЭД қатысушыларының төлемі туралы мәліметтерді салыстыру негіз болып табылады.

Тауарлардың кедендік дайындауы ҚР-ң нұсқауларына сәйкес орындалады және «бос қарастыруға арналған шығару» және «реимпорт» деген кедендік тәртіптер бойынша ҚР-ң кедендік аумағына тауарларды шеттен әкелуді қарастыратын барлық келісімдерге таралады.

Қазіргі кезде импортталған тауарларды кедендік дайындау ҚР-дың кедендік органдарында ашық және импорттаушы банкісімен куәландырылған импорттық келісім төлқұжатын беруді талап етеді.

180 календарлық күннен арту мезгілін ескеретін шетел контрагенттермен жасалған келісімдер, тек қана, валюталық операцияларды жүзеге асыруға арналған капитал қозғалысымен байланысты ҚР ҰБ лицензиясы бар болғанда ғана жүзеге аса алады.

Кез келген импорттық операция шетел контрагенттермен есептесу мазмұнына тәуелді болады: тура, келісім қатысушысымен тікелей немесе делдалдық фирма арқылы.

Импорт бойынша келісім туралы бар хабар келісімге және жүк таситын кеден декларациясына негізделген. Импорт бойынша тауарларды есептеу, экспорт бойынша сияқты, партионномды кесуде өткізіледі.

Партия тауар түріне және жеткізу тәсіліне тәуелді болады. Сонымен, шикізат, азықты тауарлар, бұқаралық өндіріс тауарларының импорты ескеріледі.

Келісім шарттарымен сәйкес жабдықтаушы сатып алушыға әрбір транспорттық партияға шот жазып бергенде, бір шотпен дайындалған, есептеу бірлігі ретінде партия қабылданады.

Қарсы келісімдер

Қарсы сауда экспорттық және импорттық келісімдердің ерекшеліктерін өзіне біріктіреді. Қарсы келісімдерді өткізу кезінде экспорттаушы сатып алушы тауарының қарсы импорттық құнының барлығын немесе бір бөлімін өз тауар құнына қабылдауға міндеттенеді. Қарсы келісімдердің мысалы ретінде тауар алмасу негізіндегі бартерлік ынтымақтастық қарастырыла алады, бірақ бұл ынтымақтастық соңғы кезде кәсіпорын жағынан көп бұзулардың болу себебінен және ҚР-ң салықтық заңының орнығуынан сирек кездесетін болды.

Бартерлік келісімдер – бұл ақшалы түрде ақы төлеусіз, жақтардың әрекеттесуінің ең қарапайым түрі.

Қарсы сауда сонымен қатар келесілерде іске асырылуы мүмкін:

- біріккен кәсіпкерлік рамкаларда;
- өндіріс кооперациясы негізінде жатқан қарсы жеткізулерде;
- сатып алушы тауарларын сату кезіндегі сатушының қатысуында;

Соңғысы лайықты тауарлар үшін бағалар жөнінде келісу жақтар арасындағы ақшалы есептеуді болжайды.

Экспорт бойынша төлем шотына қарсы сауда бойынша төлемдерді келтіру негізгі іс болып табылады.

Мұндай келісімдерді жасау үшін екі бөлек келісімдер жасалады:

• **Экспорт бойынша келісім**, мұнда экспорт бойынша шарттан басқа сатушы міндетіне сатып алушыдан тауарды сатып алып қою жүктеледі;

• **импортқа келісім**.

Сондай-ақ, сатушы сатып алушының тауарды сатып алуы кезінде үшінші бет ретінде сауда жасауында көмек көрсете алады.

Сатып алушының тауарын сату барысында сатушы міндеттері әртүрлі бола алады, сондықтан қарсы сауданың бірнеше түрі болады.

Қарсы сауда түрлері:

• **қарсы сауда жасау**, бұл кезде сатушы экспорт бойынша белгілі кіріс сомасын үшінші жақ ретінде сатып алушының сауда жасауына төлеу міндетті;

• **алдын ала сауда жасаулар**, алдын ала өтем, «байлаулы келісімдер», сатушының тауарды алдымен сатып алуын шамалайды, ал содан соң өзінің тауарының экспортын шамалайды;

• **оффсет келісімдері**, бұл жерде контрагенттер бір жақтың экспорттық келісілген сомасына басқа жақтың міндеттемелерінің өшірілуі туралы келіседі;

• **тауарларды тапсырумен келісімдер, қаражаттық өтем, свитч үлгісіндегі келісімдер**, бұл алғашқы экспорттаушы өзіне алғашқы сатып алушы тауарларын сатып алу туралы міндеттемені алмаған жағдайы, ал бірақ үшінші жақпен олардың сауда жасауын қамсыздандыруға міндеттенеді.

Келісімдердің сондай түрінің экономикалық маңызы ұзақ мерзімді ынтымақтастықта контрагенттің пайдалануына беріледі: несиелік шарттарында қызметтің жүзеге асыруына арналған жабдықтау, материалдар, инжинирингтік және қалған қызметтер, ал ол бұл несиені осы объект өнімін жеткізу шотының арқасында өшіреді.

Сонымен, кәсіпкерлік ынтымақтастықты және өндіріс кооперациясын жүзеге асыру кезінде қарсы сауда сыртқы экономикалық қызметтің өте маңызды формасы болып табылады.

Шетел инвестициялары бар кәсіпорындар

Байланыстардың әлемдік тұрмыстық жүйесіне ҚР-н интеграциясы, елдің экономикалық дамуының ішкі қажеттіліктері заңды түрде, әр түрлі формаларда шетел инвестицияларының құйылуын талап етеді. Кері процесс – шетелде

казакстандық ақша қаражатын жұмсау, ТМД және алыс шетелде – өспелі мағынаға ие болады. Шетел инвестицияларын өзіне қарату туралы сұрақ экономиканың нарықтық өзгертулерінен бастап өзекті болды.

Жеке шетел инвестицияларының мемлекеттік несиелердің алдында бірталай артықшылықтары бар. Олар тауарларды, қызметтерді, ақпараттық жүйелерді және басқа өндіріс және өндіріс емес объектілерді өндіру үшін капитал көзі болып табылады, бұл ҚР-дағы инвестициялық ашаршылық жағдайында өте маңызды.

Олар алдыңғы технологиялардың, менеджмент және маркетингтің современді әдістерінің трансфертін камсыздандырады, түзу контактілердің және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың аркасында Ресей кәсіпорындарының және дүниежүзілік экономиканыңның интеграциясына жағдай жасайды.

Келесі жағдайдың мағынасы өте маңызды, жеке шетел инвестициялары сыртқы қарызды ұлғайтпайды, ал бірақ оның өшуіне арналған құралдардың шоғырлануына объективті түрде ықпалын тигізеді. Дүниежүзілік шаруашылықта өте үлкен капиталдардың бұралып жатқаны және дүниежүзілік экономикалық процестердің глобализациясы дүниежүзілік экономиканың өсуін камсыздандыратыны белгілі.

Әлем елдерінің барлығы дерлік шетел инвестицияларын өзіне қаратады. Бірақ шетел капиталы құйылуы үшін қолайлы **инвестициялық климат** жасау қажет, яғни шетел инвесторларына тартымды бағдарлардың және құндылықтардың жүйесін құру. Инвестициялық климат ең алдымен елдегі жалпы экономикалық, әлеуметтік және саяси жайлармен анықталады. Инвестициялық климаттың экономикалық, әлеуметтік-экономикалық, заңға сүйінген және саяси аспектілері болады. *Экономикалық аспектілер* валюталық, несиелік, салықтық жүйелерді қосады. Әлеуметтік-экономикалық аспектілер бұл жұмысшы күшінің құны, оның мамандығы, еңбекті заңдылық, экологиялық нормативтер және т.б. Заң шығаратын база, оның анықтылығы және жүйелілігі, инвесторларға арналған кепілдіктер және жеңілдіктер, саяси тұрақтылық және экономикалық саясаттағы жүйелілік өте маңызды.

Қазіргі кезде ҚР-ғы инвестициялық климат шетел капиталы үшін (отандық капитал үшін де) қолайлы болып табылмайды. Инвестициялық тәуекелдер өте үлкен, сондықтан, әсіресе парасатты шетел инвесторы, үлкен сақтықты көрсетеді.

Басқа жағынан, ҚР-сында шетел капиталы үшін көп тартымды моменттер бар. Бұл, ең алдымен, жоғары ғылыми-өндірістік потенциал, төмен еңбек ақы төленетін болса да, жұмысшылардың мамандығының және білім деңгейінің жоғары болуы, ірі әрі әр түрлі табиғи қорлар – минералдар, жер алаңдары, су, ормандар, сонымен қатар ішкі нарықтың үлкен сыйымдылығы.

Сондықтан ҚР-на шетел капиталының құйылуы төмен және орталық Европа елдеріне, әсіресе Қытайға шетелден түсетін инвестициялармен салыстыруға келмейді.

ҚР-да шетел инвесторларының қызметі, соның ішінде шетел инвестициялары бар кәсіпорындар ұйымы, федералды заңдармен, президент қаулыларымен және ҚР-ң Үкіметтерінің қаулыларымен жөнге салынады.

Шетел инвестициялары шетел инвесторлары пайда алу мақсаттарында (табыс) кәсіпкерлік және басқа қызметтік объектілерге салатын мүлктік және интеллектуалдық құндылықтардың барлық түрлері болып табылады.

Жұмыс істеп тұрған заңдар тыйым салмаса, шетел инвестициялары кез келген объектілерге салына алады. Олар барлық салаларда және халық шаруашылық сфераларында жаңадан жасалынып жатқан және модернизацияланып жатқан негізгі қорларды және айналым құралдарды өзіне қоса алады, егер олар мемлекеттік кәсіпорындар үшін кейінге сақталған болмаса, бағалы қағаздар, мақсаттық ақшалы құралдар, ғылыми-техникалық өнімдер, интеллектуальды құқықтың құндылығы, мүлік құқығы. Шетел инвесторлары пайлардың, акциялардың және басқа бағалы қағаздардың бір үлесіне шетел валютасы арқылы және елде еңбекпен тапқан тенге арқылы реинвестиция жасап, оларға ие бола алады.

Шетел инвесторлардың қызметінің шектеулі болуы, жоғарыда көрсетілгендерден басқа, банкілік және сақтандыру қызметіне қатысуға тиісті, сонымен қатар мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға тиісті болады.

Жерге және табиғи қорларға шек қоюлар болады.

ҚР-ғы тіркелген фирмалардың және компаниялардың ішінен (шетел инвестициялары бар кәсіпорындар, яғни ШИК) басым көпшілігі – ұсақ. Мұнай, газ, тағам, автомобильдік өнеркәсіп, қоғамдық тағам және байланыс сферасында жұмыс істейтін кейбір ірі шетел компанияларынан басқа, ҚР-да кішкентай мүмкіншіліктері және отанында белгісіз тәуекел фирмалары жұмыс істеуге тырысады. Бірақ ұсақ және орташа фирмалар ірі капиталға жол салады, нарықтық инфраструктураны жасауына ықпалын тигізеді және өзінде заңдық-экономика механизмін тексереді.

ШИК салықтардың және төлем міндеттемелердің көпшілігін басқа казахстандық кәсіпорындар сияқты төлейді, бірақ жеңілдіктерге ие болады.

Өнім бөлімі туралы келісімдер

Шетел капиталын өзіне қаратудың ерекше формасы – *өнім бөлімі туралы келісім*. Бұл әртүрлі елдерде кең қолданылатын тәжірибе, мұнда шетел инвесторлары пайдалы қазбалардың пайда болу жерлерін өңдеуге қатысады.

ҚР-ң заңдары ҚР-да жер қойнауын пайдалану облысында қолайлы инвестициялық капитал жасауға ықпалын тигізеді, себебі ол жеке капиталға – отандық және шетелдік капиталға – салық тұрақтылығына кепіл болады. Келісімдер пайдалануға берілген жер қойнауларының учаскелеріндегі минералды шикізатты барлау және шығару жөнінде болады.

Өнім бөлімі туралы келісімнің әрекет схемасы келесіде: Табушы өнеркәсіп кәсіпорны көптеген салықтарды және басқа төлемдерді төлеу орнына, мемлекетпен келісім жасап, онымен шығарылған өнім үлесімен есептесуге мүмкіндік алады. Бұл жағдайда «жер қойнаулары туралы» заңға сәйкес жер

қойнауларын пайдалану құқығына лицензияны алу қажеттілігі сақталады. Пайдаға салық салынады. Өрбір келісім индивидуальді, жергілікті шарттарға тәуелді түрде мемлекет үлесін анықтайды. Инвестордың алған үлесі ішкі және сыртқы нарықта іске асырылуы мүмкін. Өнім бөлімі туралы келісім азаматтық-заңдық реттеу негізінде іске асады, мемлекеттік органдар және жеке инвесторлар арасындағы таластар төрелік соттарда, соның ішінде халықаралық соттарда да шешіледі.

Бос экономикалық аймақтар

Бос экономикалық аймақтар (БЭА) немесе дүниежүзілік тәжірибедегі бос кәсіпкерлік аймақтар – бұл кедендік, салықтық, валюталық тәртіптерінің жеңілдіктері бар арнайы бөлінген аумақтар, мұнда шетел капитал өндірісімен бірегей, өнеркәсіпке және қызметтерге, саудаға және кәсіпкерлік қызметтің басқа түрлеріне де шетел капиталының құйылу, сонымен қатар экспорттық потенциалдың дамуы мадақталады.

Дүниежүзілік тәжірибе айқын шарттарда БЭА-ң мирохозяйственные байланысына ұлттық экономиканы қосуды тездететінін дәлелдейді, ел экономикалық дамуын бүтіндей ынталандырады, экономикалық өсу шегінің полюстері ретінде алға шығады. БЭА сыртқы экономикалық байланыстарды және аймақтық саясатты мемлекеттік реттеу үшін пайдаланыла алады.

Функционалды көзқарастан БЭА-ны келесідей бөлуге болады: сыртқы саудалық, мұнда алымсыз сауда транспорттық және қоймалық қызметтердің дамуымен және экспорттық өндіріспен сыйысады; биік технологияларды өңдеуге және игеруге, инновациялық процестерге тұспалданған, технологиялық парктер және технополистер; комплекстік өндіріс аймақтар, олар мартериал-сыйғызбайтын бұқаралық тұтыну (ойыншықтардан электроникаға дейін) тауарлардың экспорттық өндірісіне тұспалданған, оффшорлы аймақтар, мұнда шек қойылған аумақтарда тіркеу, салық салу, банкілік құпиялар және т.б. көзқарастары бойынша, шетел валютасымен резидент еместердің операцияларына арналған жеңілдік шарттары жасалады.

БЭА аумақтарында кедендік аймақтың бос (алымсыз) тәртібі қолданыла алады. Экспорттық өндіріс аймақтарының қатысушыларына салықтар бойынша маңызды жеңілдіктер жасалады.

Қалай болғанда да, БЭА ірі қаражаттық құралдардың салуларын, оларды ұйымдастыру және қажетті инфраструктураны жасау үшін талап етеді.

Қорыта келгенде, келесідей тұжырымдамалар шығарамыз:

